


ЖҰМАҒАЛИ
САИН



ЖҰМАҒАЛИ САИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҮІІ ТОМДЫҚ


ТОМ I

«Жазушы» баспасы
Алматы — 1977

Редакция алқасы:

ФАЛИ ОРМАНОВ, ЭДИ ШӘРІПОВ,
СЕРИК КИРАБАЕВ,
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ, ЕСЕТ ӘҮКЕБАЕВ,
САФИ ЖИЕНБАЕВ.

ҚҰРАСТАЫРҒАН АЛДАН САИЛ.



17

С 70403
402(07)77 доп-77

МЕНИҢ ӨМІРБАЯНЫМ

Мен 1912 жылы, осы күнгі Көкшетау облысы, Арық-балақ ауданы, қазіргі «Искра» колхозына қарасты «Баян» деген көлдің жағасында туылпын. Экем Сая Тілеубердіұлы деген кісі кедей адам болған.

Мен аке-шешеден бес жасар күнімде жетім қалдым. Міне, осы балалық шагымнан маган түрмистың неше алуан белестері кездесті. Жәбір-жапа дегенді біз көп тарттық. Ағайындарымыздың мал кезектеріне барып, біреудің қозы-лагын бағып күн көрдім. Экемнің інісі — Сыздық Тілеубердіұлы екеуміз орыс байлары — ағайынды Овдеев дегендердің қойын бақтық.

Осы жағдайларға байланысты қалың қайғы, тұңғышық ойдың соңында жүремін деп, малдан айрылып қалып, талай таяқ та жедім. Сөйтіп өмір талқысы мені қаршадай күнімнен-ақ өз қыспагына салды. Мен түрмис қыындықтарымен ерте алистаным, өмірдің соңына көз жасымды көл етіп, еңіреп-біздел жүріп түстім. Ол кезде менің көз жасым қандай көл болса, өмір мен үшін теңіз тәрізді елестеуші еді. Ол теңізді кешіп өтермін, адам болып ел қатарына қосылармын деген үміт менде жоқ еді.

Мен осылайша 11 жасқа шықтым, қозы бағудан бастап, малишалар қогамының «аристократтары» жайлайтын жылқышылар дүниесінің есіеін қақтық. «Бала жылқышы болуга талаптанып, жаздай жылқы күзетіне араласып жүргенінде, 1923 жылы біздің ауылға жетім балаларды «приютқа» алатын «жарлық» сап ете түсті.

Біздің ендігет бет — Көкшетау болды. Жалғыз қамқорым — Сыздықпен қоштасып, үзақ жолға сапар

шектім. «Хош, қарагым, қайда барсаң да құдай алдың-
нан жарылғасын!» — деп ағай қала берді.

1923 жылы күздігүні мен Қөкістастау қаласындагы
деткоммунаға орналастым. Көз ашиларына көз жетті.
Мектеп табалдырығын аттадым.

Каңғып жалғыз айдалада,
Айдалада қалғанда,
Анам өліп қайғы-жара
Бар денемді алғанда
Басым дал бол еңгрегенді,
Көзден ақжан ыстық қан,
Пана болмай ешбір пендес,
Зар илегем, жылағам.
Сонда маған ана болған.
Құшақ жайған «кел» деген
— Ей, күнәсиз жетім үлан,
Мә, сүтімді ем, деген —
Ұлы Ленин партиясы,
Саған тарттым жырымды,—

дейтін (тарту) өлең міне осыдан туған.

Өмір — поэзия. Поэзияның күшті болуы — оқыған
адамның ойын, жүргегін тербелеті шындықты жырлауы-
нан. Сондықтан көркемөнердің негізгі арқауы шындық
болу керек.

Деткоммунада өзім сияқты жетім балалар көп екен.
Сол көп бала бір ананың баласында болып, оқуға кі-
рістік.

Осы деткоммунада пионер қатарына кірдім, одан ке-
дін комсомол қатарына өттім. Осы мектепте оқып жүр-
генде, 12 жасымда, 1924 жылы Октябрь революциясы-
ның 7 жылдық тойына арнап, қабырға газетіне өлең
жаздым (аты есімде жоқ). Ол өлеңім басылып шықты.
Осыдан кейін балалар арасында «ақын» атанип кеттім.

Будан кейін өмір — біркелкі, қызық, ілгері басу, оқу,
шер іздену жолындағы өмір болды.

Біз — бір үйде жататын 60 бала едік. Осы алпыс ба-
ланың барі де мен сияқты жетім, тұрмыс тепкісіне түс-
кен, жүргегін зар мен мұң ғасқан жандар еді. «Ұң» деген-
де жалын атқан алпыс жаралы жүректің үйтқысы жарық
күні бірге — совет үкіметі.

Отанды сую, адамгершілік деген сөздердің мағынасын
мен осы деткоммуна өмірінен сездім.

Мен көркем әдебиеттің құмартылған оқыдыым, сол оқыған кітаптарымнан менің көбінесе іздептінім — ел үшін қан майданға бел байлайтын, кісілігі артық адамдардың өмірі мен қимылы болушы еді. «Чапаев», «Гаррибальди», «Спартак», орыс классиктері мен батыс классиктерінің шығармалары, сөз жоқ, менің ой-өрісімнің кеңуіне, дүниес тануыма үлкен есеп етті.

1928 жылдың жетіжылдық мектептің бітіріп, деткоммунаның алтын босағасын аттап, Қызылжар қаласына тарттым. Артымда қимас достарым мен «қара шаңырағым» қалды. Бірақ сол деткоммуна өмірі менің жүргеімнен мәңгілі орын алды. Мен ол күндерді мәңгі естен шығармаға айт еттім.

1927 жылдан бастап, мен жаз айларында ауылда сауатсыздықты жою ісіне араластым. Қекшетау ауданының үшінші ауылы мен он үшінші ауылдарында жаз мұғалім болдыым, бір жағынан комсомол үяларын ашуға қатынасып, жастандарды комсомол қатарына тарттым. «Кеңес ауылы» газетіне тілші болып, қалың малға қарсы, малиш жамдаган байларға қарсы күрес жүргіздім. Бұл мерзімдерде өлең жазуды тоқтатқаным жоқ. Әйтсе де 1929 жылға дейін жазған өлеңдерімді баспаға беруге үлтисының журдім.

1930 жылдың Москва қаласындағы «Цветметзолото» институтында, 1931 — 32 жылдың ҚазПИ-де оқыдыым. Бұдан кейін деңсаулығымың менің нашар болуы себепті оқудан шықтым.

Патриотизм дегеніміздің күре тамыры Отандың сую салынінде жатқан тәрізді. Өз елін, өз Отаның шын сүйемелі адам өз елінің азаматы бола алмайды. Өз елінің азаматы болмаган кісіден батырлық, табандылық та шықпайды.

Отандың сую — өз жаныңды сол Отан мақсатына түгел арнау, керекті кезеңде өміріндегі қию — міне, меніңше патриотизм дегеніміздің толық мағынасы осы.

Мен бұл ойга соғыстан бұрынғы кезде-ақ талай тоқтагамын. Бұл ойды менің алдыма бірінші рет тартқан адам, шынында Виссарion Белинский. Ол кісінің «...что вошло глубоко запало в душу, то само собою проявится вовне...» деген қагидасты болатын.

Міне енді жүрекке орнықсан адамшылық қазынасы мен өз басыңдағы кісілік адамдық қасиетіндегі сынайтын бір кезең келді, біз майданға араластық.

Бұл сын — бұрынғы сындардан анағұрлым ауыр сын болды. Әрбір командирдің алдында өз адамшылығын — Отан алдындағы өз борышын атқару міндепті жүз есе өсті, жүз есе ауырлады.

Колдагы солдаттардан партизан отрядының құрдық. Енді соғысты жаудық, қанішер гитлершілдердің өз тылында жүргізу керек болды.

Канга — қан.

15 аugуст күні (42 жылы) біз Луганск облысының «Боровая» өзені жағасында немістің «СС» атты жазалаушылар отрядымен соғыс жүргіздік. Бес сағатқа тарта созылған бұл соғыс тым қызыу болды. Бұл шайқаста бізден 7 кісі жоғайлараланып, Щербаков пен Губдулов деген екі аяулы жігітіміз қаза тапты. Менің «Айтылмай кеткен аманат» деген өлеңім осы екі достық өліміне арналған. Партизан отрядында жаралы болған күніме деін мен 12 үрысқа және бірнеше қыын операцияларға қатынастым.

1942 жылдың октябрь айында бізге қарсы немістер 1500 дәй жекерін жұмсан, қатты соғыс ашты. Осы соғыста мен ауыр жараландым.

Менің жолдастарымның бәрі орыстар еді. Олар мені екі айдан астам шықтарына салып алып жүрді. Нелер қыын соғыстарды бастиранан кешіріп, менің тағдырыма өз тағдырларын біріктірді. Мен үшін өлік кетуге белдерін бекем буды. Мен оларды өмірде ұмыта алман. Ұлы орыс халқының бұл адамгершілігін өтеуге менің өмірім жетпесе, өз балаларыма, үрпақтарыма борыш етіп артартмын.

Менің «Сагындым сені, достарым», «Еске алу» деген өлеңдерім осы ұлы достыққа — шын достыққа арналған.

Күн мен түні бірдей хаяїpte, жатқан жері жердің асты, не жарага ем істейтін дәрігер жоқ, не ішерлік тамағы жоқ адам қаншаға шыдар. Мен қалжырадым. Енді ақ өлімді күткен сияқтандым. Мен үшін азапқа түсіп жүрген жолдастарымның халдері де менің жаныма батайын деді. «Енді мені бір жерге апарып жасырыңдар», — деп, жолдастарымнан өтініш еттім. Олар өтінішімді қабылдады. Луганск облысы, Рубежненской ауданындағы Пишенчный хуторында тұратын, бізден астыртын байланысы бар Маслов Михаил деген мугедек Донбастың ескі шахтерінің үйіне апарып мені жасырды.

Біздің дәуірдегі үлттар достығының күндей қуатын,

ыстық жүргегін мен, міне, осы украин шалының үйінен көрдім, заман ұлы, өз елінің азаматы болу дегеннің қасиетін де мен осы үйде жатып түсіндім.

Қекірегімді оқ тескенде,
Маңдаіым саған тиген жер.
Талықсың үнім өшікенде,
Өзсім деп сүйген жер...

Шалың әкем болған жер,
Бейнетіме көнгөн жер,
Кемпірің анам болған жер,
Көбіңен құрмет көрген жер!—

дейтінім осы.

Бұл советтің шын патриотының үй-ішіне талаі хаяїп төнді. Бірақ олар мені дүшиштапта берген жоқ. «Мен өлім аузында жатқан адаммын гой. Мен үшін өз бастарыңды оққа байламаңдар. Мен сіздерге ризамын. Мені бір түнде қала сыртына шығарып тастаңдар»,— деп мен талаі зар иеледім. Бірақ үлкен жүргегі бар, Отанын шын сүйген украин халқының адад ұлы мені қимады. «Өлсек бірге өлеміз»,— деді қарт. Мен осылайша өлімнен қалдым. Мен осылайша әке тауып, украин ұлы болдым.

Тұған жердей сен қымбат,
Қекірегімнен қан тамған.
Өн бойымды оқ шарлап,
Маңдаіымды күн шалған...

Менің кейінгі жазған шығармаларымда достық, украин, орыс халқы туралы жырлардың көп кездесетіні осыдан. Мен өзімнің ендігі қалған өмірімді осы ұлы достық пен тамаша халықтың әкеleiк-туысқандық борышын ақтау жолына жүмсаймын. Біздің өмірдің қысқаша үзін-ыргасы осы.

Жұмагилли Син

ӨЛЕНДЕР

«КОЛХОЗ ЖОЛЫНА»

(«Колхоз жолы» газетінің тұғыш шығуына)

«Колхоз жолы»
Көптің қолы,
Көн дегенім еңбекші.
Газет айна,
Айдан айга!
Көнтеп өсіп еңбекші.
«Колхоз жолы»
Көптің қолы,
Жай тамырды ауылға!
Айтып акыл,
Іске шақыр,
Өссін өпім ауылда!
«Колхоз жолы»
Көптің қолы,
Колхоздың дос тілі бол!
Көншің көркей,
Көншің есей,
Бізден сізге тілек сол.

1930

БІР СҮЛУҒА

Ей, сұлу қыз,
Сен ашы түз,
Дәмсіз онсыз махаббат.
Тісің алтын,

Жүзің жалқын
Бейне көзің қарақат.

Ей, сұлу қыз,
Сен ашы тұз,
Етіп жүр ғой келеке.
Бетің қызыл,
Мейлің сыйыл,
Болмас сенде береке.

1930

МӘЗ ЕМЕС

Мещанкаға

Қызыл ерін,
Жалғыз көрім,
Бетіңе «ұнды» жағынсаң.
Үйден безіп,
Көше кезіп,
Жүрттың көзін бағынсаң.
Еппен тұрып,
Көзің күліп,
Назданасың «сарына»
Бүгін мынау,
Ертең анау,
Қарамайсың арыңа.
«Мен сүйемін,
Мен күйемін»
Жаттанды бұл «ойының».
Бұл жүрістен,
Бұл сүйістен
Болар ма бір тойымың?

Саған қарап,
Жұлдыз санап,
Жүрген жастар аз емес.
Сені бағып,
Қалта қағып,
«Олжасы» алған мәз емес.

1930

ТАЗАЛАНГАН ТӨРЕ

Таң да атты, күннің көзі күлімдеп,
Жердің жұзін оятатын нұрым деп,
Шашқанда нұр, сайрағанда бұлбұлы,
Еңбекші жас менің сүйер ұлым деп.

Жастығынан барлық халық бас алды,
Бетін жуып алдарына ас алды.
Күрсінді де бір жуантық алтын тіс,
Кемсендеді шын көзінен жас алды.

Жасын тәгіп құдайына жалынды,
Алғаның ба шыныменен багымды,
Үйтін, бүтіп тесік тауып ертеде,
Большевикке кісі боп ем жағымды.

Енді міне шықты қуып орнымнан,
Талпынсан да түк өнбейді қолымнан.
Бой таса гып басқа жакқа барсам да,
Кудалайды, тапи ма әлде тонымнан.

1930

ДАЛА

Ұз, дала, күпің күліш, түнің жылып,
Пердеңді бетіндегі қойдың сырып,
Дол бүтін сансыз еңбек төсің көрді,
Нешеме жыл үрланған сырың біліп,
Оскен күй, билеген би тамырыңа,
Балқытып маужыратып кетті сіңіп.

Жайрандап жадырадың сырынды аштың,
Тұрлендің еңбек деген күйге бастың.
Көгеріп күннен-күнге, жылдан-жылға,
Анкытып дүниеге гүлің шаштың.

Күн дала, күнім дала, гүлді дала,
Жыртылған жүректегі бітті жара.
Күлімдеп көкке серпіп нұрлы түсін,
Тұр жапты және-дағы қызыл ала.

Көк құрақ, жасыл шалғын түрлі-түсті,
Ие болын жайса кеше құшты.
Құл болып көсегесі талқандалып,
Быт-шыт шаңырагы аспанга ұшты.

Тап бүгін қожа сағаң еңбекші ел,
Ағызған еңбек етіп маңдайдан тер.
Міне, олар шалғының малыш жайды,
Ал, дала, гүлдене бер, түрлене бер!

Беттеген келешекке сенің елің,
Басшы ғып Компартия кеменгеріш,
Ігі іс, екпінді еңбек таудай талап;
Жетуге нысанага құшті сенім.

Кең дала, кенді дала, көне дала!
Гүлденіп еңбекпенең болдық жаңа.
Төрінде жақсылықтың сәулесі ойнаң,
Әнекей жаппай қимыл ауыл, қала.

Ұлы екпін, құшті екпін өне берсін,
Жаңалық ен далага еше берсін!
Не қылыш бөгеттерді жолдаң сырыйп,
Біздің көз табыстарды көре берсін!

1931

ДАУЫС

Беріктік қаула жүректе!
Тап жолынаң таймайтын.
Жалыңда күш білекте,
Майданда барлық талмайтын.
Даусым дауыл, сөзім от,
Шыжылда жаулар қапсырап.
Капиталға ажал оқ.
Даусым тапқа шам-шырақ.
Құйыл жыр, теңіз-телегей!
Үде шабам,— шабысым!
Бар майданды жебелей,
Тілімнің уы шашылып,

Тап дүспаны улансын!
Майданга қару асынып,
Шығам, жаулар «туласын»
Сытырла, қалам, жорғала!
Орында ойдың қоргала,
Тұлпарым, сенсің жүйрігім,
Түсейін топқа тайсалмай,
Даңқсыз талап болса да,
Қарыштап жазам денемді,
Толмаса да, толса да.
Ағында, екпіш, ағында,
Бүркырат шашын даланың,
Дауысым тантық жаңылма!
Қайнатам қару, қолда алмас,
Майданга кірдім тап үшін,
Сайра, жағым, тіл талмас,
Саңқылда, жас дабысым.

1931

АҚ АЛМАСТАЙ ЖАРҚЫЛДА (Ақындарға)

Тасыған тасқын тасқанды,
Асқар белдең асқанды.
Асқар белдең асқанды,
«Абылай аснае асудың»
Тобесін таитан бақанды.
Тисқындай ұлы құресней
Еңбекші көйи ашқанды,
Күл көмірде күн болған,
Езілін байды күң болған.
«Өмірдің құлды» құл мен күн,
Тасыған тасқын күйіне,
Шыркыратып даусып қосқанды
Бүрін «әлік» қазір ел.
Тұрлін тірлік қылғанда,
Масайран орман, қыр мен бел,
Қызуда төсті үрганда,
Жабыла жаппай аттанып,
Ұлы іске бет бүрганда,

Бірлігі берік кең үміт,
Колхозын елім құрғанда,
Ұлы күшке шыдамай,
Жау әлсіреп тұрғанда,
Дауыс қосып жырламай,
Өмірдің сырын сырламай,
Тілдің майын ағызбай,
Еңбектің балын тамызбай,
Қу малтасын күнде езген,
Құр мылжың ақын — ақын ба?
Ақын болсаң алғыр бол!
Сайрап жатқаш әне жол,
Әне майдан, әне топ!
Әне дүбір, әне көп!
Сайрағыш болсаң сандалмай,
Қәне жүрттап бұрын көр!
Сыршыл ақын, сырлы ақын!
Түршіл ақын, түрлі ақын!
Қысқасы, сегіз қырлы ақын!
Құлпыр, қозғал, жырла, ақын,
Жырлай алмай жал тапқан,
Не пайда ондай жалтақтан.

Тап ақыны, тартынба,
Бұл екпінді қарқында.
Сөз кезегі келгенде,
Ақ алмастай жарқылда!
Қүнде жаңа түр тауып,
Ақ иықтай саңқылда
Ағыта сөйле, күй күйле!
Үдей сал, үде алқынба!
Артта қалма, алға үмтыл,
Ілес ұлы каркынға!

1931

ТОЛҚЫН

Толқын жаңа өмірдің,
Тілеген шын тілегі.
Толқын істі қайшатып,
Қызыра да біледі.

«Қара қаншық» қыңсылап,
Толқынга қарап үреді.
Гүнеріп толқын ағындаپ,
Жалтартпай жауын бүреді.
Тұн көрпесін дал-дал ғып,
Әлемнен толқын түреді.
Тасады тасқын көпіріп,
Құңіренеді, күледі.
Алған беттен бір қайтпай,
Толқын алға басады.
Сумаңдал жортып, сыйрытып.
Талай қырдан асады.
Атардай сеніді сермеге,
Толқыншын жауы қашады.
«Қемілем, толқын қемет» деп,
Қалышылдайды сасады.

Су толқыны ақырып,
Кейде сылқ-сылқ қүледі.
Қаһарын қайта шақырып,
Сыргиды сендер, жүреді.
Су толқыны мұздаған,
Пердесіп судың сырады.
Біздің толқын зымыраған,
Максатқа жетіп тынады.
Су толқыны бүрқанып,
Аудармақшы кемені.
Біздің толқын бусанып,
Әлемге нұр себеді.
Су толқыны осқырып,
Еителен жарды тебеді.
Біздің толқын тез жүріп,
Еңбектің балын емеді.
Біздің толқын іс толқын,
Іске мойны бүрады.
Біздің толқын күш толқын,
Социализм құрады.
Біздің толқын айғыздап,
Жүргегін жаудың тіледі.
Биікке шығып, нығыздап,
Ленин туын іледі

БІЗДІҢ МАЙДАН

Социалистік өмірді,
Жырлаганда жыр қылып,
Сырлағанда сыр қылып,
Бұлкілдесін көмекей.
Дауысқа-дауыс қосылып.
Сөз қүйіндай есіліп,
Тіл күрмелмей шешіліп,
Басылсын баптап бөлскей.
Ұласқан ұлы ағында,
Гүлденген өмір шағында,
Сан жаңалық табында,
Миллион білек бабында,
Миллион адам сабында,
ТАП дауысы саңқылда,
Дабылда жыр, дабылда!!
Майдан десе лепіріп,
Екпіндең көкке секіріп,
Толқындай тулайды жүрегім.
Майданға қалам жорғалап,
Қагазға сия сорғалап,
Бұлкілдейді білегім.
Майданда бізге не табыс?
Майданшан қандай олжа алыс?
Майданда кімдер белсенді?
Майданға көзді қадаған,
Майданды сонша балаған,
Олжа не алар ертеңгі?
Майдан не? Қан ба, атыс па?
Майдан — не ұрыс. шабыс па?
Майданға кімдер қарады?
Майдан, майдан, майдан деп,
Майданға тегіс сайлан деп,
Кімдер ұран салады?
Социалдық өмір ол,
Ызылдаған донғалақ,
Ол бір тынбай донғалап,
Еңбектін балы сорғалап,
Үдеген күшті екпіні.
Мың-мың оған мың жүрек,
Бәріне де бір тілек,
Көктен күндей күркіреп,

Кол ұстасып жымдастып,
Қүшайген күшті сектірі.
Тұтанып отша шашылып,
Майданда жарыс ашылып,
Жарыстан-жарыс туады.
Ерекіспін, егесіп.
Барі бірден е, десіп,
Істеуге істе еңсеріп,
Кірісуге белсеніп,
Бірін-бірі қуады.
Қайратқа қайрат жалғасып,
Мен олам дең арбасып,
Заводты «цех»-қа бөледі.
Аблық істі антады,
Заводта да шахтада.
Қызырган қызу іспенен,
Ондіреді, өнеді.
Бойында жігер, жүргі от,
Үрен сибекті шығын шоқ,
Темірді темір шайшайды.
Зарылдағы доцгалак.
Доцгаллапен доцгалап,
Білегі бірге ойнайды.
Жания да, тәні өндіріс,
Сүйгеші осы қызу іс,
Орындау сертін арманы.
Жердің астын қуысталап,
Колмен балишық уысталап,
Гүсіл металля қазғаны.
Іесс жылдық оның жүргі.
•4• те орындау тілегі,
Бірді бірге қудырып,
Іске қарқын тудырып,
Орындаимыз,
Біт «5» ті.
Зиянкеске,
Егесті
Қүшайтеміз дегендे.
Сом темірді бүйірып,
Ойнайды күшті білегі.
Қарсақпай,
Риддер,
Степният,

Қарағанды
Кендері —
Миллион,
Миллион
Жұз,
Жұз мың —
Береді, берді өнімді.
Іске,
Істеуге,
Машина,
Козғауга.

Оған
Жағуға,
Шығарды,
Сыртқа --
Сан жетпес,
Алтын,
Күміс,
Корғасын,
Шойын,
Темір,
Металлмен,
Қымбатты тас көмірді.
Карта, арақшыл, маскүнем,
Өндіріске қасқунем,
Содырлыға сорғызбай,
Алыстайды арадан.
«Оңшыл»,
«Солшыл»,
«Ірымшыл»
«Оппортуншыл» бәрін де,
Жүргізбейді панадан.
Екпінді ұлы қайратпен,
Істеумен істі айбатпен,
Жауға жауап беретін,
Қажымас, қайтпас жүрекпен,
Үшті аттап төртке енетін
Көсемім —
Ленин.

Партия
Сенімді.
Құшті —
Жұмыскер.

Копарам жерді тілемін,
Тракторды ат қып мінемін,
Біздерде сертті жоспар бар,
Жер тамырын сұрып,
Жер апшысын қурып,
Жердің бетін қаралап,
Тілемін мен сарапал,
Күн жаз болды кетті қар.
Білімшің айтқан жолымен,
Сілтеген соның жөпімен,
Егінді

Әңдел

Етуге.

Мен де бүгін жарыста,
Байғеде, ұлы шабыста,
Артылған

Міндет,

Ұлы істі

Мисыттынан бүркін.

Орнадын,

Компартия

Қасемге —

Жалынды

рапорт

Беруге.

Мен де, мен де біргемін.
Сиған жакын іргемін,
Әкел, досым, колыңды?!
Колхоз,

Союзод

Біздің әт.

Екіншідет іеті,

Болсын сәт.

Біздің еңбек өнімді.

Біздің жол даңғыл сара жол,
Тегісшілдік — тендік ол,
Атқан біздің таңымыз;
Бар майданда жеңеміз,
Оған да сертті береміз,
Социалдық жол үшін
Шықса-лагы жанымыз.
Бүгін майдың күні ғой,
Естілген еңбек үні ғой,

Жұр, досым, бірге барайык.

Колхоз

Совхоз

Бірлескен.

Тілек

Бір дескен

Туды қолға алайық!

Мың —

Мың —

Гектар егілген,

Құпі кеше себілген

Еңбектің ұлы —

Жемісін,

Жетістігін,

Кемісін

Ортаға біз де салайық!

Жүрек те бір, тілек бір,

Кел, бауырым, шапшаң жүр,

Бірге біздің жолымыз,

Мә

Сен де,

Бер қолынды.

Ұстадық

Мықты,

Ұстадық

Айқасты қолмен қолымыз.

Компартия

Комсомол,

Колхоз,

Совхоз,

Жұмыскер,

Біз бір адам

Бір кісі.

Жүрегі бір, қаны бір,

Тұншыққанда зарығып,

Отырғанда тарығып,

Бірге атқан бір күн,

танды бір.

Қосылдық,

Бүгін —

Тұс-тұстан,

Тұп-түгел міне бәріміз.

Біздің тілек,

Біздің күш,
Біздің білек,
Біздің іс,
Бес жылдықты төрт жылда
Орындаудың жолында,
Біздің — жан мен тәніміз.
Майдан — оқу, өнерге,
Майдан — тұнді таберге,
Сауатын ашып наданның.
Жалынаға нұр себуге.
Майдан қызу еңбекке,
Тәтті жеміс еңбекте,
Майдан — екінші майданы,
Майдан — бүгін «май» дагы
•б• тI, •4• те бұлжытпай,
Орындауга, бермекке.
Майдан — байды шабуга,
Майданда олжа табуга,
Ескі салтты құл қылып,
Құйдіруге, жигуга,
Майдан бирлік!
Өндіріс:
Шойын жолда,
Заводта,
Олқылыштың себебін
Іздеуге, шашаш табуға!
Екіншілік,
Жарысы,
Кызу іс,
Үдеені үсті-үстіне!
Социалдық тұрмысқа,
Бір кідірмей баруга!..

1931

ЖАҢА ЖЫР

Жасымнан-ак жүргегімнен,
Орын алған сұлу ән.
Жасымнан-ак оркестрдің,
Тәтті күйін тыңдағам.

Жасынан-ақ құшагына,
Алған мені жаңа өмір,
Жасынан-ақ жан азыгым,
Болған менің жаңа жыр.

ДАРИЯ

Мынау дала керілген,
Қербез сұлу шың тасты,
Қеркейе түсті күлді күн,
Жер түрленді, гүл шашты.

Кесілген көлбей күміс су,
Әнс, айдыңды дария,
Қаңқылдау үшқан үйрек, қаз,
Маңайына сап үя.

ТОЛҒАУ

Ал, жүргегім лепірді,
Елдің түйдек сырнына.
Ақын тілін безеді,
Толғауына — жырына.
Ақын шапты ақыра,
Өшпенdestің қырына.
Ақын міне қол созды,
Көкте күннің нұрына.
Ақын қосты дабысын,
Өмірдің айқышынына.
Шынына өмір, шыңына!
Жырына елдің, жырына!
Сейле де тіл, шешендең,
Минутте мың құбыла;
Түрлендіре күйді бас,
Домбыраның қылына!
Есерсоқтай қол сүкпа,
Ор қоянның жымына.
Еркіндей кір еңсере,
Күресті жайдан дұыша!

Барыңмен мәзір ғып,
Түс өмірдің сынына.
Сынына өмір, сынына!
Сынын тұрмыс, сынына!
Ліс шықша саңқылда,
Кимылда, тіл, қимылда!
Үйлір әнді тандай қақ!
Жұрт балардай бұлбұлға
Әлем азыз етердей,
Жицилік таң, жыр жырла.
Бонушы болма жөнсізге,
Ретімен сыр сырла!
Ісінді үлің етерге,
Тексер, терге көн қырна!
Сондық соңғы тендер,
Багылана, шын пұлға,
Қолында қызыл орамал,
Заманашың жырышысы,
Өнін елди бір руга,
Сондыктан сен алғыр тіл,
Тақылдаган жалғыз тіл.
Жалғыз емес миллионсың,
Кимылда енді қимылда!!
Күмбеті өмір, алтынды ой,
Мен қазбасам, кім қазар?
Сөз гауһарыш тізбектеп,
Мен жазбасам, кім жазар?
Кеңе Октябрь тугансын,
Болын еді құл азат,
Жүректі тербей, сыр бере
Болған жоқ на тіл алат.
Гау жаңғырта күй толгай,
Арқырады үн азат,
Ішінде бүккап миллионның,
Актарылды сыр азат.
Тіл музыка бой жазды,
Жыр құйылды жыр азат,
Құйни, ақынға қарады,
Ел ынтысы аиталап.
Құйылмасқа немене?
Енді елің сүймесе,
Не таппақсың тақылдап?
Ешкімге мадак енши емес,

«Ақын» деген, бір атақ.
Жырына енді, жырына!
Сырына бұрыл, сырна!
— Мөлтілде, сиям, мөлтілде!
Сөзді боя сұның!
Қағазда ойна он саусақ,
Қалдыргандай бір мұра.
Жарысында жай озба!
Оқтай зула — зымыра!
Ағынды судай арқырап,
Ақындық күшім жиыла,
Сөз толқыны аузыма,
Күйала берші, күйала!
Алтынды асыл берместей,
Не болып еді жырыма.
Қағазға төндім мен неге?
Кай «піріме» сыйына!
Байқайын деп барынды,
Салдым әдей қынға!
«Жасасынды» жаудырып,
Кірмекпісің жиынға?
Онда сенде не баға?
«Тиынды» саттың — тиынға.
Үлгісіз пішкен шекпенсің.
Сәндігің өмір,
 сынына!
Жырына дүние, жырына!
Ленин салған айқын жол,
Кімдер шаппак бұрыла.
Бұрқырат шаңын даланың,
Тозаңын тықпа ығыңа!
Жауға қарсы қол салдым.
Қылышымның қынына.
Қынына қылыш,
 қынына!
Сұмына дүние,
 сұмына!
Ақ алмасым жалтылдап,
Ұмтылдым міне суыра!..

1934

КИРОВ

Байтак дала, аскар тау,
Сен тілсіз күш, сен мылкау.
Ызыңдама асау жел,
Үйқыда емен мен ояу.
Ызыңыңа қосылып,
Ойымда жоқ жыр жырлау.
Мұн тартқанда музыка,
Саған жән гой баяулау.
Аза күйін сен де тарт,
Екі шекті домбыра-ау,
Сұрасам жұрттаи «өлді» дейт...
Қөңілі бос, көз жылау...
— Естімеймін, айтпақшы!
Өлді деу Киров сыбырлау...
Не дейсіндер, қай жерде,
Құлапты қалай аскар тау?
Атыпты оны деймісін?
Николаев дейтін жау.
Сүйікті басшы, сезімді ұл,
Жүр емес пе ед кеше сау?
Батпасын қалай етіме?
Іс үстінде шығындау
Жылатпасын қалайша?
Ақылды басшы оққа ұшу,
Жүректен қаны сорғалау.
Қайғы мен кек аралас,
Нірессе депем суынып,
Құшырланим, қымтаним,
Істер, жеңді түрініп,
Ішін керней бойымды,
Екіленем күйініп.
Қынапқа колды апарам,
Алқымга ашу тығылып.
Сілтегендей жауыма,
Қылышымды сурып,
Лигізды шық басам,
Кетінейін деп сүрініп.
Шықыр-шықыр азум,
Тие түюлі жұдырық,
Қорғаймын ұлы Отанды,
Белімді бекем буынып.

Тасады кекті ыстық қаң,
Тамырды бойлап жүгіріш,
Қарсы алдында жау тұрса,
Бүрер деймін түйіліп,
Ақылды басшы, сүйікті ұл,
Тарихта орның бөлек жан,
Жатырысқа табыт ішінде,
Тас болып көзің жұмылған.
Тамырың соқпай тоқталып,
Қаның қатқан суышған.
Дененде қоршап қош дейді,
Қайғырып шексіз сан адам.
Қағазға жазып ісінді.
Мен де еліме жыр қылам.
Іскер басшы, қайратты ұл,
Қесемнің бірі сен қыран,
Өшпестей талай миллионшың,
Жүргегінде орнаған.
«Іstemіз — дейді қайратпен
Серт еткенде ел саған.
Біз жеңеміз, жеңеміз,
Деп тұр елің самсаған.
Кош, аяулы ұл, қош, Киров!
Кеттің біздің арадан.
Бетіңен сүйіп аймалап
Тыныштан, ұлым, тыныштан.
— Дегендей боп — уйілдеп,
Жел де соғар даладан.
Ұмытылмас атың ісіңе,
Берілген орын санадан.

1934

БАҚЫТ

Өткір ойлы қара көз,
Өжет, үткыр, бал мінез.
Бақыттың менің інішегім,
Жүгіре басып келді тез.

Күні күміс көгінде,
Нұры балқып төгіле,

Шыжып ыстық қайнаған,
Уақыт еді, түскі кез.

Қеледі күліп ойын сан,
Жетегінде «арғымақ»
Қейде тоқтап атына,
Құбірлейді сөйлеп сөз.

Құбірлейді, күледі,
Құледі де жүреді.
Жетегінде жүгенді,
Жүйрігі желі арғымақ.

Ереді оның артынан,
Шоқтығы биік бөкен сан,
Құлындаі сұлу құр мүшесі —
Донгалакценең доңғалап.

Қасына ерген қарт ана,
Ойнаса бала шаттана,
О да күліп ұмтылат,
Үстаймын деп кутындалап.

Үстаптайды жас бақыт,
Ананы алдаң шаршатып,—
Қолға түскен Ծолат та,
Шығын кетет бұлтылдалап.

Қейде мінін атына,
Қарин қоят артына.
Тебінеді, тежейді,
Тоқтатады құр-құрлап.

...Келді, келді, кім келді?!

Бақыт келді, күн келді,
Жол-жөнекей құлдіріп,
Көшे бойы ойын сап.

Анасы мен жас бақыт,
Қатарласын қолдасып,
Қірді үйдің ішіне,
Думан болған жыр жырлап.

Үйдің іші көп бала,
Ойын ойнап топтана,
Ән салады, шырқайды,
Дауыстары сыңғырлап.

Қатар тұрып тізілет,
Санап шығат бірінде.
Команды берсе басшысы,
Бір кісідей қимылдан.

Әнекей қызыл бұрыши!
Масаты қызыл бүлісі,
Шағылысып күнменен,
Қоз тартады жылтылда.

Маржандай тізіп өрнектеп,
Әдемілеп көрнектеп,
Бұрышты қалай жайнатқан,
Суреттен мәнер сап.

Бақыт пенен Балдыраш,
Өте қойып ықылас —
Көрді келіп бұрыштан,
Суретті аралап.

Қөтеріп қолын шошайтып,
Құбірлеп ернін томпайтып,
Бақыт неге ойланды?
Болды ма әлде санамақ.

Бұйра шашты, кең мандай,
Дөңгелек жұз — кішкентай,-
Суретті көрмекке
Бақыт барды сығалап.

Қелбетіне сұқтанып,
Тапқанына мақтанып,
Міне деді: Ленин,
Екі санын сабалап.

Жүгірісіп көп бала,
Қосылып топтана,
Бұрышта тұрган Бақытты
Алды бәрі қамалап.

Бақыт айтты: мен болам,
Лениндей бір ұлан
— Мен де болам, мен болам,
— Мен де туған, мен сонан,
«Бақыт, Бақыт» деді де —
Балалар кетті жыр жырлап.

1934

САМОЛЕТ

Аспанды кезе көк бойлай,
Санқылдады самолет.
Ойынына бір тоймай,
Таңырқады жер мен көк.

Самолетте сансыз үл,
Үшінрган, үшқан көкке асқан,
Қоргауга елін дайын тұр,
Өткір болат — алмастан.

Бер команда, командир!
Ұш, самолет, аспандап!
Бұлттан асып самға бір,
Жүйткі, заула, шапшаңдат!

Ұш, самолет, аспанда!
Желбірен алда қызыл ту,
Шарықта, шарла, күнді ора,
Гүрілдей, заула, сал қику!!

1934

АЙБАЛА

Аспан жүзі көгілжім,
Маужырады табиғат,
Меніреулленген мұлгіп түн,
Сезімге жылы, тілге жат.

Тұн қаранды меніреу,
Түнде мылқау кең дала.
Дыбыссыз, шырсыз, сыйбырсыз,
Ұйқыга кірді сахара.

Түнде ән қоса тынымсыз,
Төтеден торғай шырламас.
Көгілдір көктे салып із,
Аспанмен үйрек зырламас.

Үйткені үйрек зымырап,
Көліне шомып қонған кез,
Торғай да жерден орын ап
Дамылдар кезі болған кез...

Жалғыз-ақ қырман... веялка...
Берердей боп түнге жап.
Қайратты батыр колхозшы
Карамай түнге іс қылған,

Ай орнына жалындар
Ток басынан жаққан от,
Жел орнына желдірер
Комбайн сынды самоход.

Су орнына сылдырап,
Қырманға қызыл түсіп түр.
Жан-жаққа желмен бытырап
Мекені шаңнан ұшып түр.

Меніреу тұнді мелшиген
Берекелі женді еңбек.
Екпінге, ерге, өнерге
Әлемде не пар келмек!

Тұн қаранды меніреу,
Түнде мылқау кең дала.
Дыбыстап әнс жүр біреу,
Ол күзетші — Айбала.

Қараңғы түнге қадалып,
Айды күтед Айбала.
Іысқырып, шырқап ән салып,
Қырманың жүрөд айнала.

Қорқыныш кернеп жүрегін,
Тұнерген үрей қамайды.
Жәлпиді кейін желегін,
Жаш-жагына қарайды.

Тұнеріп сала береді.
Қоюлана тұн жылжып,
Өзіне-өзі серт етіп,
Айбала сөйлеп келеді...

— Ұйқы, ұйқы, сен дүшпан!
Шақырасың қол бұлғап,
Тербестие түн, ұйықтаман!
...Сыбырылайды жапырак.

Қараңғы түнде кім бұзған
Жапырақтың ұйқысын?
Кім қытықтап келтірген
Сыбырын — түнде күлкісін?
Сыбырылаган жапырак,
Біреу үстін қаққандай,
Айбала да тұр тыңдал,
Жігерленіп, жасқанбай.

«Мазасын алып ағаштың,
Еркелеп үрлер жел де жоқ
Сақтанайын, әлдекім?..
Отырмайын бейғам бол.

Жау ма, жат па жаракты,
Жапанды мені аңдыған?
Қарайышы жаш-жакты,
Жасырын жүрген иеткен
Жан!..»

Қараңғы түндес көз қадай
Қарсысына үцилді.
Бір маяны жагалай
Естіді шыққан дүбірді.

Дүбірді анди жақындай,
Алдына тағы көз салды.
Қараны көрді көп тұрмай,
Мылтығын алды, оқтанды:

«Атаман, тоқта, ант атқан!
Қолыңды көтер көбелек!
Дүніне бар ма тек жатқан,
Айтшы өзіңе не керек?»

«Оңайлықпен бермеспін,
Айбала, саған жанымды.
Білмей қалдым қапы өтті,
Бұл жерде сенің барыңды...»

Деді тұнді қақ жара,
Қасқырдай ұры қанды көз.
Қан ішер Қара, Айбала,
Екеуі міне болды кез.

Дала шулап, дыбырлай,
Тұн селт етті сұрланды.
Мылтықтан шықты нажағай,
Жоғалды тұнгә ұрланды...

Қойнын аша құшақтай,
Қарсы алды оқты тұн ұры.
Қашты жауыз қалбақтай,
Естілді тұннен сыйбыры...

— Ей!
Айбала, Айбала!
Бидайлы дала, айдала!
Мелшиген мұлгіп жапан тұз,
Қырманды қори, қорғана
Қүзетте тұрсың, сен жалғыз...

1934

КЕСТЕ

Алда ақ бәтес, айшықтаған
Қаста жібек, қолда біз.
Өте сұлу тігіп кесте
Отыр екен бір жас қызы.

Көргім келіп қыз кестесін
Жақындаым жанына,
Арнап шегіп отыр ма деп
Сәулесіне — жарына.

Жапырағын төгілдіріп
Ою ойып шырматып,
Кімге асығыс тіктің, шырак,
Тыным таппай, түн қатып?

— Қошқар мүйіз кестем түрін
Қолтырмаштап, мәнерлеп.
Тектім сырлы, сәулетті етіп
Сәнді шимай, сан өрнек.

Үшкіл тарттым, киыстырдым,
Лайықтарын, топтарын.
Гүлдер септім, безендірдім
Онекейін, шоқтарын.

Күміс жіппен жарқыраган
Кондырдым күн кестеме,
Махаббатым елге ариаган,
Кестеде, осы кестеде.

Терлемиен тәнген айды,
Шоқ етейін қадайын,
Бақшиди өскен алмаларды
Алса етейін, тагайын...

Болға орыққа ораймыны
Болливымның бастарын,
Жарқыратып төгейшіні,
Брильянттың тастарын.

Кестем осы, шетіндеңі
Шогырланып өскен мал,
Бердім сізге тартуымды,
Астанага алып бар!

Қон деп, маган қолын берді,
Тапсырды өзі кестесін.
Кохоз қызы қарындасым,
Ұмытпаспын — естесің.

Құн құшақты, көрікті,
Октябрім — сен анам.
Бесіктен үшқан балапан,
Жұлдызың, жаңың — балан.

Айбының асқар алыптай,
Беріксің, ана, сенде күш.
Баурайында гүлденіп,
Өскен елің, көп жеміс.

Жұлдыздан жиі жарқырап
Құн сәулесі электр.
Бөлеулі елің нұрында,
Әлдиле, ана жарық қыл?!

Сәуленде күндей жарқылдап,
Ойнайын күміс шабақтай,
Ай сұқтансын аспанда,
Албырап алтын табақтай.

Бақыттың асқар шыңында
Сен тудырған қыз бен ұл,
Сүй, құшақта, шөпілдет,
Құл, анашым, жарық қыл!

1935

ТҮНДЕ

Жауқазын жасау жер-ана,
Гүлденіп жұпар жағынып,
Үкілі жібек, бай мәнер,
Алқасын алға тағынып.

Тұрған кез ед қымбатты,
Жер мәуесі салбырап.
Аспан ашық айнадай,
Алтын айы албырап.

Жантайып жаттым мен келіп,
Даланың мамық гүліне,
Соулесі күндей көрікті,
Электрдің түбіне.

Жерде электр, аспанда ай,
Жарқырап маған текті нұр,
Шаттыққа жаным шыдамай,
Шолқып бір сонда жаздым жыр.

19.15

МАЙ СИПАТТАРЫ

Ташшың сырды таң қалғандай,
Тарихта еш болмаган,
Күншің көлі от жаңғандай,
Көрін көңіл тоймаган.

Елі күлін, құсем сайдрап,
Күні күлім қаққандай.
Легавтари түр масайдрап,
Бүгін шолны таққандай.

Шолшылары көк жапырақ,
Легавши берген сән,
Дал бисемиді құстар шулап,
Мал болиды шырқайды ән.

Кіз кинқылдан, үйрек үшып,
Сүлу иққу көлінде.
Табигат бай түрге түсіп,
Ажар кірген жеріне.

Қыры көкшіл, ойы майса,
Қызыл, жасыл қызғалдақ.
Бал мінезді қалқатайша,
Бас иеді бұлғандап.

Әпе, қара, жер шебері,
Қара мақпал қиғандай,

Соқа салды Еңбек Ері
Жер айырды, түр қандай!

О да жерге өрнек салар,
Өрнек салар мәнерлеп,
Жыртқан жері алтындаі,
Сонсын айтам шебер деп.

Еңбек жыртқан қара жерге,
Алтын бидай өнеді,
Мақпалдайын асқар белге,
Жарқын көрік береді.

Таңы сырлы таң қалғандай,
Тарихта еш болмаған,
Күні нұрлы от жанғандай,
Көріп көңіл тоймаған.

1935

ЖАЗГЫ СУРЕТ

Артымнан ай туғандай,
алдымнан күн.
Түнде жүлдyz құлімдеп,
қағады ым.
Мөлдір бұлак,
сырлы өзен суы тұнық
Кенет сылдыр етет те,
болады жым...
Аппақ болып көсіліп,
бүйраланып,
Бұрқ-сарқ ағып, көпіріп
жатар жайқын.
Мөлдір судан бетімді
көрейін деп,
Үңіледі өзенге,
шынырау-шың.
Жағадағы көкпенбек бүйра талдан
Тәптештеп тексерсең де
табылmas мін...

Суга келер колхоздың
көп сиры
Сүтке толған желіні
керіп бұтын...
Бұлшық еті бұлтиған,
қаны толық,
Жуан жота,
тік қабақ
ісік мұрын,—
Көз алдымға суреті
елестейді —
Луқатты өмір жасаған
колхозшының.
Күнде қызық, күнде жас
Біздің өмір,
Тасқындаі бір тасады
шіркін көңіл.

1935

СЫНШЫЛАРҒА
(*Илияс Жансүгіровке еліктен*)

«Ей қосаяқ, шара бас,
Жарғак құлақ жаңалаш»—
Алдында қалам, қарындаш,
Қлабагың түйіп жалаң бас.
Отырсындар қинап жан.
«Сын» дегенің бейне пан.
Тісесіз кәрі шайнаған
Түршіккендей жан-дене
Еттей шала қайнаған.
Будак-будак шығады,
Суырсаңдар қалтаңнан.
— «Қашан-қашан қашаннан»,
Ісін ботқа, түсің жан.
— Ей қосаяқ, әлсіз жан,
Жетеді неге құр ынтаң?
Қатендей айтса қарысар,
Сендер тентек, сендер пан,
Құл-қүйелеш, қым-қиғаш,

Бір өлеңді сынасан,
Сыныңның іші құрғақтау,
Толған леп, таңырқау (?)
Көп ноқат та, көп сұрау (...???)
Толған мылжың қайталау.
Сыныңа керек көп қырнау,
(Қырнаған адам саған жау).
Ағылған осы «күшінді»
Болар ма тартып шамалау?
«Қашаш, қашаш, қашашша!»,
Ісің ботқа, түсің жаң.
— «Ей, қосаяқ, шара бас!»
— Ей үр да-жық «жаланаш!»
Сыншы атағын жамылған;
Зиректер мен Ықылас,
Аттарың көп жаттаған,
Атағы бар сыншыдан,
Құндерің бар біразын —
Судыратып оқыған.
— Ей ер жеткір, ей сыншы,
Түсіндің не, сен одан?
Қашан, қашан, қашаннан
Ісің ботқа, түсің жаң!

1935

ҚАЛМАҚАН

Сен койшы едің,
 қайғымен зарланатын.
Дертің жүрек,
 кісенді үл,
 қара таңды,
Сен босандың зынданнан, оқып өстің,
Данқын шықты еліне, болдың ақын.
Қыран бүркіт секілді шәулі — түнек,
Өркендең өс, карулан, отыр түлеп,
Өмірлі бол жемісті ісіңменен,
Он жылыңа осы ғой біздің тілек.

1935

Сырсың емен, сырым көп,
Касымда күнде сырласым.
Жиғашын вләц өрнектеп,
Іншегім тілек қылгасын.

Айттың көне, жаш ага,
Сырыңдың інің тыңдасын?
Тыңдашы, қалқам, кәнекей!

Ақының — агаң жырласын.
Жырлашы, ага, жырлашы?!
Су ма екен жырың, бал ма екен,
Тыңдашы дейсің тыңдашы,
Мен тыңдашы бар ма екен?

Балдай тәтті — бал қалқам,
Корғаным, сәулем, жұлдызым.
Ардақтың маган сен,
Күлші күндей, күндызым.
Жырым судай салқын бол,
Бойыңды билеп тартпаса,
Тыңдашам менде өкпе жоқ,
Жақинса саған, жақпаса,

Алтыншым, айым, күнім деп,
Сүйесің мені, сүйесің.
Тұысканым, інім деп,
Еркесетіп жүресің.

Алдына алып аялап,
Құйліресің, күлесің
Миндибыншан ііскелеп,
Сүнді гана білесің.

Қирашшагым, не дейсің?
Болдың иеден өкпелі?
Үстіце костюм, жаңа етік,
Кеше әпергем жоқ па еді?
Мектебіңе баруға,
Даярсың ғой күн-қалқаш,
Апаңда көйлек, шалбарын,
Шкафта қағаз, қарандаш.
Енді саған не керек?
Айтшы, қалқам-сәулетай?
Айтшы, жаным, тезірек,
Ашуланбай, бұртимай,
— Бәрі де бар мен үшін,

Жаңа киім, жаңа етік,
Даярладын бәрін де,
Ерте бастан қам етіп,
Киіндірдің інінді,
Мінсіз етіп сәндептіп,
Жалғыз-ақ өлең жаэбапсын,
Мен айтуға әндептіп.
Сондықтан маған жетімсіз,
Ішінен жақсы көргенің.
Мандайымнаң иіскелеп,
Жүргегінді бергенің.
Қөптен сізге айтуға,
Сақтап ем осы сырымды,
Ағатай, кәне көркемдеп,
Жырынды жазшы, жырынды?
Кетті інішегім жүгіріп,
Ойын салып бұлтындал,
Отырдым да ойландым,
Болдым оған жыр жазбақ...

1935

МЕТРО

Жер асты сәнді, сұлу, сансыз жұлдызыз,
(Секілді жарқырайды тұні-күндіз)
Гранитпен мың құбылған қабырғасы,
Бір сарай таңғажайып, бір сұлу қыз...

Астында аяғымның мәрмәр тасы,
Жылтырап көзді тартып қабырғасы,
Ақықпен әшекейлеп әлеміштеп,
Көркемдеп иректелген айналасы.

Сан қызық, көзің тоймас сан тамаша,
Қарайсың құмарланып жас балаша,
Көрді көз гүлденгенін замананың,
Жаса елім, жаңа дүнием, жаса, жаса!

Дегендей қуанышқа батқан ойым,
Серпіліп күш кіргендей тұла бойым,

Алаңтап әр нәрсеге көзім салып,
Ішінде тұрганымда метроның.

Бір дауыс әлдекайдан гүрілдеді,
Ликты басқан орным «дірілдейді».
•Келеді... қазір келет» дегендей-ақ
Жұдері тұрғандардың құлімдейді.

Поеңд келді. Тұрған жұрт қадам басты,
(Электр құрмет етіп, есік ашты).
Елеурен елмен бірге мен де кірдім,
Жұрт тыңды, бәрі отырды, орналасты.

Отырдым орталықтан орын алып,
Ганауданың көргендерді тамаша ғып,
Неткен ой, неткен шебер, неткен мәнер
Одемі неткен вагон асты мамық?

Ни шіркін, данышпаны адамзаттың,
Соулесі бакыт пенең махаббаттың.
Отаним зияннамды гүлдендіріп,
Ақыры жердің пестің аралаттың.

Елжап ой жүргегімді қозғап, тербелеп,
Денемді шаттандырып бакыт кернеп.
Бөленип ең қызыққа отырғанда
Токтады поезд-дағы вокзалға кеп...

1935

ШІР АҚЫНІГА

Балғы пестінда «лирикацыз»
Дауыс шығад жылаған.
Үрмашы, ақын, балғаменен
Сенен қолқам сұраған.

Темір емес қатты үратын
Отқа салып, қайырып...
Сабыр, сабыр, тентек ақын,
Алма төсің майырып.

1935

ҚАРА ТЕҢІЗДЕ

Қайсар теңіз, неге көбік атасың,
Бұрқылдайсың ойран болып ақырып?
Ақ төсінде мен келемін әндептіп,
Сен тулайсың дауыл, боран шақырып!

Жүзген кеме, менің салғаш әндерім:
Сенің сәнің, болашағың емес пе,
Дүлей, тағы да уілінмен айқасып
Женгем сені тартыстар мен егестел

Енді неге
толқындармен атқылап
Лақтырасың көлдерінді, құздарды,
Мен тынымсыз көнемін де, жырлаймын,
Сенің жүзің неге сонша ызгарлы.

Мейлің қаптат борандарын дүниенің
Дір етпеймін, тастамаймын әнімді,
Шақыр тағы дауылдарды! Шыңдастың
Толқындармен күресте өскен тәнімді!

Токтамаймын, шегінбеймін, қорықпаймын
Толқыныңнан таудай құздар күйреген.
Женбесім жоқ, алмағым көп дүниеден
Мен адаммын өмірді алға сүйреген.

Сүйем сені бұрқылдаған көк дауыл
Ұлы теңіз самалында есілген.
Толқындарын соғып жатқан жарға ауыр,
Күндіз-түні шықпайды бір есімнен.

Сүйем сенің мейірімсіз жүзінді
Дауыл ұрған су ойранды, су жанын.
Сүйем сенің кебігінді, құзынды,
Сүйем дала су келбетін, су заңын.

Қебік атқан ойнағынды сүйемін,
Соқтығысқан кемелердей күйреген.
Ұршы мені!

Калмасын бір тәнімде
Толқыныңң шапалағы тимеген.

Аямашы!

Элсіз адам демеші
Толқыныңа қарсы тостым тәсімді.
Менмін сенің үстінде ойнар кемеші,
Үр кеудемді, менен ғана ал өшінді.

Майыспаймын, шегінбеймін қарысып.
Қайсар құздан таудай толқын күйрекен.
Майдан кешіп, дауылдармен алысып,
Мен адаммын өмірді алға сүйрекен.

1935

ЖЕТИМ СЕРТІ

Қаңғып жалғыз ай далада,
Ай далада қалғанда,
Анам өліп қайғы жара
Бар денемді алғанда.
Басым дал бол еңірегендеге,
Қөзден аққан ыстық қан.
Пана болмай еш бір пенде,
Зар илегем, жылагам
Актық рет ак мамамың —
Киілгім сүтін еме алмай.
Актық рет жан анамың —
Киілгім жүгін коре алмай.
Сонда миған ин болған,
Күншік жаған: «кел!» деген,
•Г.В. күнөсі!, жетім ұлан,
Ма, сүтімді ем», — деген,—
Ұлы Ленин партиясы,
Саган тарттым жырымды.
Өлецімге қуат еттім,
Күн пұрындай пұрынды.
Комиартия, өстім сенің
Кең панаңда, қолында,
Күрбан болар басым менің,
Идеяң мен жолында.

1936

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

(Орденді Құләшқа арнаймын)

Гүілдеген жел — айдалада сарнаған,
Желге серік мұнды дауыс зарлаған.
Бота көзім, қазақ қызы есімде,
Ескі күнің «өлдім, анажан»-даған.

Сонда сенің жұбайың ед жалған ән
«Туар Шолпан маган-дағы атар таң»,
Дегендей ең, толқынды еді өлеңің,
Айлы түнде бар даусыңмен шырқаған.

Кейде күй сап домбыраның қылына,
Қосып үнін жүргегіңің сырына,
Орал, Алтай, Алатауды кездіріп,
Батыруши ең Сарыарқаны мұңыңа.

Әлсіз ғана сенен шыққан қайғы-зар,
«Үстар тал жоқ, суға кеттім не амал?»
Деген кезің, қарындасым, есімде,
Көрші, міне жүрегімде ізі бар.

Күй менен ән, қыз бен жігіт далада;—
Құрсауында қаш, қаралы замана,
Қылдан қайғы, тілден уайым төгіліп
Қалар мұра ед атадан жас балаға.

Міне бүгін Мәскеудің кең залында,
Қазақ қызы ел ағасы жанында,
Өлең мен күй, ойын мен би, өрістеп,
Думан етті түсті жаңа сарынға.

Мәскеу таңым, Кремль сөнбес күнім,
Қысып сүйді қазақтың қыз бен ұлын,
Дүниеге таратты радиомен,
Жаңа туған халықтың күй мен жырын.

Саған арнап Мәскеуде ән шырқаған,
Жырдан меруерт тізбекке алдым қалам,
Сар күмістей өлеңнің нақыштарын,
Байғазы деп кеудене мен де тағам.

ЛАГЕРЬ ЖЫРЫ

(Орыстың «Нас побить хотели» деген әнімен)

Жаз жайнатып, күн күлдіріп,
Біз лагерьге барамыз.
Асыл жібек гүл үстінде,
Аунап ойнақ саламыз.

Орман таудың арасында,
Көрінді әне, ақ шатыр,
(Онда қызыл ту ұстаған,
Біз пионер — жас батыр.

Жалындасын жас жігерлер,
Бойда қайнап — күш-қуат,
Біздің заман сонша қызық,
Біздің тұрмыс рахат.

Бирабаншаң анық даусы,
Қаттырақ шық, саңқылда!
Ей, алдагы жас командир,
Бас маршқа жарқылда!

Дұман сауық, әш, күйменен,
Біз лагерьге барамыз.
Леміл жібек гүл үстінде,
Аунап ойнақ саламыз.

Күміс сұмы, тата ауамен,
Дем алымын, қийтамыз,
Бар дынынен әнгел салып,
Лагерь жырын айтамыз.

1936

МАВЗОЛЕЙДЕ

Мраморлы Мавзолейдің,
Кіріп келсем ішіне.
Көзін жұмып жатыр Ленин,
Дақ түспеген түсіне.

Бұл:

Ұлы жан, терең мұхит...
Қалың ойға батқандай.
Бұл әлемге күп нұрындаій,
Жаз бергендей — атқандай.

Колтығынаи қызыл жүлдым
Шығып күлім қаққандай,
Барлық әлем жан рахатын,
Содан ғана тапқандай.

Жатыр әне Мавзолейде,
Ол данышпан, ол қыран.
Онда бақыт, онда сәуле,
Ол үйқыда; көз жұмған.

Мен де жылда келіп көрем,
Гүл қоямын қасына,
Белгі орнатам өлеңімнен,
Өшпестей ғып басына.

Ұйықта деймін —
бабам Ленин,
Мұран, елің қасыңда,
Сен тірісің жүргегімде,
Сенің күзет басында.

1935

БҰЛБҰЛ

*(Орденді большевик ұстазым
Сәкен ақынға арнаймын)*

Тәнірі деп талай бұлбұл зарлағанда,
Ай, күнім, ғашығым деп сарнағанда,
Сүй мені құшағында өлейін деп,
Арқадан жар сұлуын таңдағанда.

Қандай ед елдің іші, сыңсу-зарлау,
Дерптті жан, қаралы әйел, қайғы-сарнау,
Ел қанын бай мен билер төкпеді ме?
Нашарға қыын еді жанын қармау...

Сол кезде төңкерістің тәтті күйін,
Ауылға әкелген ед сенің жырын,
Санқылдаш майдан жақтан көппен бірге,
Сен едің қызыл солдат — шыққан үнің.

Бұлбұлсың таңмен бірге тандай қаққан,
Қайратты күй мен елді маужыратқан.
Майданда кедей ұлын аттандадаған,
Білекке қызыл әлем белгі таққан.

Жәс едің бірақ сенен оқып жырды,
Үйренгем алғашқы рет «Октябрьді».
Шырқатып күшті анызбен «Жолдастарға»,
Естірткем бар әлемге шыққан күнді.

Сол күннен маған үлгі сенің әнің,
Сол күннен маған серік «Жолдастарың»,
Өткір тіл, сұлу сырлы жырларынды,
Өлшеусіз етіп сүйер жаным.

Мен сенің өміріңе қанған жанмын,
Сырыннан тәтті сусын алған жанмын,
Айбынды сенің күшті даусыцменен,
Әніңе көп алдында салған жанмын.

1936

KIM BOLAM

Мен ер болам, ер болам,
Ермен ертең тен болам.
Айбыным желдей есілген,
Үттү болам, ер болам.

Мен кішкентай балғын жас,
Алтын таңмен аралас,
Мектепке қадам басамын,
Оқуда алда, істе алда,
Үлгімін барлық ұланға,
Тасамын судай, тасамын.

Ертең, ертең ер жетем,
Ер боламын, күн болам.
Жарқыраған, жайнаған,
Күн нұрымен бір болам.

Елді, Отанды қорғайтын
Қызыл ермен тәң болам.
Техниканы меңгерем,
Машинаны бер маған!
Деймін өсіп толғансын,
Стаханов мен болам.

1936

АНТ

Өмірдің сұлу жібегін,
Оранып киіп жатқаң жаң.
Алақанда аялап,
Әлдилеген алтын тан.
Қайғы деген есте жоқ,
Қасымда жоқ сүр жылан.
Ұлы Отанның бауырында,
Өскен ермін жас ұлан,
Сондай тәтті өмірім,
Сонша қызық заманым.
Куанышта бауырым,
Қарындасым және анам.
Сондықтан да шат жүрек,
Сондықтан да ән салам.

— Тыңда, тыңда, әнімді!
Мәскеуім менің — астанам.
Тыңда акынның жырларын,
Сал құлақты, бар ғалам.

Құйылды бір күй жүректен,
Тасқындағын парлаған.
Қүйқылжыды жаңа ырғак,
Бұрын ешкім салмаған.

Онгекің бүл толғауым
Жүрегімнен андаған.
Сүйікті ұлы Отанға
Той үстінде арнаған.
Онгек күнді ойласам,
Құлапыма зар келед.
Сар даладан — қойшыдан,
Қайты басқан ән келед.
Қара салған басына
Мұңды келед,— жар келед.
Сонда көкірек шыдамай,
Сонда көзден қан келед.

Егер ол күн есірсе,
Бүйтіп әнге салмас ем.
Ақын болып қолыма,
Қаламды да алмас ем.
Шидем күпі үстімде,
Қой соңынан қалмас ем.
Екінші бас қосса,
Қисына да бармас ем.
Тан осылай тұрмыстан,
Тотті лоззат алмас ем.

Октябрьдегі ұлы өткел,
Маган жарық күн берді.
Нариний кеменшер,
Шырай берді, нұр берді.
Борпын юйина, сен изат,
Денін маган үн берді.
Шалыңғатта испилға,
Оғанымда тұр берді.
Омірімді гүл етіп,
Тұрмысыма сыр берді,
Сондықтан, сүйікті Отаным,
Алдыңда сенің берем айт,
Жалынды осы аныттыңды,
Болашаққа өзің айт.

Бұлдірем деп бүйірден,
Ентелесе жау келсе,
Ал қазактар, ал десе:

Қынына қылыш, қынына
Сұмына дүние, сұмына.
Ақ алмастар жарқылда,
Ұмтылармыз суыра.
Ат қоярмыз ұмтылып,
Ордасына — туына.
Ойрандармыз қамалын.
Апшыларың қуыра,
Отап үшін қапымыз
Бостандықтың құныша,
Теңдік үшін басымыз,
Бар әлемнің құлына.
Қимылдармыз аянбай,
Қекте болса көгінде.
Айқасармыз алдырмай.
Жерде болса жерінде.
Сонда алдыңғы қатарда,
Болар сендік комсомол,
Сонда партия жаса деп,
Тағы да айттар қалың қол.

1936

ТҮН МЕН КҮНІ

I

Кеш болып, түн тұнжырап күн батқанда,
Шешініп төсегімде мен жатқанда,
Ай ғана босағаға төгіп нұрын,
Тынымсыз байғыз сорлы зар қаққанда.

Сол түні басқан елді нұрсыз сөуле,
Қайғының төсегінде жылап Зәуре,
Неткен түн, неткен дала, неткен заман?
Тас қамау, тар тұсауда адам әуре.

Ah, ұрып мен секілді талай бала,
Телміріп тұған айға көзін сала,
Сабырсыз таң күткендей миллион-мындар,
Еткендей айды ана, күнді пана.

Кобыл бен домбыралар түнде сарнап,
Булмагаш қыл қылқышып жатқан зарлап,
Ішінәрнан бебеу киққан үйтты үні
Еңгіретін еңгітетін мені де арбап.

Енгізуденеу, көнілі кипп, жарагалы жан,
Акындың, әмбір әңгелі кетті шыдам,
• Арблусың ғалтың бақыт алдыма кеп,
Синефін маган кишаң атады тан?..»

Дегенімін құлагымда қылдың қүйі,
Күрекін кеүде керін жиі-жиі,
Грекистың, сый босига, сары уайым
Еңгізмо маган түнің тартқан сыйы.

II

Күн батты, түн көрнесін бүркеп дала,
Емшаниңыз мешіл туды сахараға.
Сиралы оңен, ғұлу ғұлді жаңырактар,
Күрметшін бас шендей маган гана.

Ағылай, ағылай, оңен - алқа жерге таққан,
Жер ғұлу, су шолысын сылдыратқан,
Енің манер токсан түрлі бояуга алып,
Кітмін қай шеберге нақыштатқан?

Десе де кот құмартқан, көңіл ояу,
Аспаннан анынна барын таяу.
Көрер ен түрленгенін табигаттың
Мінән түрлі дүниеге шашем бояу.

Бұл әңгім. Үй ғыніде жарық сөуле,
Қисынди қарындасым отыр Зәуре.
Алтын ай иек артып тереземе
Көт тікті көремін деп болып әуре.

Бір кезде қарындасым үшып тұрып,
Нердесін терезенің қойды сырып,
Бір қызық оқиғаны еске алғандай
Жымиып айға қарап тұрды күліп.

Бір түйық елге жұмбақ сырды ашқалы,
Түңгіниң өткен күнгө ой таstadtы,

Ай тыңдал аспандағы тұрғандай-ақ
Салмақпен ол былайша сөз бастады:

«Ай сұлу, телміресің неге маған,
Таңсық па, тамаша ма, саған адам?
Көр міне, үй ішінде отты жұлдыз,
Өшпес нұр, сөнбес жарық мәңгі орнаған».

Сырласым аспандағы алтын табак,
Бір кезде жас төккемін саған қарап,
Міне мен еркіндіктің ерке жапы,
Өмір гүл, алтын айдар, күміс сағақ.

Тұн емес, тұнім де күн, көңілді аспан,
Қайғысыз елім шаттық әнге басқан.
Өрбіген, өркендеген, өмір әсем
Далаға хош иісті букет шашқан.

1936

ЕЙ, КЕШЕГІ ЖЕТИМ БАЛА

Ей, бала құс, ей, жас түлек!
Құрыш дene, болат білек!
Сен заманда срке бұлан,
Өмір әсем күнше күлет.
Сен ак үртек балапансың,
Жас буынсың, балғын тәнсің,
Өткен күнде үнсіз жетім,
Қайғы тартып жылагансың.
Сені өсірген партия-ана
Арнап жырды соған ғана,
Ағыт кілтін ақындықтың,
Ей, кешегі жетім бала!

1936

АҚЫН ДОСЫМА

Су сүлдирап аққан кез ед,
Кешке арықтың бойында.
Жистар күліп жатқан кез ед,
Оуестенің ойынға.

Достым, сонда біз екеуміз,
Биқшінде гүл жамылып,
Життық ұзак, ағаш төнді,
Алдына алқа тағынып.

Толай сырлар, тилай жырлар,
Ағыттыңда, жырланыды.
Толай күйлі, сүлу сөздер,
Ақтирылды сырланыды.

Сонда сенің жүргегінде,
Арман бар ед, сыр бар ед.
Сол сырның айтқаныңда,
Менен бисекі кім бар ед?..

Менен бисекі адам жоқ еді.
Сенің ол кез қасында,
Білім деген арман бар ед,
Арман бар ед басында.

Достым деп ең, міне қазір,
•Мен биллини үяда,
•Қанығ, тошнам жетілсе әбден,
Үшсам аскір қияға».

Гейне, Гете еңбектерін,
Қасым деп ең, қоймастан.
Пушкин, Байрон балдарынан,
Тателм деп ең тоймастан.

Гоголь, Щедрин, Шекспирдің,
Қазынғасын — қалғанын,
Том арқылы араласам,
Ескі дүние — жалғанын.

Содан кейін үшсам деген,
Бар емес пе ед арманын?

Міне, бұғін қанат қақтың,
Карыштадың самгадың.

Енді кәне, ақын достым!
Асқарына өмірдің,
Енді және жырлауына
Сүлу күйдің — көнілдің.

Ұшайық та, аспандайық,
Тынбай қанат зырласын.
Бар дауыспен ән салайық,
Қолхоз — ауыл тындастын.

Бір жырлайық, бір оқиық,
Оқиық та, жырлайық.
Істе өсейік, шынығайық,
Жалықпайық, тынбайық.

1936

АЛЛО-АЛЛО

— Алло-алло!
Құлағыма,
Қүй келеді, үн келед.
— Алло-алло!!
Кремльден
Мәскеу маған үн беред.
— Алло-алло!!
Асау жел де
Баяу тыныс алады.
— Алло-алло!!
Алтай, Орал
Үнге құлақ салады.

Көк теңіздей аспанында
Ай да ақырын жүзеді.
Асып иек асқарында
Жұлдыз көзін сүзеді.

Барлық әлем бір минутпен
Бір-ақ тыныс алады,

Барлық дүние Кремльге
Бұғын көзін қадады.

Қыбырлаған жан біткеннің
Құлактары түрілді.
Жер шарында бар әлемнің
Радиосы құрылды.

Қарт Қазыбек, ер Гималай
Үнгे құлақ салады,
Құздарында аң шуламай
Ішінен дем алады.

Жалғыз ғана минут қашан
Өтер еken деді әлем.
Қашан ғана көсем сөзи
Жетер еken деді әлем.

Көшелерде қаптаған жан
Сагатына қарайды.
Тым асығыс... жаутаң-жаутаң
Минуттерін санайды.

— Алло-алло!!
Деді Мәскеу
Құлағымды салдым мен,
Кремльден шыққан сөзді
Міне тыңдай қалдым мен.

— Алло-алло!!
Көсем даусы
Бар дүниеге тарады,
Бар тіршілік құлақ түрді,
Әлем бізге қарады,

Жалғыз сөзін жібермesten
Жанның бәрі жаттады.
«Бақыт заны» деді күліп
Журегінде сақтады.

Оның үші бір жасартты
Күш-куатты қайнатты.
Оның даңқы көз алдымда
Шаттық отыш жайнатты.

Оның сөзі сінді бойға
Араласты қаныммен,
Оның аты көкірегімде
Бірдей болды жаныммен.

Оның даусы бақыт заңын
Жер жүзіне таратты.
Бар дүниені тамсандырды
Ол аузына қаратты.

1936

ӨЛІМ ЖОҚ

(*Николай Островскийге*)

Гүлденіп талант құлнырыш,
Сәулеленсе көрмеде,
Талпынып асқар құзына
Ойнақтаса көрмеде,
«Ұланым» деп сүйер жүрт
Сұнқарына теңгере
Жүрт сүйгені өлмestіk
Атақ болар пейдеге,
«Шынықтырып болатты»
Басқан көрік терлсне,
Жоғалмастық ол мұра
Тарихтайын көмбеде,
Ол мәңгілік жүректе
Түспе ойыма әр неме...
Бізде өлмейді ардақты ат,
Жоғалады тәп-дene.
— Е десе қара жамылыш
Кайғырамыш мен неге?
«Өлім» деген атакты
Жоймайсың, өмір, сен неге!

Берем бүйрық өлімге
Үзем торлы көгенін,
Бізде қымбат тіршілік
Біздің елде жок өлім,
Бізде үнемі қуашын

Далам гүлді көк өрім,
Бізде өшпейді ардақты ат
Жоғалтпайды бөбегін,
Бізде нұрлы алтын таң.
Тапшы өлімнің себебін?
Бар елімнен естілед
Островский деген үн,
Оған мәңгі ескерткіш
Мениң өткір өлеңім.
Оның атын алтынмен
Айшықтаймын теремін,
Ол өмірлік тірі ұлан
Ол қатарда, сенемін.

1936

БҰТАҚТАРДАН АЛМА КАҚТЫМ

Жанымда зәулім ағаш,
Бұтақтары толған алма,
- - Ағын соған қойныңды аш
Ал құшақтап қапы қалма.

Қойнымды аштым кел дегендей,
Алмадайын алқаларға.
Күшагыма си дегендей,
Шақ котерер сүйген жарға.

Құндағы сүйе көріктенін,
Кан кынад бол тісели алма.
Бұтагыниң үйлесін де
Аузыма кеп түсейн алма.

Сыбдыр етті алма ағашы,
Сықақ етіп құлді ме әлде?
Тым кекжиді ұшар басы
Мені мазақ қылды ма әлде?

Ашу қысты бар денемді
Тілімді ол білмегенсін.
Айқара ашқан құшағыма
Алма өзі кеп кіргенсін...

Жанаң таудың вулканындаң
Көмейден жыр отын жақтым.
Отты деммен ашты сөздер
Бұтақтардан алма қақтым.

Топырлады койнымда алма,
Құшағымнан төгілді асып.
Меруерттей мәнерленді,
Сұлу жырмен араласып.

Еңбек дәмін таттым сонда,
Құмарымнан шыққандай бол.
Асқактаудан бездім мүлде
Талант жайын үққандай бол...

Өнер термей жатсаң, ақын,
Койныңа өзі кірмес дедім.
Еңбексіздің қаша айтса да
Алма тілін білмес дедім.

Жазамын жыр, алмадайын
Құшағымнан төгіледі.
Казамын көп өнер кенін
Жүрекке нұр себіледі.

Кел, балалар, кел дейміш мен,
Қөр өлеңнің алмаларын.
Алсын теріп алтын болса,
Гәүһар, мейіз, миуаларын.

Қөркем болса сөз кестесі
Тәтті болса жырдың дәмі.
Онда Отанның ардақты атын
Ақышың да актағашы.

МӨЛДІР БҰЛАҚ

Мөлдір бұлақ,
Ақ сылдырап,
Суың гәусар, жерің бай.
Көгалың гүл,

Мәнерлі сыр,
Мөлдір бұлак,
Ақ сылдырап,
Елде бақыт, шаттық күй.
Әсем сырлы,
Қызыл гүлді,
Саған арнап тарттым сый.
Мөлдір бұлак,
Жасыл қурақ

Етегінде оранған.

Талда бұлбұл,
Төгілтіп жыр,
Күнде сауық ән салған.
Мөлдір бұлак,
Құлағың сап,
Ән әуезін тындайсың.
Сылдыр, сылдыр,
Тынбайсың бір,
Төмен ағып зырлайсың.

1936

МІНЕ АУЫЛ

Ләкини айтқан түрлентіп талай жырдың
Түшкі несі сұлу сөз көркем сырдың,
Лұмл міне әмірдің пайрамбары
Ләкини нұрлы келбеті Октябрьдің.

1936

* * *

Окініш біреу, ой тоқсан,
Талғап айт, айтар сөзінді!
Топта да жүйрік бар не сан,
Қотере берме өзінді!

* * *

Ер жүрек бар, есер бар, елде де ез бар,
Айтпас сыр бар адамда, айттар сөз бар,
Қөңіл күйін ақтарар кезің келсе
Естір жанды естіден сен таңдал ал!

* * *

Деушем сені әм сондай...
Өзімді де әм сондай...
Тұсіне алмай болдым аң-тан,
Өзің айтшы, бұл қалай?..
Маған қымбат бір жан едің.
Секілді едің серігім.
Үмітімді үздің менің,
Еліктірді сені кім?..
Саған кінә тақпан жалғыз,
Сақ сындырма, биік бол!
Әлі талай жолығармыз,
Қөш көптікі, бізге жол.

1936

ӨМІР ҚЫЗЫҚ, ТҰРМЫС ШАТ

Мен балапан, анам менің,
Анам менің Октябрь,
Бүгін міне далам менің,
Ду мереке, ойны, жыр.

Сол думаниның арасында,
Мен ұлымын салғаш ән.
Маған қызық бүгінгі өмір,
Маған қызық заманам.

Маған қымбат анамнан да
Ұлы Ленин деген ат.
Ойнақ салам панасында,
Тұрмыс гүлі, өмір шат.

Он бесінен туган айдай,
Толам күнде тұрленем.
Қөлде жүзгөп аққудайын,
Құлпырамын ғұлденем.

Маган қымбат бар дүниеде,
Ұлы Ленин деген ат.
Мен баласы большевиктің,
Өмір қызық, тұрмыс шат.

1936

ҰМЫТПАЙМЫН

Сенің гана бесігінде
Бірінші рет ишқан үнім,
Сенен түгел адад қанды
Ақ инстї мемін ұлың.

Олің нұнда кепкен жоқ
Емгеп сұтім, жаңым ана.
Сен қамқорым дүниедегі,
Сен тіретім жалғыз гана.

Күлімдеген күміс күнде
Октябрьден алған сырды.
Ақын лінің жібектейін
Сонда шының сұлу жырды.

Сонда гана құл менен күң
Қол үстасын билеген би.
Сонда гана бақыт деген
Отымда тартылған күй.

Ұмытпаймын бақыт үшін
Зор майданда төгілген қан.
Ұмытпаймын қан кешумен
Құп күлімдеп атқанын таң.

Ұмытпаймын орыс жүртын
Бауырымды — майдан ері.

Неге ұмытсын дос жүрегін —
Неге ұмытсын қазақ елі.

Ұмытпаймын майдан күнін
Қызын кешу, тар қамалды,
Ұмытпаймын ел көсемін
Ұлы Ленин данышпанды.

1937

АРНАУ

(Александр Сергеевич Пушкингө)

Арнадым бұл жырымды, ақын, саған,
Тәңрісі сұлу сөздің ағындаған.
Тәкаппар данышпаным, қабылдашы
Бір сыйды құрмет еткен сахарадан.

Кіршіксіз күміс судай музан тәтті,
Бал болып талай жанды таңырқатты.
Балқытып терең сырмен жан иесін
Жүректе махаббаттың отын жакты.

Талай тіл отанымда сен деп сайрап,
(Мәнерлеп суретінді қызыл байлап)
Тұғызып сені қайта қарт анаңнан
Думандап мерекенді жатыр тойлап.

Таусылмас сенің жырың маған тәтті,
Өзі өткір, өзі жылы махаббатты.
Сен менің баға жетпес ұстазымсың,
Ақынсың дүниедегі ең қымбатты.

ПИЛОТ ҚЫЗГА

Айлы аспаннан, шым жібектей,
Сорғалаған сұлу жырды,
Махаббатты келешектей
Ал өмірден сұлу күнді.

Саған арнап сыйға тарттым,
Сәулем пилот, алшы менен?
Бал көмейден сыр ағыттым,
Өсер алып, қалқам, сенен.
Болат қашат құрыш құспен
Сен қыран биш көкке үшқанда,
Тібектелген жыр да менен
Сен қиқулаш бұлт құшқанда
Сен флотташ старт алып
Бойға қару асынғанда,
Мен қарагам жерде қалып
Сені бұлттар жасырғанда.
Самолеттің моторынаш
Шыққан көктің өсем әні,
Тараға шуе толқынынаш
Жаш біткенге жаһандагы.
Дүниедегі тәтті күйдің
Ең ардакты ариясын,
Таным сенен тербеткендей
Ноғай дариясын.

1037

ТУГАМЫҢ БАҚЫТ НҰРЫНДА

Тугамың бақыт құшақтай
Өмірдің сәулет нұрында.
Тугамың шын анадан,
Тугамың совет жылында.

Тугамың жарық өмірге
Деген анам «күл, бөбек!»
Тугамың қарап мен күнге
Тұсым ерек, бір болек.

Туғамың таңда,
 самал жел
Сипады жұмсақ қолымен.
Өсірді анам,
 өсірді ел.
Еңбектің сара жолымен.

Сан жығылдым,
сан түрдым,
Сабырсыз тэй-тэй кезімде,
Сан жыладым,
сан күлдім,
Себебін таппан өзім де.
Адамша бастым алшандап
Өмірді,
дүние жалғанды.
Жүрсем де алыс жер шарлап,
Тастамадым балғамды.

Балғамен ауыр теске ұрдым —
Темірлер нанша иленді.
Қамалда қын мен түрдым,
Асаулар қолға үйренді.

Өмірді бірге жасадым
Құдіретті, күшті көппенен,
Айқаста алға басамын
Дауылмен,
жанғаш отпенен.

1937

ЖАЗ ЕДІ

Жаз еді хош иісі аңқып жатқан,
Жер сұлу қымбатты әсем алқа таққан.
Майысып қызғалдағы, талы үлпілдеп —
Өзен де күміс сүйн сылдыратқан.

Бал құрак, балауса шөп слдің маңы
Тотының секілденіп құбылғаны.
Мың түрлі тәтті күйін балбыратып
Есімде бүлбүл құстың сайрағаны.

Жаз әсем жаным сүйер рақатты,
Құшамын, жас бәбектей қызғалдақты,
Аспаннан тамылжыған күн нұрымен
Төгілсе бүрандап күй балдан тәтті:

Тыңдаймын рақатқа батып тәнім,
Өмірде ұмытпаймын жаздың әнін.
Оралың аяғыма саңсыз гүлдер
Білемін табиғаттың сыйлағанын.

Үніцді жаратамын, бұлбұл, сенің
(Бар ынтым, бар зейінім сенде менің)
Дариядай тасқындаған асау жырдың
Үшатам мың құбылып төгілгенін.

1937

ҚЕКШЕТАУ

Болғанда сұлу сырлы жаздың айы
Дүкеншің себілгендей иіс майы
Сипаттай даласының жайнап гүлі,
Он салып көтерілер боз торғайы.

Еркелен сұлу гүлдің қойнына еніп
Жұтқанда жібек желін кеуде керіп.
Күлерең, куашарсың, шаттанарсың
Балладай аша сүйген емшек беріп.

Іау баулен миңдайынан сипап желі,
Гербетер мебірленіп соңда сени.
Он салып токеп түрлі күй тартады,
Онернің сиуық құсы дүниедегі.

Томаша тлляй сыр бар бұдан өзге
Барлығын сиығыза алман айтып сөзге.
Күименен шагылысқан күміс табак
Секілді көрінеді көлі көзге.

Ну орман неше түрлі алқа тағып,
Майысар жел үрлесе сылан қағып.
Лайқасып өркештеніп құзы бұлтпен
Сарқырап төмен қарап бұлақ ағып.

Бұлдірген, қарақат пен жібек мия
Кездессер аяғынды бассаң қия.

Аспаннан сорғалайды аңды көрсө
Сақ қыран шың басына салған үя.

Бауырында жер еркесі Қекшетаудың
Құзында көкті сүйген шыңыраудың
Желбіреп қызыл тулы аспандаған
Бақытты нұрына алып колхоз аулын.

Таусылмас Қекшетаудың сыр келбеті
Сия алмас сұлу сөзге жер суреті.
Сүп-сүйір қос өркешті айы туы
Тотыдай түрленіп түр Сырымбеті.

1937

БАЛА

Адамға бала сую бір қазына,
Секілді өшпес алтын, сөнбес мұра.
Үілдеп күнмен ойнап күлген бебек.
Өмірдің үқсамай ма бұлбұлыша.

Оралып етегіне былдырлаған
Жүгіріп өзін-өзі құр-құрлаған.
Баланың жат тілі мен қызық даусы,
Естілер ақ күмістей сылдырлаған.

Адамның тек баладан бөлек жаны,
Болмаса бала күні — таң шолпаны.
Ақ маңдай, торсық шеке бал бөбекті!
Бір сүйсе басылмай ма шаршаганы.

БАЛАЛЫҚ

Базарда, базар бір базар
Кызықсың-ау, балалық!
Бедерін гауһар, сап алтын
Жүзіксің-ау, балалық!
Аспанға күндей жарқылдал

Шығыпсың-ау, балалық!
Өмірде күміс шабақтай
Жүзіпсің-ау, балалық!

— Ей, балалық, балалық,
Тоғайдан келші тал алып.
Томпаңдаң мен де ойнайын
Торала құнан санаңып.
Қашағанды құр-құрлап
Ортамызға қамалық.
Қатарласа жарысып
Қиқу салып шабалық.
Күміс те емес, құн де емес,
Тәндесі жок, балалық,
Сағынбайтын әлемде
Пендересі жок, балалық.
Балалық-ау, балалық,
Кел, бір ойнап тарапың!
Мадақтайық бір сені
Шекеңе шоқ қадалық,
«Бірім-бірім-бірім» деп
Саусакты да санаңық,
Қөзді тас қып жұмалық,
«Кім тұрткешін» табалық.
Кел, жарыса шабалық,
Біздің үйге барадың!
— Ей, балалық, балалық!
Есте болсын даңалық,
Кім ұмытқан сибигын
Коне кітап кириллаң!
Іслім шашын жигалық
Оқын өнер табалық!

ЛИҚАС

I

Келе жаттым айсыз түнде,
Баяулатып әнгे сап.
Тұрды құліп біздің дүние,
Электрден жарық ап.

Салған әнім желмен бірге,
Ұшты әуені қалықтап,
Қотергендей мені күнге
Кетті заулап шарықтап.

Жер мамығы қош иісті,
Одеколон шашқандай.
Неткен рахат, неткен жайлыш?
Көніл шалқып тасқандай.

Минут сайын көзді тартқан,
Мың құбылған сұлу жер.
Нұрдан жұлдыз, күннен алқа —
Таққан, әне біздің ел.

Келем міне, келем міне,
Әндегемін көңіл шат.
Әлдекайдаң өлеңші қыз
Сұнқылдатты ән шырқап.

Соған қарай, соған қарай,
Мен де келем аяңдал.
Соғат жүрек, тасат көңіл,
Тұра алмайды аялдал...

Тамсандырат біздің қала,
Тұріменен, сырымен.
Бақытты жас, балбыраған —
Бұлбұлының үнімен.

Теніз тербел бақыт нұрын,
Құміс сұзы шайқалат.
Дала безеп өмір түрін,
Гүл судырап жайқалат.

Барлық адам біздің елде,
Өмірден бал алады.
Ұлы отандық күшті сәүле,
Мәңгі лаулап жанады.

Осы бақыт дүниесінде,
Мен жайқалып, тербелем.
Өмірімнің бір минутын,
Күн нұрымен тен көрем.

II

...Қараңғыдан қалбаң қағып,
Қарсы алдынан шықты адам.
Бет-аузына түк қаптаған,
Бойға қару асынған.

Түсі суық қорқынышты,
Жырта қарыс кірпігі.
Найзадайын қадалатын,
Тисе маған бір түгі.

Құңғреніп көп сөйлеп әлгі,
Деді маған, жай қалай?
Қетермісің мені тастап,
Айтқанымды тыңдамай!

«Тыңда, тыңда, қарттың сөзін,
Асқыттама, ей бала!
Мен сойлеймін арманымды,
Сол құлпакты, бер қара!

Бір көздерде мынау дала,
Оцен, көлді, бұлакты.
Жібек түкті желеңті жер,
Байшешекті құрақты.

Сондау өлкө қызыл тулы,
Ден жашылған СССР.
Сондау Волга, Днепрмен,
Маныу иқкін дария -- Сыр.

Асану Қинқиз, көрі Қаспий,
Көркем Қырым керілген.
Перзентімің еншісі еді,
Өміріне берілген.

Бүгін міне жиырманышы жыл,
Өшті көзім қарасы...
Соқты дауыл алтын тағым,
Шықты пәре-пәресі.

Әлерінен көп жыл бұрын,
Қатты безгек жабысқан...

Сол қарғамды құрбан етті,
Мыңдаған жан... көп дүшпан...

Мен жатырмын содан бері,
Кайғы тартып, зар жылап,
Шапсам деймін мына отанды,
Одан-бұдан күш құрап.

Жүрме ілгері, бұрыл кейін,
Ей, шырағым, тілімді ал!
Жырла мені қуаттандыр,
Үқ сөзімді, құлақ сал!»

«Көз алдымда кетсең күйіп,
Қынжылмаспыш мен саған
Өшкен күнің қайта жанбас,
Ей жалмауыз, жыртқыш аң.

Білемісің кеше Қиров,
Сенің қанды қолыңнан.
Абайсызды өліп кетті,
Аңдып атқан оғыңнан.

Сенсін менің бітіспейтін,
Ата жауым, қакпас шал.
Мен дүшпаның алдындағы,
Ей арамза, ұғып ал!

Босағанды талқан еткен,
Менің әкем — Октябрь.
Қалай саған пенде болмак,
Октябрьден туған үл.

Әне айбынды қызыл ерім,
Елін, жерін, қорғаган.
Елірме сен, елеңдеме,
Жыртқыш, зұлым онбаған!

Өлігіңе себемін у,
Қуанамын қол ұрып,
Құлемін мен масаттанып,
Жыламаймын егіліп».

Дегенімде шал кенеттен,
Колын салды қынапқа.
Самбырлаған дауысы тиді
Ит үргендей құлаққа.

«Мынау: найзам оқ жыланның,
Зәріменен суарған.
Мынау: қылыш — зұлпіқарым,
Мынау: байрак қуарған.

Мына қолмен талай жанның,
Кор анасын құштырғам.
Мынау садақ сан боздакты
Ат үстінен үштырған.

Танкі, пушкам, гранатым,
Ұлы газым тағы бар,
Маган оңай жаңды өлтіру,
Колым қанды — мен ажал.

Індеңе сен байқы, шырак,
Оміріме көнерсің!
Киремлассаң бұдан әрі,
Қан қолымнан өлерсің!»

«Ей онбаған, не етпексің,
Қылышыңды қарманып!
Даурығып сен дірілдейсің,
Жоқты сөйлеп, сандалып!

Жал, құйрықтай сақал-шашиң,
Ей перғауын кәрі шал!
Қет жолымнан, бөгет болма,
Тарт тілінді, кет — жоғал!»

Маган қарай аттанды ол,
Зұлпіқарын сұырды.
Ашу қысты тұла бойын,
Сөйлей алмай буынды.

«Ей жас жігіт,— деді маған,—
Сен мынаны танып қой,
Зұлпіқардың алмас жүзін,
Есіцізге салып қой!»

Мен де аттадым оған қарсы,
Айқасуға будым бел.
Тайсалмадым, тартынбадым,
Дедім жауға келсең кел!

Аяғымды нығай басып,
Төңген шалға ақырдым.
Қайратымды бойға жинап,
Ашуымды шақырдым.

«Корықпаймын айбыныңнан,
Әй, бишара сорлы қарт!
Айқассан да алалмайсын,
Мен шыныққан жас солдат!

Колындағы зұлпіқарың,
Өз басынды кескілер.
Ойбайлаған өлім даусы,
Сенен ғана естілер».

«Жүргегіме сепкен уын,
Сенің жаңа заманаң.
Қөнбедің ғой айтқаныма,
Ендігі өзің сыйбағаң».

Деді-дагы дірілдеді,
Өллекседей өңсіз шал,
Катуланды қарт бурадай,
Қалшылдады патшағар..

Бұдан кейін жауар бұлттай,
Шал күніренді, тунерді.
Колындағы зұлпіқарың,
Маған сілтеп жіберді.

Оң қолымды көтеріп ем,
Қекті қаптап самолет.
Жерді қаптап қызыл ерлер,
Сап түзеді зенбірек.

Сол қолымды көтергенде,
Гүрілдеді дирижабль.
Танкілер де қыбырлады,
Қайысқандай ой мен қыр.

Жауга атака салып жерден,
Көктен қағып түсірдім.
Сүм жалғаның қалдықтарын,
Күл ғып желге ұшырдым.

Арамза карт қанды қолды,
Құшып көріп жығылды,
Соңына ерген борсықтары,
Індеріне тығылды.

Қызыл туды желбіреген,
Күн қасына қададым,
Шұғылалы нұр шапағын,
Әлемге нұр санадым.

Ешкім қолын сұға алмайтын.
Жерім берік дедім мен.
Бар әлемге күн болуға,
Сенім берік дедім мен.

1937

БІЗ ЕРКЕСІ ӨМІРДІҢ

Сәлем сізге, сәлем сізге,
Ұлы съезд астанам.
Мен баланмын еркін өскен
Шаттық әнін шырқаған.
Мен армансыз бүл жалғанда,
Кулімдеген күнде өстім,..
Балаусалы балғындайын,
Желкілдеген түрде өстім.
Мен туганда Октябрьде,
Жарқыраған таң екен.
Мен туганда Отанымның,
Төрт түлігі сай екен.
Бесіктен-ақ қызықты өмір,
Мені әлдилеп күлдірген.
Бесіктен-ақ анам менің!
Ленинді білдірген.
Тәй-тәй басып, қаз-қаз тұрып,

Ленин деп жүргем мен.
Оның жарық күн екенін;
Сонда-ақ алғаш білгем мен.
Үйдегі оның портретін,
Жан атам деп сүйгем мен.
Құлімдеген жүзін көріп;
Қуандам мен, күлгем мен
Жүрегімде еш қайым жок,
Қамқорым бар ата-анам.
Бізге мәңгі бақыт берген.
Бізге ұлы заң жазған.
Бір мен емес, барлық бала
Құліп еркін өседі.
«Мен жанымын гүл заманың
Мен бақытты» деседі.
Біз оқуға праволы,
Жақсы киім, тұрмыс шат.
Біз советтің азаматы;
Біздің өмір рахат.
Мен өсемін, гүлденемін,
Күндей көкте күлемін,
Қайры, мұңсыз шат заманды
Жан анамдай сүйемін.

1937

ЛЕНИН ДАНА

Жатыр атам Мавзолейде,
Жатыр жаның данышпаны.
Жатыр күндей күлген адам,
Мәңгі сөнбес бақыт тацы.
Елімде ұлы женістердің
Шын иесі — бас маршалы.

Жатыр атам Мавзолейде,
Өзі атырған көріп таңды.
Аскар таудай келбетіне,
Таң қалдырып бар ғаламды.
Сүм қара жер жұта алмады,
Ұлы тұлға — дәнышпанды.

Шайқалтқан жоқ дауыл үрлеп,
Зеңгер мұхит — океанды.
Тербелткен жоқ Кораблің,
Састырган жоқ капитанды.
— Сасатын кім?
— Қапитан ба?—
Айға өрледі, күнге барды.
Мұз түкірген, бораны ұлып
Жап бармағаш полюсті алды.
Командасын жер жүзі естіп,
Ақылнаға аң-таң қалды.
«Асқан дана өнер кені,
Көргеміз жоқ мұндай жашыды,
Қайтпай алға нық аттаган
Тапқыр акыл данышпанды
Туды,— деді тарих тағы,
Лениндей бір океанды!»
Жатыр Ленин жұмып көзін,
Мавзолейде мраморлы.
Ол естиді отанышап
Сүйкімді әнді, сұлу жырды.
Ол сүйеді жүрегімен
Өзі өсірген мың сан ұлды.
«Ленин, Ленин» деп жырлайды
Өркені өскен ауыл, қала.
Ленин томын күнде оқиды
Үлкен, кіші, қария, ага.
Лепин атын атай білед
Тілі жаңа шаққан бала.
Гасыр бойы толғағынан
Тапқан оны халық-ана.
Өлмейтін жан ел жүрегі
Ленин, Ленин, Ленин дана.

1938

СЕРГО

Өмірлік жап жолдасы данышпаның
Айбатты бір тұлғасы алтын таңың.
Серго, сен бірге туған баурымсың
Сақталған жүрегінде бар адамның.

Грузин, қазақ халқы, орыс, татар
Ардақтап сенің мәңгі атынды атар.
Үйткені алып дене, тапқыш ойлы
Жүзінде ел сырның түйіні бар.

Сен өлдің бітті тыныс... өлді денең...
Гүл қоям қабырыңа жылда келем.
Ел ұлы өлмейтін жан халық сүйген
Сүйемін Серго атынды, сүйе берем.

Жыл туып, жыл артынан өткен сайын,
Шат түрмис сәүлеттеп жеткен сайын.
Қасымда тірі жүрген секілдісің
Жарқырап ақыл, көркі ақ маңдайын.

Сен тірі, талай ғасыр сенің жасын
Халықпен бірге өмірде сақталасын,
Кім бұзар ісің менен өзің соққан
Алтынды ескерткіштің мұнарасын.

1938

ГОРЬКИЙ

Адам еді елім сүйген,
Ойы мұхит, ақылы өрен.
Сарқылмайтын жан азығы,
Суы кәусәр түпсіз терең.
Санқылдаған тау қыраны
Болат түяқ күшті берен.
Қаламынан нұр тамылжып
Қызыл тулар желлідеген.
Октябрьдің сұңқары еді,
Ардақты аты Горький деген.
Көркем сөздің дариясы
Горький халық — Горький өлең.
Горький істің дауылпазы
Топшысымен бұлтты іреген,
Горький өмір гиганты ғой.
Тәбесімен көк тіреген,
Ұлы Максим атағынан

Аспандагы ай да төмен.
Оның жарқын келбетінен
Қекте күлгеси күн де төмен.
Шалқар ақыл ұлы мұхит
Көз жұмғанша елім деген.
Онда тініті жарты ұрық жоқ —
Жерге дән боп себілмеген.
Жүргегінде қасық қаш жоқ —.
Отанына берілмеген.
Онда тамшы қалған емес...
Жанға нұр боп себілмеген.
Ол жазған том бірге жасар
Біздің жаңа өмірменен.
Жауға тілі оқтай тиер
Сүйген елге шам-шырактайды.
Егескенді шанша түйреп
Қойған емес қансыратпай.
Аса тұлпар қатысар ма,
Төске өрлемей, шыңға шықпай?
Қектің жүзін тебірентіп,
Жұлдыз болып шырқап ақпай,
Сөзінен ай, сөйлемнен күн
Халық үшін туып жатпай.
Алтын өлең,

күміс жырды

Бриллиантша жарқылдатпай!

Қойған емес біздің Горький

Күндей күліп,

таң боп атпай.

Сол Горькийдің өміріне
Қара шист қастық еткен.
Жүргегіне қанжар сұғып,
Өміріне уын сепкен
Бандиттерге,

сұмырайға,

Доңыздарға иттен әрі

Мың мәртебе қарғыс айтад.

Жер жүзінің халықтары

Бітсін, дейді дүниеден —

Фашизмнің айуандары.

Жермен-жексен болсын дейді,

Арамызда қалғандары.

ХОШ КЕЛДІҢ

Жарқылдаپ жаңа жылым, келдің маған
Кезімде көңілім тасып масайраған.
Алтынды таңғажайып бақыт заңын
Жырлайын әшекейлеп мен де саған.

Жақында, төріме шық, отыр бермен!
Қонақсың елімізге бүгін келгей.
Сыйлайын құрметіне отанымның
Гаусардай күмісті жыр — жаңа өлеңмен.
Қабыл ал жүргімінің маржандарың,
Сусын ет шөлдесеніз тілдің балын.
Арала саяхат қып отанымның
Көрікті күш сөүлетті бақшаларын.

Қөресің Қавказдағы Қазыбекті,
Төбесі оның бұлттан асып кетті.
Гүл егіп баурайына мал қаптатып,
Көрінді біздің заман еркелетті.

Тұрарсың тамашаға көзің салып,
Қөркіне сұлуының аң-таң қалып.
Сені де жайнатармың, жас қонағым,
Балқытып бақытты бұл пұрга малып.

Қош келдің, жақсы құрбым — жаңа жылым,
Сауық көр, есіт тартқан шаттық үнін.
Боларсың күтті қонақ ауылым
Төгермін көңіл қүйін мақтап жырын.

1938

* * *

Жанаса кеткен ат озар
Жерінен шапқан тұлпардан.
Жақынынан ілген сәт озар
Жаһаннан үшқан сұңқардан.

* * *

Шіркін, қымбат жар құшагы — жанға жәй
Шықпасын күп деген шақтар, батсын ай.
Екі жүрек тынысы бір соққан кез
Кімдер өтер сепі өмірден сағынбай?!

ЕСІЛ

Жағасы жасыл барқыттай
Жайрандап Есіл агады.
Жайрандап Есіл агады
Ағысы қайда барады?
Құміс су ерке сәуледей
Құнде сылқ-сылқ құледі.
Құнде сылқ-сылқ құледі
Құнде ойнақшып жүреді.
Жағасы Есіл жапырақ
Жапырақ емес өрім тал.
Жапырақ емес өрім тал
Өрім талда жеміс бар.
Айдыныңда аққудай
Жұзэм құнде келемін.
Жұзэм құнде келемін
Бал жемісін теремін.
Балдай әуез шығарған
Қаздың әнін тыңдаймын.
Қаздың әнін тыңдаймын
Жәздың әнін тыңдаймын.
Халықтаң туған қанатты
Саздың әнін тыңдаймын.
Саздың әнін тыңдаймын
Мен де саздай жырлармын.
Ернеуінен су атып
Есілің өзен агады.
Есілің өзен агады.
Бетіңс мәндер салады.
Есілдің маңын ел жайлап
Суынан гәусәр бал алған.
Бақытты ауыл саналған.
Есілдің маңы құлпырып,

Жаннattайын жайнаған
Жаннattайын жайнаған,
Есілде бұлбұл сайраған.
Есіл бір алтын қазына
Алқабы алыс таралған.
Алқабы алыс таралған.
Ел үшін Есіл жарапған.

1938

• * *

Тілсіз ғана сезім билер тар бір шақ,
Тез өтеді, созымайды неге ұзақ?
Ыстық қана леп соғады күйдіріп,
Жан жатады өрт ішінде жалында...

СҮЙЕМІН ҚЫЗЫЛ ГҮЛДІ

Сүйемін мен қызыл гүлді
Жанымменен тең көремін.
Құлімдеген гүлім сынды
Жер көремін — ел көремін.

Маган бақыт көрінеді
Гүлдің әрбір шоқтарынан.
Маган енжү тәгіледі
Гүлдің қою топтарынан.

Қызыл гүлім, жайқала бер,
Шоқтарынды алтындағып.
Тақсын сені бақытты ер,
Кеудесіне жарқылдағып.

1938

ЕКІ ЖІГІТ

(Кейбір арамза азғындар туралы)

Тым мәлімсіз бір жас жігіт
Шар айнаға тұрды қарап.
Қейде қолмен сипап жағын,
Қейде кейін шашын тараң.

Терезеден сылаң қағып,
Түскен нұры сұлу күннің.
Құміс күннен ажар алып,
Құлпырғаны көк торғынның,
Бипазданған миуа талдан,
Мын бұралып шыққан үннің,
Оған тіпті әсері жоқ
Кескініндегі қара түннің.

Ол тек қана қазір әуре
Тарауменен шашын кейін.
Саясаттан сәл болғанмен
Етек жыртар салға бейім.
Жас күннен ойдан аулақ
Ренжиді жай әшейін.
Үйқыменен жұмысы жоқ,
Тек жатады түске дейін.

Киңгесін әбден қатып,
Галстүгін тағынған соң,
Кенеседі жолдасымен
Қеше кеште ішкен асын.
Есті алатын «зәмзәм»-дердің
Төмөндерін — таңдамасын,
Ең аяғы көзін қысып,
Қызға істеген ишарасын.
Бастан-аяқ айтып шығад
Саусағына қойып басын.

Сырдың суын бірге жүріп,
Сарқыса да көрмегендегі,
Бүгін гана кездейсоқ бол,
Ішкі сырын бермегендегі.
Жолдасы да күле сөйлеп,
Таң болғандай таңдай қағад.

Тым қызықты іс екен деп,
Қоштап қояд етпей тағат.
«Сен түрегеп кос рюмке
Қағып салып, құйғызып ап,
Иегіңмен ымдаң оған
Істегенсің бір ишарат.
Содан кейін қызды думан»
Дейді, анаған қосарланад.

Алға салад достар жайын,
Неше түрлі қыздың атын.
Айтысады таңғажайып
Сұлулығын тур-сипатын.
— Меруертті күн дер едім,
Егер өзім болсам ақын.
Бар әлемге жаяр едім,
Сүйгенім деп оның атын.
Деп манағы жас мырзамыз
Жолдасына назданатын.

«Ақындардың ақынындай,
Сейлегенде сөз бермейтін.
Қыртиясың қызға қарап
Бойыңа жан тенгермейсің.
Жұрт көзінде мақтанғанда
Төсінді үрып мен-мен дейсің.
Тіпті өзінді Пушкинменен
Тен болмасаң кем көрмейсің.

Қызға жазған хаттарыңың
Махабbat деп келер басы,
Тым дөрекі, тым доғалдау
Әйтседе онды сөз арасы.
Жырларыңың үйқасымы
Тұрғандығы келіп нашы,
Ыспаттайтын бар екенін
Ақындардың сенде атасы».

«Рас, достым, бұл айтқаның,
Мен ақынмын тілге жүйрік.
Махабbat деп талай жаздым
Сұлу жырды ұзын құйрық.
Мен секілді жаза алмайды —

Осындағы үлкен-кішің.
Одан-бұдан сөз құрайды,
Қаламақы ақшасы үшін.
Менде азырақ жалқаулық бар,
Бойыма жар бермейтүғын.
Тағы да бір әдетім бар
Өлең жазғым келмейтүғын.
Қашанғы сол сарылмайын
Жан болам деп өлмейтүғын,
Неге керек басты байлаң,
Бір еңбекке өнбейтүғын».

Бұдан кейін махабbat пен
Жастық тағы сөз болатын,
Мінездеме беретүғын
Таныстардың айтып атын.
«Пай-пай-пай әнеугі қыз
Өмірі есте сақталатын,
Бір жан екен есім кетті
Қөргенімде пүр-сипатын.
Қараашаш деп айтып па еді,
Бізге Әлихан соның атын.
— Я, ол қыздың патшасы екен,
Колға түссе мақтанатын.
— Барайықши бір сылтаумен
Тап сол үйге кешке жақын».
Иіссудың шынылары,
Қарағанда аузы төмен,
Ағып жатқан секілденді
Шарасынан шығып өзен.
Сырлы шкафтан опаны алып,
Бетке сүртті мақтаменен.
Айна алдында біраз тұрды
Пешпеттерін салып желең.
Бәтенкесін шөткелесті
Ыңырсысып айтып өлең.

Айыптамас мені оқушы,—
Кетіппін гой жобаны аттап,
Ең әуслі жігіттермен
Таныстырмай түгел даттап.
Бақытты елдің жасымыз фой
Үйренген жөн әдел сақтап,

Бастапқы ойды кесіп айтпай,
Керегі не бұлталақтап.
Біз ешкімнен жүлде алмаймыз
Бірді боқтап, бірді мақтап.

Екеуінің түсі таныс,
Арғы түбі көлеңкелеу.
Кім біледі жүрген шығар
Жақындарын қылып демеу,
Аз істейді, көп қызырат
Екеуі де жатқан сіреу.
Бір анадан тумағанмен,
Жүргегінің сыры біреу.

Біраз жыл болды бұл екеуі
Кездесоқ боп танысқалы,
Ұшырасып ресторанда
Бас иіп, қол алысқалы.
Сылдыратып рюмкені,
Араққа әбден қанысқалы,
Қызулықпен сый үстінде
Біраз жерге барысады.
Бірі кекеп, бірі күліп,

Бірі аяқтаи шалысқалы.
Кек сақтамай екеуі де
Артынан тез табысады.
Содан бері екеуінде
«Достық» деген туып сезім.
Сырлас болды, тастамады
Бір-бірінің айтқан сөзін.
Бір аяқтан тағам татып,
Бірге киді жібек-сөзін.
Бар болғанда айқап-шайқап,
Жок кезінде етті төзім.
Махаббаттан бал татысты.
Түрлендіріп қызға көзін.
Кей уақытта еске алысты
Екеуі де бала кезін...

Өсек айтып керегі не,
Жіпке тізіп жүрттың мінін.
Сыртқа шашып не қылайын,

Бәйділданың ішкі сырын.
Тек әшейін таныстырдым,
Көрмегенсоң сіздер бұрын.
Жігітіміз байланбаған,
Мінілмеген асау құлын.
Шындықты да жек көреді,
Қотере алмайд көптің сынын.
Жаздығуні бықсытады,
Қыстығуні жүрттың жырын.
Енді оқушым үққан болар,
Бәйділданың кері тілін.
Тағы талай шештірміз
Жүргегінің нәзік қылын.
Борамбай деп атайды атын
Қасындағы жолдасының.
Қаэбалаудың керегі не
Барлығының арғы түбін.
Доғал жағы толып жатыр
Мұның-дағы тарихының.

Құн көрісін «женілдеткен»
Ылай судан балық аулап,
Қотермеші танысы бар,
Жылы ұшырап алған баурап.
Мекемеде аз істейді,
Қөп жүреді ақы даулап.
Өсек сөзге жаны құмар
Дабыл ұрад-қоныраулап.
Көрген жігіт бұл екеуі
«Мәмент» кезін талай андып.
Тез-ак сілтеп жібереді,
Өзгелерден бұрын қам ғып.
Арыздарды қаптатады
Бұрандатып топалан ғып.
Жала жауып күнәсізге,
Әздерін бір таза адам ғып,
Көрсестпеккес тырысады
Жанжалменен көпті данғып.
Көріспенен кесіп өтед,
Жүрген жерін мүлде ылаң ғып.
Кейде бұлар шаңқай түсте
Ұйқылы-ояу жүрер қалғып.

Мұрын бұзып, тіс сындырар
Істеп кетед хулигандық.

Еріккенен жазғаным жок,
Екеуінің сипат түрін.
Кездеспеген оқиға еді
Ойласам да бұдан бұрын.
Тұлкі құйрық түрпатсыздар
Шет жайылып жүрген қырын,
Адамшылық бейнесі жоқ
Қебік ауыз, қызыл мұрын.

Бұлар бір жат адамдарым,
Тап оларға қаным қара.
Келет күнде азулағым,
Жүрегіне салып жара.

1938

ТІРШІЛІК, СЕНІ СҮЙЕМІН

Тіршілік, сені сүйемін,
Койның ыстық, тілің бал,
Жүрегім менің елжірер
Жүзінде қымбат жылым бар.
Құлыншақтай кісінескен
Сенде жастық шағым бар.
Бұлдырап мені қу деген,
Толқыны меруерт ағын бар.

Тіршілік, сені сүйемін —
Алтынды зерлі тацым бар.
Құлкісі күміс, құшагы от,
Қарақат көзді жарым бар
Аузын ашса бал тамған
Ақ мандайлы жаным бар.
Бұрқана соққан жүрек бар,
Гүлдей бір атқан шағым бар.

Тіршілік, сені сүйемін —
Алдында талай жылым бар,

Баладай сүйген есіркеп,
Көгімде күміс күнім бар,
Ішімде жатқан өнер бар.
Аспанға асу-қырым бар.
Қаптаған қалың елімде.
Қарындас, аға, інім бар.
Тіршілік, сенің ғашығың
Дүниеде барлық кәрі, жас,
Сен олармен біргесін,
Сен оларға бауырлас.
Сұлу мүше сымбатты.
Тіршіліксіз тән болмас,
Дүниедегі ең қымбатты
Тіршілік бітсе жан болмас,
Сондықтан сені адамзат
Жарындай мәнгі қиялмас,
Кетем деп сенен ертерек
Төсегін өзі жия алмас,
Қайта сені бөбектей,
Сүйе берер күні-түн,
Жүргегің ыстық,
тілің бал,
Тіршілік, сен бір сұлусын.

Сүйемін сені, сүйемін,
От жүрек бер, жалын бер!
Мейірім бер, ерлік бер!
Кіслік бер, бәрін бер!

1938

КОМСОМОЛ СӘЗІ

Сенен гана бірінші тәрбие алғам,
Сен күн едің,
жүлдыш боп мен де жанғам.
Асқарына өмірдің үшамын деп,
Баурайында талпынғам,
қанаттанғам.

1938

ҚҰЛЫНШАҚ

Кішкентай ғана құлышақ,
Уыз еміп қырда өскен.
Жылқы ішінде ойын сап,
Жұлдыздармен тілдескен.

Еріккеннен тістейсің
Анаңың қыл қүйрығын.
Оқтын-октын кісінейсің
Көк дауыл тентек жүйрігім.

Айға қарап есінеп,
Таңдығыңды кересің.
Құнғе қарап кісінеп,
Көнілге жел бересің.

Кейде желмен жарысып,
Атылып ойнақ саласың.
Тай, құнанмен қағысып,
Жерден топырақ қабасың.

Жеті айшылық жерді алар,
Тұяғы болат болар ма?
Аспандап үшқаш құсты алар
Ерге қанат болар ма?

Бота тірсек, бүйра жал,
Болдырмайтын кеңбісің?
Сымбатты сұлу кер марал
Ер мінер ат сенбісің?

Мен мінген ат белдеуде
Жорықта дайын жарап тұр.
Капыда жауға бермеуге
Шекесінен қарап тұр.

Менде де дайын оқтаулы
Тұр кабурда пистолет.
Шинель мен шлем сақтаулы
Қараймын кейде күлімдеп.

Ал, сен болсан, құлышым,
Ат боларсың арқырап.

Мінер совет ұлының
Мандайы күнге жарқырап.

Лилия гүлдей ашылған
Құлыншағым таң асар.
Ер каруы асынған
Тал бойында жарасар.

1939

ҚҰЛПЫРА БЕРШІ, КЕҢ ДАЛА

Құлпыра берші, кең дала,
Гүлінді күнде терейін!
Жапырағыңмен жасыршы,
Қойныңа мен енейін!

Жасауынды жайнатып,
Алдымға тегіс үйейін,
Нәрестедей балдырған,
Қуанып сақ-сақ күлейін.

Құлпыра берші, кең дала,
Қызығып күнде қарайын!
Махаббат, шаттық бәрін де
Бір өзіңнен табайын.

Гүлінді құшып күн сайын,
Кең бақшанда жүрейін,
Қанбағандай құмарым
Тағы да сақ-сақ күлейін.

1939

* * *

Қүй қозғап өткен өмір бала шақты,
Көзге әкеп күміс көлді ақ шашақты
Шалдуар талдан мінген теңге шұбар,
Елсізде еске түсіп келе жатты.

Ми шіркін, адамзатқа алтын сарай,
Ескісі, ертегісі не деген бай,
Дақ түспей бәрі орнында сакталады,
Көргенің, естігенің талай-талай.

Ми жомарт, менің-дағы жан серігім,
Ақтарып көптен бергі жиған жүгін.
Досына ауыр күнді ескертпек боп,
Маңызды бір әңгіме айтты бүгін.

* * *

Арманы көп,
Айтары жоқ
Кейбір жан.
Өзі «мен» деп,
Елді «кем» деп
Қеуде үрған.
Нығыз басқан,
Қөптен қашқан
Қәрі паң.
Оған бар — жоқ,
Бетінде ар жоқ
Антұрған.

ҚОШ, БАУЫРЫМ

Қенеттен алып үшты, жүрек жанды,
Қайғылы сүйк сөзді құлақ шалды,
Сұңқылдарап радио хабар шашты
Тыңдады барлық әлем, қайғыланды.

Өлді кім? Валерий ме?.. Тандың ба естен?
Аспанды тұрақ еткен, бұлтты кешкен,
Өлімге кім қияды Чкаловты,
Бақытты Отанымның нұрында өскен.

Аспанда ол жүрген шығар ойын салып,
Ер қыран айды айқайладап, күнді оралып,

Жазық төс, болат қанат, құрыш құспен
Бұлтты ойып, жұлдыздардан алқа тағып.

Чкалов арыстаным бүгін өлген,
Жанарап отты көздің мәңгі сөнген.
Валерий арамыздан кетті біздін,
Ерлігін Отан сүйген көзбен көрген.

Кош, герой! Қалар есте атың мәңгі,
Шын сүйген партия мен ұлы Отанды,
Жүректің түкпірінде сақтар халық
Қымбатты Валерийді ер қыранды.

1939

* * *

Жауыз ойлап, жалған құлме!
Жаңың таза болса егер.
Жәдігей боп өмір сүрме,
Арың таза болса егер.
Айтқаныңа басынды сал!
Ақиқатын ойласаң.
Тұрдым деген жерінде қал.
Адамдығың жоймасаң.

* * *

Ғабиден сұрап сдім насыбайды,
Бермесең де көңілім жасымайды,
Несіне сонша сараң бола қалдың
Шақшанды сұрағам жоқ басыбайлы.

ҚАРЫНДАС

(Спортиши қыздарға арнаимын)

Жүзі гүлдей жайнаған,
Қарақат көзді қарындаст.
Киіктей тауда ойнаған.

Сағымменен аралас
Қөзіме менің көрінді.
Көрінді де салды ой,
Ақ жібектей төгілді
Ақ арудай біткен бой.

Ат секірмес биқтен
Ақ алмастай жарқырап,
Ақ бекендей атылды
Антарылды жұрт қарап.

Тұр ем қатып көз тігіп,
Атылған киік лағына.
Қызың күбылды жұз күліп,
От қойып ақын жаныма
Колан шашы құңдыздай
Желмен ойнап құлпырды.
Көз алдымда жүлдыздай
Қызың тұрган жок, күн тұрды.

Астында асаяр арымак
Солқылдатып қара жер,
Қызың шықты тағы зымырап,
Өнерімді енді көр —
Деді ме көпке бір қарап,
Қынаптан қылыш суырды,
Заулап акты астында ат
Жер апшысын қуырды.
Күнмен қылыш жарқылдал
Қызың қолында ойнады,
Ағашты кетті ол турап
Бір талын да қоймады
Кескір қылыш, өткір қызы
Ел ынтыға қарады.
«Бақыттым» деп «армансызы»
Жұрт жанына балады.
Қарақат көзді қарындас
Атпенен мың қүбылды,
Тандану,
сую аралас
Мындаған көз сүрінді.
Арнасында тұра алмай

Ақыннан да сөз кетті,
Асыл қызға жыр арнай
Асығып қалам тербетті.

1940

ЕКІ ӨЗЕН

Мындар жыл аққан кәрі Еділ
Қасқая тіліп жерімді,
Келмеген кім бар саған бір,
Сүймеген кім бар Еділді.

Жағанды туған бауырым,
Ақ жарқын орыс ұлдары,
Ән-күйге бөлеп ауылын
Атынды атап жырлады.

Еділ, Еділ деді, Еділ,
Еділім елдің өзегі,
Еділ, Еділ, Ақ Еділ,
Еділім орыс өзені.

АИРЫЛЫСҚАН ДОСҚА

Деушілер сені саналы жан
Өзімді де әм сондай,
Біріміз нүр жанаң Шолпан
Екіншіміз алтын ай.

Мен де Шолпан емес екем,
Аспандағы сен де ай,
Біз жабайы жан екенбіз
Қез болысқан тек былай.

Оған міне жетті көзім
Ашылды сыр, бар жұмбак,
Айтқызғандай соңғы сөзін
Айналаның бәрі айғақ.

Саған кінә тақпан жалғыз,
Сақ сындырма, есен бол!
Әлі талай жолығармыз
Көш көптікі, бірге жол...

БІРЕУГЕ

Қолденендең әр жердең кез келесің,
Сүм ниетпен күнде қырық өзгересің.
Өзің алтын секілді жарқ-жұрқ еткен
Адам алмас өзгені жez көресің.

Тұңғиық ой түбіне бір бармаған.
Өз ананды сүмдүкпен күнде арбаған...
Ішің жауыз... Қап-қара жан жүресің,
Ит екенсің, ежелден ел қарғаған.

* * *

О, Мұсекен, Мұсекен,
Сөзі жарқын кісі екен.
Қола да екен, мыс екен.
Түнде көрер тұс екен.
Жылдаپ қусаң жеткізбес
Сабаз, үшқыр құс екен.

МЕНМЕНГЕ

Ақылым сенен артық деп
Асқақтап менен нетесің?
Басқалар бір «тантық» деп
Жалғыз сен кімге жетесің,

Өрт таптаған жердей-ак
Маңайын гүлсіз қарайр,
Жайынды көріп жабырқап
«Сорлы» деп сені жан аяр.



1954 жыл. Ж. Саин, Н. Хикмет, М. Әуезов және М. Кәрім
Украинаның Россияға қосылуының 300 жылдығын
мерекелев күндерінде.



1926 жыл. Кекшетау балалар коммунасы. Алдынғы катардағы екінші отырған Ж. Саин.

1960 жыл, Ж. Саин, зайбы Екатерина Михайловна және
қызы Баян.





• 1939 жыл. Ж. Саин және зайыбы Екатерина Михайловна.

* * *

Жабықсан жаман қасында
Жаныңа ажал төнді дер,
Еңкейіп басың сүйемес
Ер жұлдызы сөнді дер.

САП-САП!

Сап, сап, көңлім! Сап, сап, шіркін, сабыңа!
Айтарым бар деп қыстама тағы да.
Сөгер біреу сені бурыл тартты деп,
Қарамай-ақ өз шашының ағына.

Сап, сап, көңлім! Сап, сап, шіркін, сабыңа!
Мен көз жұмбай тыным болмас жағына.
Кезенгенін қыып түспей ежелден
Қайта түспес алмас пышақ қабына.

* * *

Құрес, тартыс алып күшпен қызады,
Ескі өмірді құсті қолдар бұзады,
Қәрі дүние түрленеді, жайнайды,
Қөне тартқаш жүзінде нұр ойнайды.

Жаңа заман өз дүниесін ашады,
Зор адыммен асуладардан асады,
Жасартады, жаңыртады өмірді
«Қызында соғып қатты темірді».

Мұнда да іздер алшаң басқан салмақты
Басқа іздерден көрінеді әруақты.
Құрады олар қирағанды жаңартып
Жердің үстін ескілерден тазартып.
Тынымсыз қол, қимылдагаң мыңдардың
Құрестері
 жаңа белес жылдардың,
Дүниеге құрды жаңа дәуірді
Жасартты да өзгертті ескі ауылды.

* * *

Шалқар, Шалқар!

Бала кезден таныспын,
Сенде талай жалаң аяқ жарыстым.
Тек қолыма беріп қойып гүлінді,
Сонда менен неге бұktің сырныңды!

Неге айтпадың құлағыма сыйырлап.
Неге тұрдың жан баладан сыр ұрлап,
Жаздым соның ертегісін ұласқан,
Соның сөзі сырныңды ашқан жыр ашқан.

ДОСПЕН СЫРЛАСУ

Өтер күң, сағымдайын өтер жылдар,
Қартаяр сансыз адам өмір зырлар,
Сенімен біз жайланаған Қекше сырны
Жыр етер сұңқылдаған талай ділмар.

Қауданды, қарағайлы жерін де айттар,
Сүйікті қызы көзіндей көзін де айттар,
Жаз бен қыс баурайында мекендергей,
Меймандос берекелі елін де айттар.

Біреулер сырлы, жұмбақ қызын да айттар,
Бұлт басқан тау өркештеп күзін де айттар,
Мақтасар аспанын да, жерін-дағы
Қыратты, жоңышқалы түзін де айттар.

* * *

Жүр менімен енді ілгері сен бірге,
Бақыт пенесі мекыннатты жең бірге.
Мезгіл-мезгіл үрлеп ыстық лебіңмен
Махаббаттың жанған отын сөндірмел!

Сезбедім мен, жүрдім ұзақ сезбедім,
Алаңымен өмірдегі өзгениң.

Шіркін, жүрек, білмей қалдым сырынды,
Жанған өрттей лауларынды кезбедін!

Құндіз өткен... Жай өтпеген ұрланып,
Білте шамдай жана берген сұрланып,
Енді міне қарағанда жүзіңе
Абыржимын бір тұтанып, бір жанып.

Бұл иемене? Қан мен жанды терберген,
Тілмен айтып жеткізуге келмеген,
Жүргегімнің айгайы ма шақырған,
Сөлімі ме тал бойымның сен деген.

Не болса сен әкелдің, сен бердің,
Жұмбақ сырлы бір жолменен мен келдім,
Білмей қалдым жолда жанар жүректі,
Білмей қалдым тірілерің өткеннің...

* * *

Одан да биік аспандап
Мен тынысыз ағармын.
Мүмкін осы бұлтыстан —
Кек бақасын табармын.
Бұлтыстан бұлтқа сөгілермін
Кекке асармын тағы да,
Адам мәңгі өлмейтін
Көздесер шаштал багыма.

* * *

Жел болсам тегіс құшып өбер едім,
От болсам жылуымды себер едім,
Амал жок, алышбайды-ау, дос жолына
Сый етіп жүргегімді берер едім.

Дән екsem жерге достық егер едім,
Бұлт болсам соган тамшы себер едім.

Жайнаған гүлден гөрі, ыстық құмра
Дос үшін жылда айналып келер едім.

Жұрсе де біреу сырда, біреу қырда,
Қосылар дос жүргі әрбір жылда,
Тұысқан алыстағы қырғыз достан
Ардақты Қасекен де отыр мұнда.

Алындар,
көтеріндер шараптарды,
Таң болып күміс бокал қарап қалды,
Кәнекей, мадақтайық, көтерейік,
Достарды, сый, құрметті дастарқанды!

• • •

Көзіме не елестейді алыста
Жұмбақ емес жаста көрген таныста,
— Ей, жолдас-ау,
айтши мынау көш жайын,
Таңданбаңыз!
Біз көреміз күн сайын!
Не қылған көш?

Бұлар қайда барады!
Бедірейіп бетіме ол қарады.
Неге сонша тамашалап сұрадын,
Сығандарды білмейсің бе, шырағым.
Ауыл емес, сығандар ғой, сығандар.
Байқамаппын, тым алыстан кім андар,
...Өткен ғасыр, өшкен өмір қалтырап:—
Катын, бала, қоқыстарын артып ап,
Бір топ сығап көз алдыма басылды,
Ақты, қара, қызыл менен жасылды.
Күйме жеккен...

Аттары арық, кемпір, шал,
Жігіт, қызы, жас баласы тағы бар.

Жұздеген жыл сыған біткен көшеді,
Қыста боран, жазда селдер көшеді,
Көрген жандар:— тұрағы жоқ, жері жоқ
Сыған жел ме, жел сыған ба деседі.

• * •

Лапылдаған жалыны бар кеудемін
Мұзды дауыл бүрқанса да сөнбейді,
Қызыл шоқтар шалқар көкті өрлейді,
Маздайды от,
 қызырыады маңайын,
Кел, достарым, құшағыма, кел дейді.

Мыңдар сүйіп
 күш береді, үрлейді,
Шылқиды үшкүп сөнуді бір білмейді,
Отты құмпир жандар мені қоршайды,
Түп билеси маңайымшаш жүрмейді.

Қызыл жалын
 лапылдайды, маздайды,
Каулай атқаш екпінінен жазбайды,
Лицьырады жалынды өлең жолдарын
Көңдергімді күйдіре де жаздайды...
Қызыл шоқтан жаратамын жырымды,
Ыстық леп күйдіреді тілімді,
Тұлды өлең жүргегімнен балқыған,
Отты сезбен мадақтаймын бүгінді.

Қүндер батсын, таңдар атсын жаңғырып,
Өгей жандар дала кезсін қаңғырып.
Мен ортаңда үшқындарың болармын,
От жүргегім қилар менің мәңгілік.

• * •

Тітірсейді, қалышылдайды жер мен көк,
Нажағайға қарсы тұрар дәрмен жок,
Қара бұлттар соқтығысар аспанда
Таңғажайып табиғатта сырлар көп...

Жел құтырып кейде дауыл шақырап,
Ойран етіп жер, аспанды сыпырап,
Тыныш жатқан теңіз кенет жынданар,
Кемені ұрып, су тубіне батырап.

Құркіретіп, дірілдетіп жай үстіш,
Бұлтты кезер жарқылдаған нажағай,
Дәл нажағай секілденіп бір үшқын,
Өн бойымда тұтанады, ғажап-ай,!..

Үшқын менен қызыу бір салырған,
Бұрқылдаған жүргегімнің қаны бар,
Нажағайдай жарқыл қағып атылған,
Жалын болмай өмірдің не сәні бар.

ПОЭМАЛАР

ПИЛОТ СЫРЫ

I

(Генитов Қайсаң жолдасқа ескерткіш)

Көк мамық ұлпілдеген жерде көгал,
Сымбатты сұлу ұла бәрі өміртал,
Бис иді, көл кусырды сөлемдесті
Секілді секендергі мен көрі шал.

Сөлемін бәрінің де қабыл алдым,
Қүндей күлдім көз салдым,
бір жасардым.

Жар төсегі секілді сәнді дала
Қоқорайни көрпе гып жатып қалдым.

Жер үстінің бар түгі: қызыл-жасыл,
Қошаметтен үстіме лақтырды гүл.
Орман қүсы, даланың бытбылдыры
Құттықтайды:
«Сыйың» деп төгілтіп жыр.

Тұкті мамық төсегім, жастығым гүл,
Мен жатырмын шалқамнаң төгіліп жыр,
Жерге нұрыны себелен тыным алмай,
Тәкниппар, күдіретті күн аспанда жүр.

Маган көзін тігеді алыстан күн.
«Алтын айдай» ардақты дей ме еken кім
— Ей, санасыз дүниенің шырақшысы

Мен адаммын ардақты, білмеймісің!
Балаусалы балғынды, гүлдей жібек,
Қарақат, бұлдіргенді, сай үлпілдек,
Әне көл!

Айдынында ақ күмістей
Шомылған сұлу акку жүзіп үйрек
Қаңқ етіп айна көлден үшты әне қу!

Қетпе деп жалынғандай көлдегі су:
Шалл етсе,

қанатымен сабалайды,—
Ақку құс сыландаған бағылан ту.

Жоқ онда енді артына мойын бұру,
Қош бол деу,

айдын көлге тәжім қылу
Ақмарал су еркесі көз жаздырыды
Бұлтпенең араласты аппақ сұлу.

Сүқтанип қызғанышты көзбен қарап,
Қаққанын қанатының түрдым санап
Шырқады, сусылдады, жүзді, кетті
Коршаган бір жақ бетін иірім тал,
Өзеннің қойнауыттау бір жері бар
Жыландай бұраңдаған су тасқыны
Оқшиып соғаш төніп тұрады жар.
Қанды су дес атайды адам жұтқан
Бұл жерді ертек етіп кемпір мен шал.
Жақындап жағасына барған жанға,
Жалақтап тұргандайын төніп ажал
(Қарағым, қарындастым, қапы болма)
Ашулы бараз жерді ақылға сал!
Итерме өзінді өзін қазған орга
Қыстама шыбынынды кезеңде тар!
Бұралған балдырғандай, қарындастым,
Алдында әлі де үміт-тілегің бар...

VIII

Өрмелеп келе жатыр биік шыңға,
Қайғылы қара түндей батып мұңға
Аһ үрүн тас жүргі жарылғандай
Бөлсөніп қайғылы үнгө, зарлы жырға.
Ақкудайлай пайдын көлге жүзем деген,
Жарқылдан күміс қашат шомып нұрға —
Қерілген ақ маралдай қыздың жапы,
Ілініп тұргандай-ақ жалғыз қылға.

IX

...Елестеп көз алдына бір жылы жүз,
«Қайтесің» дегендей-ақ «Күләнда, сіз»
Қайғымен қатуланған қыздың бетін
Өзіне магниттей бүрдыш еріксіз.
Қадалып бір нокаттан көз алмады
Ізіне түскен біздің геройымыз

Құбылып ақшыл беті қызыл тартып
Күбірлеп сөйлей берді қайғылы қыз.

Күләнда:

«Қарайсың маған неге көзінді алмай?
Мен тоты сүм өмірден өткен зарлай.
Бесіктен меҳнаттың уын іштім,
Мандайда бақ жұлдызым қойды жаңбай
Зарлаумен су түбіне кетем міне,
Тұрмыстан қызық көріп, ләззэт алмай,
Есімде жалғыз ғана ана сүті
Тілімнен дәмі кетпес шекер, балдай,
Өлім мен тіршіліктің тартысында
Дал болған әуре-саrsaң мен сормаңдай.
Тасташы, мені оңаша, құрбыласым,
Дерт қосып жүргегімс қайғы салмай».

Елес:

«Лағнат сүм тұрмысы бай-патшаның,
Ойласам менің-дағы қайнар қаным.
Жағатын туар ма екен алдан өмір
Адамға мәңгі сөнбес бақыт шамын
Мен келдім жәрдем қолын созайын деп,
Естіліп құлагыма зарлағаның!
Өлімнен сені алып кетсем деймің,
Кезбесі болсам-дағы сахараңың
Күреспен күтсек деймін алдымыздап,
Бейнетін, меҳнатын, не салғанын...
Алтайдың құлан ілер сандағындај
Дұшпанның майдандасып ішсем қанын
Көз жасын сөйтіп қана тыйсам деймін
Зұлымнан жапа көрген жан-карғаның
Қолың соз, білегінен үстат маған
Жан қияр өмір серік бола аламын
Құшайын — жұбайым,— деп Құләндашым
Жүректе қаулаң жашған сөнсін жалын».

Күләнда:

«Танимын... сүйем сені, тілінді ұғам
Ұялам кеш сөзімді... тәжім қылам
Сен маған достық тілек білдіргенде,
Сыр ашпай мен орынсыз еттім шыдам.
Келдің сен міне тагы құшақ жайып,

Олімге, бел буганда... шыгарда жан...
Құрысын жылау-сықтау, қайғы мен зар
Міне қол, тәуекел деп ердім саған.
Есметке енді мен жар бола алмаймын
Тартыса үлесімді аlam онан».

X

Селт етіп есін жиды қайғылы қыз,
Жоқ болды елестеген алдынан жүз
Құләнда жан-жағына қарап еді;
Көрді өзін жар басында тұрған жалғыз
Күн шығып, мал өріске кетіп қапты
Тіршілік кимылына бөленіп тұз.
Ұйқыда көрген түстей манағы істен,
Мында шырматылып қалғандай із.

XI

— Апырм-ау, әлгі Әбікеш кетті қайда?
Дыбыс жоқ, жан көрінбейд бұл маңайда
Елес пе көз алдыма көрінгендер,
Ауды ма менің есім, әлде жай ма?..
«Сәулем» деп құшағына алып еді,
Ұқсаған жан саясы күн мен айға
Асылып иығына мен тұрғанда
Күп пұрын төгіп еді ақ маңдайға
Деді де ол өз-өзінен дауыстады:
«Әбікеш, кеттің қайда, кеттің қайда?»

XII

Ойлады ол басташ өткен істің бәрін:
Өзінің жас өмірін,
ауыр халін,
Ананың бауырында өскен балалық шақ
Алдынан бұлдырады болып сағым.
«Ah» деп жааралы жас өксігенде
Аузынан дем орнына шықты жалын
Қөзінен ыстық жастар тамшылады,
Сәбидің аулы сүйген «жан-қарғанын».
Еріксіз еріндері дір-дір етті,
Мұнды қыз қасіретті Құләнданын,

Қанды жас көзден аққан жуып кетті
Ұстаган қолындағы орамалын...

XIII

ҮІзғарлы биік жартас суға шөккен,
Бауырында талай мұнды жасын төккен.
Елжіреп қыздың басын сүйемейсің,
Жүргегін сениң қатты не себептен?
Бауырында Баян сұлу қаза тауып,
Зарлының құлағына даусы жеткен.
Жартасты талай шерлі баспана ғып,
Қаңғырып жылдар бойы мекен еткен
Түн түнеп жетім қыз да күйін тартып
Боздаған,

сүйегінді елжіреткен.

Солардың аңы зарың адамға айтпай,
Келесің жүргінде сақтап көптен...

Екінші өлең

I

Ұл тауып Сауыrbайдың Ақбөпесі,
Қуанып үй ішінің кеткен есі.
Далиып Қаржаубай шал құлімдейді
Шаттанып, туғаныша немересі.

II

Алыстан, ел арасы жақын жерден,
Адамдар сапырлысып тойға келген
Әр үйде әрбір тобы гуілдесіп
Мәжіліске өздерінше көрік берген
Ақылды сөз иесі қариялар,
Шұбыртып нақылдарын аттай желген
Сыр ашып бір-бірімен сұқбаттасып,
Айтысып қызықтарын жаста көрген.
Куаттап, көтермелеп отыр кейі
Шешен тіл қарияны, ескі жөнмен
Ырғалып ақсақалды тағы бірі
Ағытты әңгімені өткендерден.
Ерлікті, батырлықты мадактады,
Қозғады ертегісін Жүйемерген.

III

Ас ішіп болған кездес жұрттың бәрі,
 Жігіттің той бастаған шықты «жары»,
 — Халықты қыр басына жиналсын,— деп
 «Атшабар, атшабарлап!» хабарлады.
 Сурылып топтан шығып ат кеткенде
 Қез болды сыналатын жігіт бағы.
 Тойшылар қақ жарылып бөлінді де
 Палуаның даярлады екі жағы.

IV

Басталды қызық құрес, ұлы думан,
 Қем емес екпіндері есрафелдан,
 Ұстасып, екі-екіден жағаласты
 Жігіттер құресуге дайын тұрған.
 Бір жігіт ұзын бойлы, шойын қара,
 Ерекше көзге түсті жеке-дара,
 Шоң желкес, алақан көз, жырық еріп
 Денесі алқам-салқам бір дағара.
 Бір деммен ұстасқанды тымақша ұрып,
 Жапырып жібергендей жерге тығып.
 Қаймығып оған қарсы жан шықпады,
 Әр жігіт әр нәрсесін сылтау қылып...
 Біреулер:— мұның өзі бұзық,— деді,
 — Тым ожар, құресі де қызық,— деді,
 — Тойында Тоқсанбайдың бір палуанды
 Талдырған, жіліншігін үзіп,— деді...

V

Көрген соң мына жақтың ол ыңғайын
 Мақтанды жан теңгермей барған сайын.
 Құжірейіп кең ортада отыра берді,
 Дегендей құрессіз-ақ бәйгем дайын.

VI

— Бұл мің,— деп,—
 Әмірде өшпес біздің топқа
 Табаның алғандай-ақ басып шоққа,
 Ашулы Есенгелді айғай салды.

«Мен» дейтін бұл елде үл туған жоқ па?
Барлық ел селт еткендей жалт қарады,
(Зілді сөз тастаған соң ақсақалға,)
Суырылып топтан шығып келе жатқан
Халықтың көзі шалды бір баланы.

VII

Дембелше, бала жігіт, орта бойлы
Өзіне бір қаратты ұлы тойды
Қиімін шешінді де, шекпен киіп
Палуанмен ұстасуға бетті қойды.
Тәкаппар түйе балуан,
шойын кара,
Мысқылдан күлді оған «қой» деп «бала»
«Жағаңнан ашуменең мен ұстасам
Болмай ма сүйектерің пәрә-пәрә!?Оле алмай сен сықылды жүрген ишеме
Кетпей ме әркімдерге артып жала!
Шырағым, әлінді біл, жөніне көш
Өзіңе басың олжа жан сауғала!»

VIII

Қараның сөзі оған жамаң батты,
Долдантып журегінде кек қайнатты
«Сұраусыз өлсем құным сен иттен» деп
Ыззали жолбарыстай жігіт атты
Шап етіп, бір-біріне тиді қолы
«Қап бәлем,
өлтірмесем осы жолы»—
Дегендей қабактарын қарсы жауып,
Дәу қара уысына алды оны
Қапсырып жағасына кетті үйіріп
Жерге ұрып жіберердей талқаш қылыш
Үршықтай бала жігіт дөңгеледі,
Қолында «дәу перінің» сүйретіліп
Сол кезде қалың көpte қалмады үрей,
Өлтіріп тастайды-ау деп мынау дүлей,
Япырм-ай, япырм-айлап састы бәрі,
Жас төгіп көздерінен кәдімгідей.
«Әуп» деген қатты дауыс шықты және
Лебінен жанғырғандай болды дала,

Дәу қара пәрменімен лактырғанда
Дік етіп тұра қалды әлгі бала.

X

Сонда жұрт үћ дей бір демін алды,
Ұрандап отырган топ айғай салды.
Жас жігіт дәу қарага қайта ұмтылып,
Шап етіп қоян-қолтық келіп қалды.
Бұл жолы бала жігіт аңдып бақты,
Қараны өшіктірді, іліп қакты,
Өктем гып жұлқуына бой берместен
Сіресіп орынында тастай қатты,
Балага ел көңілі енді толды,
Жүректең қорқыныштың оты сөнді,
Кез келіп екі арыстан шайқасқандай,
Бір қызық күрес үсті майдан болды.
Тістесіп, сүзгілесіп олар жатты,
Алысып жағаларын сілке тартты,
Үршықтай бірін-бірі дөңгелентіп.
Лактырды, жердін шаңын бұрқыратты
Қармақтай майыстырып дәу қараны,
Қайырып бала бір кез шалқалатты,
Жан дәрмен ол да аяғын босатып ап
Жірітті сыпырадан бірер қакты...

XI

Еңкейіп иыққа иық тірсседі,
Бұрғыштап аяқтарын білеседі,
Ұмтылып шаламын дең жігіт тартса
Дәу қара кейіп қарай сіреседі.
Күш алып кейде қолдар сартылдайды,
Үйіріп бірін-бірі алқымдайды,
Қөтеріп жамбасқа алып сілтескенде
Аппақ боп балтырлары жарқылдайды,
Қалың топ көз алмайды палуандардан
Құтетін батса да күн, атса да таң.
Дуылдап қиқуменен қөтереді,
Жұлқыстың дүмпуімен шыққанда шаң
Бір кезде бала қатты айғай салды,
Бір істі күткендей топ тына қалды,
Серейтіп сирактарын өлген жаңдай

Қараны жерден лез жұлып алды.
Тымақша дәңгелентіп айналдырды,
Үйіріп-серендетіп біраз журді,
Сол бойда қымылдауға келтірмestен,
Тулақтай тарс еткізіп жерге ұрды.

XII

Балуанға ел дүрлігіп құрмest етті,
Айқайлар қуанышты қекке жетті,
Той бастап, әдең сақтап жүрген жігіт
Қолтықтап өз тобына алып кетті.
Разы боп ақсақал шал Есенгелді
Қасына бұл жігіттің таяу келді.
Әдеппен балуаш оның қолын алып
Иіліп карияга сәлем берді.
Ол айтты — мен көрмеген бала кімсің.
(Әрқашан мерейінді үстем қысын).
Егер де осы жерде туған болсан,
Жасырынып көзге түспей қайда жүрсің?
— Уа, ата,

жаһан кезген мен бір бала
Менде жоқ туған-тыс, ата, ана
Біреудің малын бағып, отын тасын,
Басымды асыраймын жалғыз ғана.
Әбікеш өзім атым қойған жастан
Әкемде үл жоқ екен менен басқа,
Тағдырда жазу солай болғаннан соң,
Еш шара болмады елден айрылмасқа.

XI

Естіген жігіт сөзіп Есенгелді,
Кемсесінен өзінен жылай берді,
Есіне әлденелер түскен жаңдай
Тұнжырап таяғымен шұқып жерді
Бір кезде ол көтеріп алды басын,
Женімен сүртіп қойды көзден жасын,
Бұйырды бір жігітке шапшаң кел деп
Әсеттің алып кел деп ақ аласын.
Ол барып ақ аланы алып келді
(Ойнақы бір ат екен еті желді).

— Қарағым, сагаң берген сыйлығым,— деп
Шал тастап Әбікешке жүре берді.
Біле алмай аларын да, алмасын да
Әбікеш тұрып қалды ат қасында,
Ойлады бір сыр бар деп ақ аланың,
Тегінде осы шалдың көз жасында...

XIII

Тұр екен ақ ала да оттай жайнап,
Жер тарпып ауыздығын қарш-қарш шайнап.-
Қайышылап қос құлағын аңда-санда
Карайды тым алысқа одагайлап
Жібектей судыраған қүйрық-жалы,
Өр кеуде, омыраулы, бөкен саны,
Тұяғы от орнындай, салпы ерінді,
Жанына кім баламас ақ аланы?

XIV

Тұс ауа осылайша той тарады,
Жамырап қайтты үйіне жашың бәрі,
Есметке шаншудай-ақ жаман батты
Бұл тойда інісінің жығылғаны
Бәйгеден ен болмаса аты келмей,
Тайғандай болып қалды бастан бағы
Ойлады ол қолдамады қалайша деп,
Қислі ата-бабам аруагы.
Бұл елден бір озбырлық көрген жандай
Қайтты ол ауылына сыйып сагы.

XV

Әбікесін ақ алапы жетекке алып,
Үйіне Ыбырайдың түсті барып,
Бәйек боп қара кемпір күтіп алды
Басына жастық қойып, көрпе салып.

XVI

Әбікеш бұл үйменен көптен таныс,
(Болса да жылқы баққан ауылы алыс)
Ерігіп қоста жатқан жылқышының
Келідей жүрістері шәлкем-шалыс,

Өткен күз жылқылары бұлар баққан,
Осы елге жақын жерде үш ай жатқан,
Сол кезде жылқышылар кезектесіп
Сауықшыл осы ауылды жағалатқан.
Бір күні кезек тиіп Әбікешке
(Бұл-дағы жалындаған жас емес пе?)
Желдіріп осы ауылга жетіп келіп,
Кез болған естен кетпес қызық кешке.

XVII

...Думан ғып жатқан сол кеш өңшең жастар
«Жас құрбым, деген бұған отыра қал»
Әзілдеп қыз, бозбала ортаға алып,
Қағытқан жігіт кой деп, өнері бар,
Қайырған әзілге әзіл бұл да саспай,
Бөгелмей жүрексініп сөзден қашпай,
Тоқтаган мұның берген жауабына
Қадалып отырган топ қаратастай...
Сол кеште жібек киген,
алқа тағып,
Қөрікті талай қыздар сылаң қағып,
Төңкеріп қара көзін бір тастайды
Жігіттің жүрегіне оттар жағып
Жүзімен қаранды үйге нұр түсіре,
Бөлейді күндей күміс күлкісіне,
Мың түрмен қарсы алдында бұландаиды
Кейде ұқсап қырдың қызыл түлкісіне...

XVIII

...Талай күй,
талай әсем әпдер кетті,
Талай қол домбыраны безілдестті.
Бір кезде төрде отырган Әбікешке
Ойынның кезегі де келіп жетті,
Әбікеш домбыраны колына алды,
Қоңырау бір сарынды әнге салды,
Басылып гүілдескен үйдің іші,
Бәрі де су сепкендей тына қалды
Сарынды ән бір қалыптен баяулады,
Кейде алыс,
кейде жанға таяулады,

Аттыдай кей жерінде жортып алып,
Тоқталып кей мезгілде жаяулады.
Безілдеп кідіргенде эн аяғы,
Өтінді отырган ел айт деп тағы
Қандырып мейірлерін тыңдағанның
Әндерден айтты біраз Арқадағы.

XIX

Отырган әүесіне әннің еріп,
Барлық жұрт бір қозғалды қөнілденіп,
Кездескен қолдененецңен бір жылқышы
Ойынга жібергендей көрік беріп
«Тағы айтсын, бөгелмесін айтсын тағы».
Деп бір кез әнге еліккен ел шулады
Не деген тамаша еді мынау бір деп,
Қыздар да бір-біріне сыйырлады
Бір жігіт деді: «құрбым демін алсын,
Біздің де әнімізге құлақ салсын,
Көрдім деп құрбылардан сый-құрметті
Разы бол қостарына айта барсын».
Бұл айтқан төрелік сөз көпке ұнады
Теріс дер ешбір пәнде табылмады.
Ойының тәртібінше басшы жігіт
Ретпен жагалатты домбыраны
Біреулер домбыраны дыңылдатты,
Қақырынып,

мойның кейін бұрып жатты.

Әркімнен әрқиылды бол көп алдына
Кеңекпен ән түрлері шығып жатты.
Әрине, оған халық құліп жатты,
Қу тілмен кейбіреулер іліп жатты
Ойында еркелік жоқ дегендейін
Бәрі де көпке майдай сіңіп жатты.

XX

Бір кезде бір ән шықты көкке зулап,
Жиын да тыша қалды жатқан шулап,
Әркімнің тұла бойын шымырлатты
Жаңылтып сстерінен әбден улап
Зымырап көк жүзінде гүілдеді,
Балаша жеммен ойнап уілдеді,

Толқындай кей кездерде төңкеріліп
Тымықтай кейде ештеңе білінбеді.
Аспандап кейде бір кез тұрып алды,
Айналып ай қасында жүріп алды.
Жарқылдап түсетүғын нажағайдай
Зымырап бұлт ішіне кіріп алды.
Бұлақтай таудан аққан сылдырады.
Оралып жүргегінің дәл басына
Әдемі ән әуезін түшініп
Шымырлап жұрт деңесі әнді жұтып
Сол минут тіршілікті кетті ұмытып.
Бөлөнген осы қүйге сезгіш жүрек
Соғалмай, ән аяғын тұрды күтіп
Өскен ел әнді сүйіп бала жастан
Отырды тырп етпестен, қозғалмастан,
Қыз-дағы даусын мыңға құбылдырды
Ән сазын өткізгендей қара тастан
Тыңдады ел ар жақтағы, бер жақтағы,
Ән кернеп, дүниені сел қаптады
Қетеріп төбесінс балапандай
Әншісін мадақтады, ардақтады.
Құбылып, бүктетіліп ән тоқтады,
«Үң» деді

кіргендей бол жүрттың жаны...
Кемпірлер тұс-тұсынаң шулап кетті,
«Қарағым,

қарағымдап» қыз баланы.
Әбікеш танырқады есі кетіп,
Жүрегін балбыратты ән тербетіп,
Ынтығып әнші қызға қарай берді
Сүйкімді қара көзін мөлдіретіп...

XXI

Қызды ойын тұн ортасы болған шакта
Отырып, қыз бен жігіт аралатпа,
Кол соқпақ,

қызды мактау секілденген
Ойындар жүріп жатты жағалатпа.
Зар шеккен боран бүркіп тар заманнан
Жарты тұн бастарына ерік алған
Тордағы тоты құстай қазақ қызы

Сырласып сүйгенімен шықты арманнан...
Бірі айтып оның сөзін бірі тыңдал
Біреулер ішкі сырын көзбен ұрлап,
Әйтсөз осылайша ойын қызып,
Тынымсыз жастар жағы жатты жырлап.

XXII

Әбікеш қасындагы әнші қыздың,
Жүнде қарай берді шыгармай үн
Тек кини бір мәнгілде сөз бастанды
Аттының кім болады, құрбым, сіздің?
Сапарға ол «Күләнда» деп жауап берді,
Сойған де, үйнеді жаңдай шерлі,
Жылғасын алға, алға содан былай,
Екі жас ғана келді, кеңеске енді...
Етімен талай талай сөзге барды,
Жұмбықтан сойлессе де көпті аңғарды
Інде көле алдекалай қыз мұңайып,
«Бақытсан бір жанимын» деп айтып салды
Қыз түрт көрінбейді шаштың сыр,
Сондайктан соғдің артын қазбады бүл
Омады шармалу бүл иеткен жан деп,
Мендең күрг жайлаган негылған гүл?..

XXIII

Артынан өткен тоғдың, ду күрестің
Шыңтақтың үйде жатқан Әбікештің —
Нәлің көт алғынан өтті осылай,
Сүреті осла пұылда болған кештің
Осы үйдің Гизел деген ер баласы
(Он ияты — он жетіде жас шамасы)
Гарқынни сол ойынан бермен қарай
Вон кеткен Әбікештің жан жолдасы.
Үзүл үйге сонаи бері талай келген
Індей бірге тұғын оған сеніген
Кемірді анысипадай жақсы көріп,
Зиттирын беруші еді жиган-терген.
Осы үйде михаббаттың балын татқан
Осында Күләнда алғаш мұңын шаққан
Осында екі гашық талай кез боп,
Осындан талай тәтті тандар атқан...

Әбікеш тағы талай ой ойлады,
Болдырды ұшығына жете алмады
Бір дауыс үйқысынан ояты оны,
— Тұр, қарғам, әлдекашан шай қайнады.
Орнынан шошығандай ұшып тұрды,
Далаға шығайын деп тез ұмтылды
Қызарып күн де батып барады екен
Қол жуып, киім шешіп шайға отырды

XXIV

Шайдан соң тысқа шықты аттанғалы,
Көз салды жан-жағына бір қарады,
Атының жалын құшып ойға батып,
Мұңайды,

әлденеге жабырқады.

Даланын соғып сол кез самал жесі
Сыбырлап құлағына әлденені,
Сыр ұғар сырласың мен дегендей-ақ
Оралып мойынына еркеледі.
Ғазездің амандасып қолын алды
«Манағы ұмытпа,— деп,— айтқандарды
Сәлемде Құләндагы деді-дағы
Жүргүе Әбікеш те ыңғайланды.
Ерке жел оныменен бірге аттанды
Көтеріп ат тұяғы тиген шанды
«Қош, Әбе» деген бойы күлімсіреп,
Ғазез де үй қасында тұрып қалды...

Үшінші өлең

I

Меңгілсіз шешек атқан қырдың гүлі,
Ақынның жақын досы — сүйген жыры
Алдында анасының сұлық жатты
Тым-тырыс тіл қатпады, шықпады үні.
Күндей-ак күндіз-түні бұлт қоршап,
Айырлған сипатынан кетіп нұры,
Болмаса өл-өлгенше адамға айтпас
Бүркеулі жүрегінде бардай сыры.

II

•Ана! деп, ол котерін алды басын,
 Аударған алденеге ықыласын,
 Көс теді орнамалан қолына алып,
 Менің ішін көдеп аққан сұртті жасын:
 Дері жайлан жүргегімді болдым мұнды
 Ыйымда гарнамайды ынкен асым
 Бұл күйде тұра алмаймын, мен өлемін
 Себебін, ана-ау, сұрап не қыласын!
 Жиүүш бер шың жүректен мен тілеймін
 Олімге кияр ма ана өз баласын?
 Сыны ми шыжылдатып жаңған отқа
 Коғандық киришинагын, жас ботасын.

III

•Шыбынам, неге мұнша қапаландын,
 (Аннанда сонша қинап отқа салдын!)
 Қалиниң қилиң дертке душар болып,
 Ортентін алғасұрдың, күйіп-жандын?
 Құнасы 1 першітедей құлыншағым,
 Жігіншесең қашдай жаннан қарғыс алдын?
 Алдыңда жаным шықсын деген жалғыз
 Баласы сен емес пе ең, кемпір-шалдын,
 Алданыш, қарашибігым, сен болмасаң
 Оның керегі не дүниес-малдын?
 Омірі, тілегі де жалғыз сенсің
 Ақ сүтін емін ескен жаң апаңың.

IV

Кіршікесіз ақ десемді күнәдан факт,
 Бір дерт көптең бері жатқан жайлап
 Қоз жұмын талай қын іске үмтылдым,
 Сол дерптің жүректегі емін ойлад.
 Бір кезде тіршілікпен қош айтсың,
 Менің ішін өлімге де басты байлад,
 Кетсем де қараша үйге қайта оралдым,
 Ізіммен дүшпашына тісім қайрап
 Үмітпен жастық шағым алдыма кеп,
 Шақырды тіршілікке қалқатайлад
 Жан-ана, міне бүгін қарсы алдында,

Бұлбұлдай торға түскен тұрмын саірап.
— Қарағым, айтшы маган дерттің жайып?
— Айттайын... аз тоқташы!.. жасырмайын...
Қалайша... жалмауызға жеті басты,
Тірідей қолға түсіп жар болайын,
Жан сүймес жат төсекте күң бола ма,
Өр туған анасына ақ маңдайың!
Кернейді жүргегімді осы жара,
Жас төгіп қалай гана зарламайын
Өте ме сүм өмірдің тепкісінде
Бота көз Құләнда атты құралайың.
Не өлім, не бостандық бірі маған,
Төресін өзің берші, апатайым?!

V

Қуләнда осыны айтты анасына,
Жалынды қорғанына, панасына
Боздады, күніренді қайран тоты,
Кеңкілдеп анасы да көзін басып.

VI

Кеңкілдеп анасы да көзіп басып
Балага махаббаттың нұрын шашып,
Бейнетпен беріш болған кәрі көңлі
Қайғыға кетті мұлдем араласып
Корғанды, қауіптенді Есметтен де
Қорлықпен қалған көңлі мұлдем жасып
Ол жауыз рақымсыз ғой әбжыландаі,
Құныққан момындардың қанын шашып
Жұтпай ма қыз орпына шал-кемпірді,
Арандай ертеңгі күн аузын ашып.
Күш қайды сорлыларда төтеп берер,
Ысқырған ажданамен қарсыласып.
— Мен сені жас күніңнен сүйген анаң.
Дертіне нақ өзіндей күйген анаң,
Өртеді өзегімді айтқан сөзің
Шыдарлық бүл күйінде жок-ау шамам.
Құда боп қалың, малдың қызығына
Біз емес обалыңды арқалаған
Қадалсын мандайыма шөгір болып
Бар болса сенен алған жалғыз қарам,

Зарлатқан үйлі жанды күштілік қып,
Толайым, Есмет, сенің батсын қараң
Күл-күл боп шаңырағың аспанға ұшып,
Жыртылсын быт-шыт болып алтын жағаң.
Тәбеценең нажағайдың оты түсіп,
Артында шулап қалсын қатын-балан.
Өлгөндеге көр азабын берсін тәңірі,
Қантасын, жылан-шаян қабырыңнан.
Қирагым, қарт анаңның тілегі осы
Құлак сал, зармен айтқан сөзіме илан!
Тилап қып өз бетіңсөн өмір кешсөн,
Болибыңкі біз құрманың, біз садағаң!

VII

Соулесін таны да ана сүйді қатты,
Касына ли маңдайынан іскеп жатты
Еске пиды бала кезін Күләндәндын,
Қызықты мінездерін балдан тәтті.
Желсінни күрген талай бейнеттері
Мұнирийн екі көзін бұлдыратты.
Қоғаган бар арманын көңіл күйі
Алдинан сағымдайын зырлап акты.
Жетпістен асып кеткен шалы анау
Бақыт иен бір көрмеген рақатты.
Біреудің игілігін сактаймын деп,
Дем алмас үйге келіп жан сняқты.
Үнілең өте ауыр қүрсінді ана,
Тандырғе жалбарынды, мұзын шақты.
Кеңілді не жазығым бар, деп саған
Болғандай осыншіма тастаң қатты.
Кемірдің қайғысына мұңайғандай
Батыс та қызғылттанып келе жатты.
Сөккендей қабырғасын кең аспанның
Кандашын ұсына күн де батты.

Тортінші өлең

I

Күн батты, «үясына барып қонды»,
Шу тоқтап, жер ошақта оттар сөнді,
Басылыш сапырылысқан қыдырмалар

Ұйқыға ел жататын мезгіл болды.
Жартасқа Әбікеш кеп атын тұсап
Маңайын жан бар ма деп көзбен шолды.

II

Бір тұрып, бір отырып қарайды алдын,
Таянған келер кезі ғашық жардың,
Қоз талды, шыдам кетті сонда-дағы
Қарасы көрінбейді еш адамның.
Жүрекке от үстіне от жаққандай
Жымындал қарағаны жұлдыздардың.
Өрепкіп өкпесі де алып үшты
Есепсіз белгісі ме сағынғанның?

III

Тұлкідей жастық шакта бұландаған,
Ойлаши, сол жартасқа кім бармаған?
Өмірдің қылы-қылы өткеліндей
Неше алуан түбінде оның сыр қалмаған
Сураши сахарада мұнды бар ма,
Жартасқа ұрланып кеп ән салмаған!
Шерлі ана, қайғылы ару, қарындастар
Ертеде тау-тас кезіп көп зарлаган.

IV

Тықыршып тас түбінде отыр әлі,
Уәделі мезгілінде келмей жары,
Жастыққа ойды беріп, бойды алдырган
Жігіттің тым-ақ ауыр осы халі.

V

Бір минут қын болып бастаң өткен,
Отырды ол, болса-дағы тағдыр өктем
Құттірді Әбдікешті алдағы үміт,
Жар сую, бақыт көру келешектен.
Қоз салып жан-жағына қарап тағы
Таңданды, тамаша деп мынау неткен!
Ай туып шалқасынан алтын иск,
Бедерін көрсетіп түр көк жиектен

Далада миңда қоңыр жел гана жүр
Дүниенің үйкілдеги сүйіп беттен.
Тербетін бір тоғ тұлды шайқалдырып
Секілді алдана алып еркелеткен,
Кілділди ол шашқан гүл келбетіне
Сұлулий қысқандығы бір бойжеткен,
— Но, деді, бұл далада мен-ақ жалғыз
Гүл скен ғұлді-дагы жел тербеткен.
Көлмейді жасрым неге сағындырып
Бар ми үйде, әлде жоқ па..
қайда кеткен?!

VI

Тұрды да төсегінен ентең басып,
(Ақырын сықырлатпай есік ашып)
Жамылған желең шапан Құләнда қыз
Жоқ болын кетті түнге араласып.
Дірілден буындары бастырмайды,
Ішеріннен да жанталасып
Адимдій өлденелер елестейді
Тұрганий бір-бірімен сыйырласып.

VII

Көрінсе қарсы алдынан бірер қара,
Сескеніп жасырынад қыз бишара
Отырып жүресінен тыңдал... қарап,
«Томар» деп,
 айырады әрсөң ғана,
«Жай ел ме, индуши ма, бағып жүрген
Ойтауыр толып кеткен бүгін дала».
Ербінген нәрселердің бәрі адамдай
Елестер корқыныш бол Құләндаға.

VIII

Обікеш, шыдашы сен қалмай қапыл,
Құләнда уәдесінде келе жатыр.
Білемін мен де күткен сен секілді
Ол түшің бір минуты таңға татыр.
Асықпай,
 абыржымай ақырын күт

«Сары алтын сабыр» түбі деген нақыл.
Азырақ абайласаң естен кетпес,
Мезгілдер оттан ыстық алдында тұр...

* * *

Әбікеш тындал еді, шықты сыйбыр,
(Су етті қуанғаннан жүрек құрғыр),
— Қуләнда!
— Э,— деп қатқан қыз жауабы
Болды оған әкелгендей бір терең сыр.
Құшағын жайып қарсы ұмтылғанда
Жібермей етегіне жабысты гүл.
Осындай ынтықтардың кездесуін
Жеткізе баяндауға келмейді тіл.

IX

Бірі шоқ секілденіп, бірі жалын,
Жайылған өн бойында сахараның
Жастықтың шарпуында тұрды екеуі
Тап солай атқызардай өмір таңын.
Үнсіз түн, тілсіз минут өтіп жатты,
Қалтқысыз жел де қойып сыбырларын
Орман да жапырагын қозғамайды,
Дегендей еркін сүйсін жігіт жарыш.
Ай көріп күрсінгендей болды аспанда
Сұлудың кіршігі жоқ ақ тамағын
Алма бет, ақша мандай, бота көзді,—
Шырын сөз, бал көмекей Қуләнданың.
Сүктанып көрмегендей келбетіне
Әбікеш білмей қалды не айтарын.
Жолында қиярдай боп шыбын жапын
Ай батты үялғандай екі жастан.
Жамылды бозғыл іерде ашық аспан
Мейірімсіз жартас қана түсі сүнк,
Қалшиын орнында тұр қозғалмastaн.
Аспанда бірен-саран жұлдыздар бар
«Көрдік» деп бір-біріне жымыңдақсан
Айтпаса жел ауылға, жұлдыз көкке
Бұлардың пеңде болмас сырны шашқан.
Япирмай, жастық деген қандай қызық
Тұн кезіп құба жонда құшақтасқан!

Адамың екі келмес албырт шағы,
Бұрқанын өрттей лаулап, судай тасқан.

X

Талай күй, талай сырлар бастан өтті,
Таң таяу қоштасарлық уақыт жетті,
Далаңың таң салқыны күйін бұзып
Жел-дагы шөптің басын желпілдетті.
«Жаңым» деп одан әрі сөйлей алмай
Күләнда қара көзін мөлдіретті,
Толықсан Обікештің құшағында
Алдына мониақ-моишақ жасын төкті.

XI

Шың гашық сүйгепімен тұрмыс шекспек,
Қан жауын, өрт алса да сертке жетпек,
Шыбынын шүбереккес түйіп алып,
Откелсі талай қыны-қыстауды өтпек.
Жан илни, жан беруге қөнген ғана.
Үмітсі өмірін көл-дария етпек

Солай ма, сенің маган берген сертің,
Ойлан айт тұрғанында басында еркін,
Ізімен кейін қарай қайта қайтпа
Тартыстың көргенінде дауыл, өртін,—
Деді де жас Обікеш бөліп сөзін,
Қадады сүйгепіне екі көзін.
Дарияға батқандай-ак отыр еді
Кон ойдан шығара алмай Күләнда өзін.

XII

Обікеш, болдың ба айтып?
Лайтын болдым.
Демен не ем киңидыққа мен де көндім,
Қан төгін жан беруі былай тұрсын,
Шыдармын өктемінес одан зордың
Асамын тәуекел деп бірге белден,
Сен үшін айырыламын туған елден
Болса да алдым тұмаң, артым азап
Кетемін туған үйден, өскен жерден.
Бар болса жерде әулие, көкте құдай,

Аяmas рақымдарын сергелдеңен
Ант етем, айнымаймын өлгенімше
Сертім серт, кол алсып саған берген.

XIII

Бақыт деп үзак жолға бастым қадам,
Сыйынып жаратқан мен жалғыз саған,
Залымның қастан атқан оғы тиіп,
Киіктің лағы едім қансыраған
Еңіреп екі көзін жаспен жумак,
Артымда қалған менің сорлы ата-анам
Шақырып тіршілікке қуат беріп,
Шайқаған сол емес пе,

жұмыртқадан.

Көрсеткен жақсылығым қайсы менің
Мәз болып жүргендес олар бар деп балам,
Жар үшін, тілек үшін қыылды гой
Қимас жан емшек сүтін берген маған.

XIV

Кім білер мақсатқа біз жетеміз бе?
Откелден аман-есен өтеміз бе?
Андыған алды-артымның бәрі де жау
Қолында біреуінің кетеміз бе?
Қалсам мен жау қолында сенен тірі,
Өлермін қолдарына түскен күні
Сонда сен ата-анама бір соғарсың
Жок еді алдымда аға,

артымда іні.

Қамауда қолын ұшын сен бермесен
Олардың не болмақшы көрер күні?
Жем болар ит пен құсқа жапан кезіп,
Жалғыз қаз қаңқылдаған шықпай үні.
Мен десен ата-анамды илетпей зар —
Бір түнде өз еліңе көшіріп ал!
Осы еді көптен айтпай жүретінім,
Деп саған мойнында бір борышым бар,
Сағынсаң белгі болсын менен алған
Шүберек болса-дағы мауқың басар,
Кім білед әлдекандай күн боларын
Жанында жүрсін сенің мына орамал.

XV

Шетінде саған арнап кесте салған,
 Зарыма орамал ед менің қанған,
 Бізбенен кестесіне бірге оралып,
 Моншақтай көздерімнен жасым тамған,—
 Деді де жас Құләнда қойды сөзін,
 Жігерлі еркіндікте үстап өзін,
 Жүзінде қаталдық пен қайрат туып,
 Қорінді өзгерткендей қыз мінезін.

XVI

Обікеш орамалды қолына алып,
 Төрт бүктеп қалтасына қойды салып,
 Бетінен кезек-кезек сүйе берді,
 Қымбатты Құләндасын алдына алып.
 Алыстан таң келер деп,

Шолпан күлді —

Аспанда өз-өзінен жымың қағып,
 Қосліп бұталар да көзге ілінді,
 Жел үрген **су** бетіндей бүйраланып.

XVII

«Қош, сәулем!»
 — Болсын саған тәңір пана,
 «Қош, күнім!» деп сүйісті құштарлана.
 Обікеш салт атына мінді-дағы
 Жөнелді өз бетімен жортып ала.

XVIII

Кеткенше Эбікеш әблен үзап,
 Құләнда тапжылмaston түрдys қарap
 Ақ таңдақ көтеріліp көкжиектен,
 Бұлдырап алабұртып қорінді алап.
 Минуттар бастаң өткен балдай тәтті
 Ойлантыш Құләнданы келе жатты
 Бөтен ел,
 кетер уақыт бәрі-дағы
 Алдынаш тізбектеліp өтіп жатты
 Кенестten көктен түскен адамдай-ақ,

— Эй, қыз,—

деп біреу алдан жауап қатты.
Қараса Жәніш деген кемпір екен
Күләнда ой-күйімен байқамапты.
— Таң атпай қайда жұрсің ел сыртында?
— Шығып ем жай әшейін түзге...мана...—
Деді де Күләнда оған кетті жүріп,
Жоқ болды көз алдынан үйге кіріп.

XIX

Есігін ашты-дағы сықырлатып,
Шешініп төсегіне қалды жатып,
Тек қана үйықтаған боп көзін жұмды
Тағы да тоқсан түрлі ойға батып.
Қөніліне әлдеқандай құдік берді,
Жәніштің кездесуі тацырқатып.
«Япырм-ай түнде осында келмеп пе еді,
Сұмырай әлденені сылтауратып?
Құн кешкен аңқаулықпен сорлы басым
Қалайша байқамадым тәңір атып!»
Шошынып «Жәніш, Жәніш!» деді-дағы
Қозғалмай өлген жандай қалды қатып...

XX

Тынық түн, жарқыраған айлы аспан,
Құміс су, сәнді дала жұпар шашқан,
Мениң де жүргімі жылы тиіп,
Сүйетін мезгілім ед бала жастан.
Ішім көр, ішкі сырым біл дегендей
Секілді дүние маған есік ашқан,
Үнсіз тіл, тілсіз дала маужырауы
Бір сарын қанымменен араласқан.

Бесінші өлең

I

Түрді ауыл төсегінен түндік ашты,
Жан өрді еңбегіне араласты
Малынып алтын-күміс моншағына
Мардамсып байдың қызы маң-ман басты.

Күң болған бай үйіне сөрлы кемпір,
Су күйін қолдарына, есік ашты.
Сонаң соң байбінше оған тым тәкаппар,
Ұсынды «же» деп түннен қалған асты.

II

Шаңдатты сонау қырды жылқы құлап,
Ығылып қара құрттай ұбап-шұбап.
Ішінде топ жылқының еркесіндей
Құлындар ойнақ салып жүр зымырап.
Шыбындал талай керім аттар келді
Бос мойын, бота тірсек, қамыс құлак,
Желіге құлындарды түгел байлап,
Ақ жаулық қатындар да қайтар жайлап.
Сол кеңде қымызды үйге қыдырады,
Ауылда аукатсыздар андағайлап
Телмірер бай үйінің тегешіне,
Аш қарын бір жұтатын қымызды ойлап,
Кейбіреу қарт қабагын қатты жауып,
Сұңгиді ой түбіне терең бойлап...

III

Табақ бет, қысық көзді, жалпақ мұрыш,
Төрінде бір ақ үйдін отыр қырын,
Мес қарын, құдір желке, қолы қысқа,
Бір қарыс шыққан түгі қабағының
Бел де жоқ, мықын да жоқ, мойын да жоқ,
Ен жері үқсамайды жанға мұның,
Үйқыдан шошын сыртқа қашқандайсың
Түсінде әлдекалай көрсөң түрін
Құдіреттей бар адамға жаратылған
Үстінде теңселеді төсегінің.
Әмірде оц қабагы ашылмайды,
Үйінде үшпайды оның жалғыз шыбын.

IV

Қутыңдаң талай сопы сәлдесі бар,
Қасында отыр соның деп «алдияр».
Жаутаңда алды-артына көвшік қойып,
Дейді олар «иессіне біtedі мал».

Жылмаңдап бір маймөңке сұр тышқандай:
«Сізге арнап кешегі құн ашып ем бал:
Олжара етегіңен оралатын
Есеке, бір қайырлы сапарың бар...»
Бірі айтад:

«Түсімде сен аспанға ұштың
Жеті құн, жеті түнде жерге түстің,
Алладан рақым келіп сол минутте
Өмірде жан өлмейтін бір су іштің».
Біреуі: «Мақшарға сіз барыпсыз, дейд
Бірталай қордың қызын алыпсыз, дейд
Мәжілісте солармен бірге отырып,
Сырына арулардың қаныпсыз, дейд.
Біреуі,— сіздің құлың едім,—дейді
Олардай айтартым жоқ менің,— дейді,
Бір құні сіз бейіште отырдыңыз
Қолыңдан сіздің жеміс жедім,— дейді.
Бетіне қарайды олар сосын төніп,
Бірінің айтқандарын бірі жорып,
Қарқылдап жас баладай мәз болады
Есметтің тек ақсиган тісін көріп.

V

Қарайды Есмет оған мойнын бұрып,
(Жастығын шынтағымен бір ысырып)
Ақситып қасқыр тісін қояр күліп.
Үстінде арам күлкі оның ойы:
«Қайсысын осылардың қақпанға іліп,
Салармын қанды аузыма қалай ғана
Буркіттей қыр түлкісін жатқан бүріп.
Жұртты да, сендерді де жем қылармын
Бірінді-біріне алмас қанжар қылып,
Қасымда ыржақтаңдар сұқ күшіктей
Мен-дагы ессебімді жүрміш біліп...»

VI

Мұриттер отырғанда қарқылдасып,
Бағланның семіз етін әкелді асып
Астауда бұркыраған етті қоршап,
Құзғындағы қол салысты жапырласып...
Үрпиді босағада бір топ жетім,

Төрдегі қарындарға жаутаңдасып,
Көзінің балашағын салбыратты,
Тұргансын бишаралар қарны ашып
Еш нәрсе телміруден өнбекенсін.
Дыбыстап қойды олар қылқылдасып
Кейбірі жер ошақта сорпа ұрттайды,
Ұрысқақ қатындармен жағаласып.
Қарны аш сорлылармен ісі де жок,
Ақ майды ұрттарына жатыр басып,
Ет бітті,
жетімдер де тарап кетті
Қынжылып арқаларын тыр-тыр қасып.

VII

Бәйбіше дастарқанын жайып салды,
Оюлы күміс ожау қолына алды,
Сапырып сар қымызын шарадағы
Маңқының қонақтарға маңызданды.
Биенің бал татыған сүтін ішіп,
Төрдегі мес қарындар рақаттанды,
Аныған кең шарада қымыз исі
Маңайда жүргендердің мұрнын жарды
Қымызызың көні кепкен кей сорлылар
Көзімен атты тағы дастарқанды
Бір жұтым үлесіне тигенді ішіп
Аузының соныменен дәмін алды
Ляқты мөлдіретін алға қойып,
Шеншідер бірін-бірі іліп-шалды
Есеметтің зор қабагын ашамын деп
Барі де жоқты айтып азантанды
Сол кезде төрде
отырған жел ауыз шал,
Ыргалып сөз айтуға ыңгайланды.
Оуелі маңдайының терін сұртіп,
Өзінше қарқ-қарқ етіп күліп алды.
Сол бетін қуашынка бұралық деп,
Білгіреін жүрт
алдына тақаттанды
Оуелі аузымызга иеге алмаймыз
Келінді жаңа түсер — Ақмаралды
Қүйесу бол Есекенің барап кезі,
Меніңше алыс емес жақын қалды.

Құдага артып-тартып баратұғын
Жөн болар дайындаған орамалды.

VIII

Деп қу шал сөздің алдын ашып қойды,
Мақтанып өзінше бір тасып қойды,
Жымындал қасыпдағы бастасының
Білдірмей тақымынаң басып қойды,
Ымменен сүмдыштарын үққан қулар
Есметке тағы біраз көпшік қойды,
Әзілмен ойнақы иттей арсаңдасып,
Күлісіп, жадырасып жазды бойды
Үрсылдан демін алды Есмет біраз,
(Май жұтып, етке бөгіп жатқан сабаз)
Болса да жүргегі мұз, білігі тар,
О-дагы жан иесі мақтапымпаз
Жар десе мұз денесі оның да еріп,
Көңлінде орнағандай болады жаз,
Сүмдышпен адам қанын үрттаса да
Бола алсын махаббатпен қайдан араз.

IX

Жүйрік шал талай істі бастаң кешкен
Жорғадай желпіндіріп сөзбен ескен
Тік төнген ажалдан да сан құтылып,
Жан алғыш әзірейілмен әзілдескен,
Есметтің бүл жолы да ебін тапты,
Сөнбейтін жүргегіне от та жақты
Түйілген қос қабағын бір ашқызып,
Құлдіріп жем сауытын» қарқылдатты
— Эйтеке, сіз білесіз сөздің затып,
Шықпаған өміріңе жамаң атың.
Келінді әлдекашаш экелер см
Сүмдышты шығарды гой мына қатын
Бұртандал төркініне хабар салып,
Бір жақтан өзімнің де мазамды алып.
Эйтеуір Бәкен-дағы ақыл айтып,
Еліне кешегі күн кетті аттанып.
— Базына гой бүл келіннің айтқан сөзі,
(Бір қиу қатындардың бар мінезі)
Келінді қолқанат қып жұмсағанды

Ішінен жек көрмейтін шығар өзі.
Егер де Бәкен өзі келген болса,
Кслін де айтқанына көнген болса,
Жаразтық өзіңізге болар еді
«Құсыңыз» тұғырына тезден қонса,
Бір кеңде төрде отырған көп дулады,
Ойтекең дұрыс айтад деп шулады.
Оларга бит шаққандай білінбеді
Қайғымен өртке айналған қыздың жаны.
Каш жүтқан арамдықпен мес қарындар
Корықнады зарлатуға Құләнданы.
Есметтің тоқтысы мен қымызына
Ситылды, сыйырылды беттің ары.

X

«Тимаша Құләндапың нүр сипаты
Қидырең болса-дагы шыққан заты,
Ақымда, сүйнійілік қасиетімен
Жиқсөн деп жайылған қыз елге аты».
«Ұғын болғандай-ақ өзі көрік,
Тал бойы көркемдікке тұрған толып,
Елдегі тилай маңғаз мырзалардың
Барі де жүрген жоқ па ғашық болып,
Ақаң да анау күні көп таңқалды
Гаунардай жарқыраған жүзін көріп,
Бір байдың осы яки қызы болса
Мырзалар таласар ед малын төгіп...»
«Құбылыған мың түріменен әпі қандай,
Жай басқан маңыздашып сәні қандай,
Бүрнелгін тал шыбықтай қыпша белі
Болашақ Есекешің жары қандай...»

XI

Осылай Құләнданы жатты мақтап,
Бірі піттын, екіншісі оны жақтап
Шынтыктан Есмет-тагы тыңдай берді,
Құнины жең баладай ыржалақтап
Тоқтатың кеңестерін қақпақыл қып,
Бәрінің таңдайлары етті тақ-так.
Шіренді әрқайсысы жастығына
Зілденің қорғасыншай сөз салмақтап.

XII

Ағызған өңкей қулар тілдің майын
Ұйғарды тездетуді істің жайын!
«Ерке қыз кім біледі не қыларын»
Алуды кешеуілдеп созған сайын
«Тәйт» десе бір күні ол не қыламыз
«Қыз кетсе тұрган жоқ па жігіт дайып»,
Деп сүмдар қобалжу сап көңліне —
Қалай да Есмет үшін жеді уайым.

XIII

Дұрыс деп бәріңнің де айткан сөзін,
Есмет де жыпықтатып жұмды көзін
Үйінен қонақтарын аттандырды,
Ісінің күтті алдағы келер кезін.

XIV

Сыбайлас қонақтарын аттандырып,
Отырды қарнын сипап үйге кіріп
Өзінше ол да терең ойға батты.
Үстінде шайы көрпе, төрде отырып
Ойлады ол: «әйел деген бір мархабат»
Осында байлықпенен шыққанда ат,
Көз тоймас өмірінде бір қызығың
Сұлуын ала берсек қабат-қабат
Мысалы жас күнінде олар жібек,
Құбылып тоты құстай тұрар түлеп
Қара қас, оймақ ауыз, сүмбіл шашты
Бір мінсіз маржан тісі, аппақ білек
Секілді сен бір ара бал жинаған,
Гүлге үшып өз сркішіше сайдрандаган
Бар байлық өз қолында болғаннап соң,
Қонасың іә анаған, іә мынаған...
Мына мен бейне арадай жүрген үшып,
Кетсе егер сұлу қызға көзім түсіп
Не бақпен,
не зорлықпен, не дүниемен...
Әйтеуір ебін тауып кетем құшып
Солардың ешбіреуін мен сүймеймін,
Бір қарап беттеріне шын күлмеймін

Ауырып біреулері яки өлсө,
Куанам, кайғырмаймын,
 өкіпбейміш
Эйслдің қазір менде үшеуі-ақ бар,
(Қызық жоқ, тек әшейін етемін жар)
Әлі де екі-үшеуін алғандаймын,
Мал барда кім айтады болдың, деп шал...

XV

Сонан соң ойлап еді Құләнданны
Шыж-быж боп от тигендей күйді жаны
Тұлкідей тауда жортқан алдын орап
Сұлу қыз сылаңдады,
 бұланцады
Ойға елтіп үйқтағандай көзін жұмды,
Бір сурет қыз аруы Құлән сынды —
Елестеп сұлу Шолпан жұлдызындай
Есметтің көз алдынан кетпей тұрды
Қуанып жас баладай Есмет күлді
(Өзінің байлығына тәубе қылды)
Есіктең сәлем беріп сол минутте
Жалгаспай дейтіп біреу келіп кірді

XVI

Орине білмейтін көп Жалгаспайды,
Жалгаспай озі де оғаш жармаспайды.
Болмай ма әр елде де бір сұрқылтай
Сумицдан жанамалай жүрген байды
Секілді жылмаңдаган бір аш күшік,
Тойшып бай үйінен іркіт ішіп,
Дүрдиң сонаң кейін сл аралап
Жүрмей ме момындарды көрдей қысып
Тан осы Жалгаспай да соның бірі
«Енті жан, әриәрсеге барлау қыры).
Есметтің қарыздарын елден жинау
«Жәкециң» ата кәсіп ететіні
Ауылда жамагайын Құләндамен
Құда боп Есметке осы уәде берген
Сондагы он шакты үйдің бәйшігеші
Бір мыстап кемпір бар Жәніш деген.

Есмет:

— Жайша ма, Жалғасекен, жүрген жөнің?
Жалғаспай:

— Бет күйді сізден үят, бізге өлім...

Есмет:

— Не дейсің, не істедің, кәрі сайтан!

Малдың ба?.. Шығыны ма дүниенің?

Жалғаспай:

— Жоқ, ойбай, мендегінің бәрі де аман!

Есмет:

— Ендеше ол немене, сонша жаман!

Жалғаспай:

...Қатынмен біз екеуміз... қыз туралы...

Өлгенше тым үттү болдық саған.

Есмет:

— Не дейсің, аузыңды жап, әй, антұрған!

Бұландаң сүқ күшіктең етіп жылман,

Мал да алдың Құләнда үшін құда болып;

Бұл не сөз: мен сен итті етермін қан!

Қанжар алып қолына тұра ұмтылды,

«Құның жоқ сүм, дүниеде тышқан күрлө,

Қыздан негіп айрылдың өзің өлмей!»—

Деп ақырып, ызалы айбат қылды.

Жалғаспай:

— Ой, Есеке, қыз аман, бір ауыз сөз...

Айта кеп ем сақтан деп көргесін көз..

Екі іннен дем алған ашулы Есмет

Жалғаспайдың жағасын босатты тез.

Сөйтіп өзі сенделіп тұрып қалды,

Қөзбен атып Жалғасқа бір қадалды.

Қан тілеген қанжарды жарқылдатып

Кәрі қолмас қынына қайта салды

Жалғаспай сонда ғана есін жиып,

Сорғалаған қөзінен жасын тыйып,

Дір-дір етіп буыны әрең айтты,

Құләнда Әбікешті жүр, деп сүйіп.

«...Бүгін түн екеуінің кетпек түні,

Айтысқан серттеріне жетпек күні,

Жартаста ол скеуі сөйлескенде,

Сырттан естіп тұрыпты қатын мұны...»

Мұны естіп Есмет тағы ашуланды,
Ертерек айтпадың деп әлек салды.
Әп-сәтте дүниені бір уыс қып
Манына жігіттерін жиып алды.

XVIII

— Тыңда сен менің айтқан сөзімді, Экпар,
Қасыңа таңдал тұрып он жігіт ал!
Қазір бәрің бір минут кідірместен
Жалғаспайдың ауылына аттаныңдар!
Ерігіп қоста жатқан жылқышылар
Мүмкін оның қасына ерген шығар
Жалғыз-жарым адамға ол алдырмас
Сондықтан деп отырмын он жігіт ал!
Осыдан тез кетіндер сүйт жүріп,
(Сақ болыңдар қалмасын біреу біліп)
Күн батқанша қалайда үлгеріңдер
Жиделінің нұнына сендер кіріп.
Жалғаспай ауылына соисон кетер,
(Даурығысып жүрмендер босқа бескегер...)
Қызды Жәніш екеуі іштен андал
Қашан... қалай шығарын хабар етер.
Содаң кейін жартасты қоршап алып
Тиерсіндер тұс-тұстан аттан салып
Өлімші қып соққыға жығыңдар да
Экліңдер осында байлап алып..

XIX

Бұйрық болды, жігіттер тез аттанды,
Бір-бір сойыл қарына іліп алды,
Бәлем құлды мен енді көрейін деп
Есмет тс өз-өзінен ракаттанды.
Баяғы тойдаң кейін Экпар-дағы
Әбікешке жүретін қайшап каны,
Қанын інсем арманым болмас деуші еді
Өншес таңба көрініп жығылғаны.
Міне, енді бұғай-дағы кезек келді,
Аснаниан тілегенін жерден берді
Екі көзі қанталап дәү қараның
Шым-шым етіп денесін намыс керді,
Ант етті ақ сүтімен ол ананың

Эбікештің ұрттауга бүгін қанын.
«Атым құрсын әзірейіл мен болмасам,
Ксудесінен сұрып алар жанын».
Ашуменен атына қамшы басты,
Жортуылдап бірталай белден асты
Жігіттерге бір қарап қойды-дағы
Сұмдық ойға тағы да араласты...
Бұлар Есмет айтқандай сүйт жүрді,
Қарауытып дүние, күн батқанда
Жиделінің нұнына келіп кірді.

Алтыншы өлең

I

Кызарып көріктеппі шыққанда күш,
Қарайып бауырында Бұғылының,
Бұлдырап көз ұшында бір қос тұрды
«Отауы»секілденіп ертегінің.
Қыраттан қылаң стіп екі атты,
Жортакпен соған қарай келе жатты,
Сүйреткен қарларында құрығы бар
Жайдары жас жігіттер инабатты
Астында скеуінің екі сайғақ
Билейді шұлғи басып, желмен ойнаш
Жұлқынып басыменен сұзс тартып
Келеді ауыздығын қарш-қарш шайнаш.
Жолсыз жер жүргендері қалың көгал,
Арт жағы қарақұрым жайылған мал
Бидайық үзенгіге оралады
Алдынан бір ракат соғып самал
Кең дала киырына көзің жетпес
Дариядай алты ай жүрсө кеме де өтпес
Батыстан шұбатылып шығыс жаққа
Көсліп көкжиекиңен жатты шектес
Аспан тұр бұлтсыз ашық жерге төнін,
Қазактың жазғы үйіндей дөңгеленіп
Күн ғана дүниеге билік еткен
Ай батып, түн жоғалып, жүлдyz сөніп.

II

Екеуі құйылдырып шырқап әнді,
Шаттанып қарсы алғандай атқан таңды.

Ешқайда бұрылмастан қосқа келіп
Секіріп аттарынан түсे қалды.
Бөгелмей сонан кейін қосқа кірді,
Далада қантарулы аттар тұрды
Дәметкен әлденеден ала қарға
Қарқылдаپ қосты айналып ұшып жүрді
Бұлардың бірі Әбікеш,
бірі Сейтен.

Жылқының қайтқан тұнгі күзетінен,
Бел шешіп, тамақтанып тынықпаққа
Міне, осы кездері еді қосқа кірген.
Оралып бұл екеуі тез жиналды,
Біреуі торсық шайқап құйды айранды
Кешеден қалған етті бөліп жесіп,
Қосында жылқышылар тамақтанды.
Шай ішіп сонан кейін жатпақ болды,
Армансыз үйқыға бір батпақ болды.
Тұнімен таң күзеткен қос жылқышы
Үй көрмей өмір бойы өткен сорлы.

III

Кеңестен, әй, Әбікеш, деді Сейтен
Ренжіме бір әңгіме сұрайын мен,
Айтсанышы, осы сенде қандай сыр бар
Мен-дағы құрбын едім ойнап-күлген.
— Дұрыс-ак, бұл айтқаның,— деді ол маган.
Өзім де айттайын деп жүр ем саған,
Махаббат, адамшылық, зердесінің
Оты бар жүрегімде мәнгі орнаған.
Дел-далмен сол сағымды жүрген қуып,
Сондықтан сөзім қыска, түсім сұық,
Сенермін қайрат пен ел, алдым майдан,
Бір жанмын бір күн өлер, бір күн туып.
Талапсыз алдан бақыт ашылмайды
Құрессіз өмір тауы асырмайды,
Өртеген жүрегіме май құйғандай,
Соулеміз жаңған жалын басылмайды.
Ол маган өмір көркі, күн сықылды,
Жайқалған сахарарада гүл сықылды,
Дүниe онсыз маган тас қараңғы
Көзіме түк көрінбес түн сықылды.
Ол маган жазғы атқан таң сықылды

Жүгірген тамырымда қан сықылды,
Зарлаумен ол болмаса өтетінмін
Жапанда жалғыз қалған жан сықылды.
Ол маған ашыққанда нәр сықылды,
Тарығып шаршағанды әл сықылды,
Аспанда ұсынғанның қолы жетпес,
Тірлікте бір-ақ татар бал сықылды.

IV

Құләнда, оның аты, жаннан асқан
Көркіне ақылы сай, бір данышпан,
Өлсек бір қабіріміз болсын деген
Сөзіміз болушы еді уағдаласқан
Бүгін түн екеумізге уәделі түн,
Жүрек пен білекке бір болғандай сын.
Серт еткен Құләндамен нысананаға
Беттеуге қас қарай міндеттімін.
Аттанып кетпекшіміз сонан арман,
(Талаі жер жүрмейміз бе атқанша таң)
Елдетіп, сүйт жүріп, күндіз-түні
Шықпақпаз Баяндағы нағашымнан.
Нағашым бір он шақты кедей ауыл,
Әйтсе де бізді өмірде етпейді ауыр —
Епсекті, ер жүректі жігіттері
Мен түгіл бөтенді де етер бауыр.
Соларға аман-есен кетсек сіңіп,
Өзім де мал табармын кәсіп қылып,
Есметтер білсе-дағы одан кейін
Бермейді нағашылар жауға жығып.
Міне осы, досым Сейтен, менің сырым,
Бұқпесіз актарылған барлық шыным,
Тілегім, тәнірі алдымнан бағымды ашығ
Құлімдеп күншығыстан шықсын күнім.
— Эбікеш, жан сырыңды ұқтым сенің,
Тебіскен тай-құлындаі досың едім
Осындаі қысылшанда бірге аттанбай
Болып па сенен артық жаным менің
Достықпен айтқан саған сөзім тында,
(Дегендей жау жоқ деме жар астында).
Сен бір жан артың ашық, алдың түйық
Сақтанбай албырт болып, жастық қылма!
Ауылда өсек тарарап кеткен шығар

Кім білед Есметке де жеткен шығар,
Бір түссен қақпанынан шыға алмастай
Ол да бір саған сұмдық еткен шығар
Білемін, бір жылы мен баққан малын,
Қан ішер, шектен шыққан ол бір залым
Ашынған қорқау қасқыр секілденіп,
Тұсірмей қоймауши еді аңдығанын.
Сондықтан мен де бірге аттанайын,
(Аламын деген досым көктің айын)
Тар жерде сүйеніш боп екеуіңе
Құлсендер бірге күліп шаттанайын
Жауынмен мен де бірге алысайын
Қектесіп қанды найза салысайын,
Өмірді ашы-тұшы бірге татып
Мәңгілік туысың боп табысайын.

— Жок, достым, меніменен бірге барма!
Жай жүріп өз басынды дауға салма!
Өксітпе өмірінді менің үшін
Сенің де бақтың бар көрер алда
Бір шарт қой жігіттікке сөзде тұрмак,
Бұл жолға мен қайтейін сені шырман,
Не келмек қолымыздан көп болғанмен
Баспаса ісім онға, байланса бақ
Сондықтан тәуекел деп жалғыз барам,
Не бейнет, не болмаса бақыт табам
Өлтіред, я өледі екі ұдайда
Не қылад одан әрі адамға адам.
Мен жанды шүберекке түйген пенде
Шыжылдан от ішінде күйген пенде,
Мехнатиен өлімге басты байлап,
Оуелден қанды көйлек киген пенде.
Жан достым, бұл сапарда ерме маған,
Қалдың деп өкпелемен мен де саған.
Жалғыз-ақ тілегім бар сенен сұрап:
Ер жүрек жігіт едің жалындаған
Қауіп жоқ бүгін түнисн аман өтссем,
Табысын Құләндамен сөртке жетсем,
Жаарар ма ең қол беруге, дем беруге
Ліңдаусыз тұңғыныққа түсіп кетсем
Басыма бейнет түссе арылмластай,
Сөнисе үміт, тас қараңғы жағылмластай,
Қолыңың үшын беріп сонда келсөң
Дос дер ем бұл дүниеде табылмластай.

— Жан емен сайқалдықтың соңына ерген
Малдыға жалбарынып күнін көрген
Анамның ақ сүтінің киесі атсын
Шықпасам екі дайда күткен жерден.
Денім сау, еш пендеге жалынбаймын,
Тәңірім деп малы барға табынбаймын
Бір айтқан сөзім үшін жан беремін
Мағнасаз тірлікті де сағынбаймын.
Міне қол!
Қабыл алдым тілегінді,
Бір сына жігіт жайын Сейтен сынды,
Tau құлап, тас жанса да, тірі болсам
Ақтармын саған достық міндетімді.

V

Сейтеннің Әбікеш кеп қолын алды,
Дос сөзі жігер қосты, қайрат салды,
Күш билеп тұла бойын шымырлатып
Төбесі көкке әрең жетпей қалды.
Ендігі саған, Сейтен тапсырарым
Мандайдан жұлдыз сөніп, батса таным,
Қалай да ебін тауып бір соға көр
Қайырымды иесіне ақ алланың,
Қария оның аты Есенгелді,
Қайғылы, көкірегі мұңды-шерлі
Болса да қырық үй кедей шет жайланаң
Адамдар секілді еді аса өнерлі.
Баласы қариянын Әсет деген,
Өнерпаз жігіт екен асқан өрен,
Жоғалып үшті-куйлі кетті дейді,
Ел үшін тартысам деп болыспенен.
— Білемін Әсетті мен,

жаннан асқан,

Палуан жігіт сді көnlі тасқан
Ақ жарқын, өзі мерген, әрі шешен
Сөйлесе май тамызар қара тастаң.
Ұл еді, ол бір дара тұа қалған,
Жан еді жұрт намысын қуа қалған,
Қазасы болды деп ел аңыз етер
Балысты көп алдында сабағаннан.
Кектенген намыс қуып ылғи текті,
Әсетті жоғалудың қамын жепті

Бір күні аң атуға кеткен екен,
Өзі жоқ, астындағы аты кепті.
— Дұрыс-ак бағанадан айтқандарың,
Ол елдін іші, тутін, сырты жалын.
Ертегі таусылмастай өз алдына
Тәптештеп айтып жатсақ істің бәрің
Қысылсан қалай-дағы сен соған бар
Баяндап оқиғаны, ақылын ал!
Айбынды ұлы жүрек адам еді
Аяныш етер мүмкін, жәрдем қылар.
Иә, Сейтен,

сөз түйіні болсын осы,
Талапсыз табылар ма көніл қошы
Дүшпанды женғенде емес, женілгенде
Сыналар ердің ері, достың досы.
Серттесіп осылайша екі саңлақ
Құзетке күн батқан соң болды бармақ,
Сол жақтан Әбікешті аттандырып,
Жылқыда жалғыз өзі Сейтен қалмак.

VI

Батам дес еңкійген күн қызығылт тартып
Өртеніп екі беті тұрды балқып,
Түсіріп сәуле сімен талай өрнек
Аспанның дариясында жүзді қалқып,
Таш осы батар деген күнмен талас,
Жарына қос ат алыш аттанды жас
Жүргегі «жүрші, жүр!» деп дүрсіл қакты
Неше күн куаныштан батпаған ас.
Дос қалды, дала қалды, жылқы қалды,
Қақшайлап ұзақ өмір жолға салды,
Бақыт па, қайғы менен қан кешу ме,
Кім білер не боларын жастың алды?!

Қаруы жалғыз сойыл қолындағы,
Хабарсыз күткен жаудан жолындағы,
Саулатып келе жатыр ер Әбікеш
Арманын орындауга ойындағы.
Ақ ала жетегінде желмен ойнап,
Жұлқынып ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Қайшылап қос құлағын желдіргенде
Жерді ойып тастағандай, желді байлап.

I

Серттескен Эбікешпен түниси бері,
Тар болып өскен елі, туған жері,
Алысқа құлаш ұрып Құләнда қыз
Құндіз-түн жол жабдығын қамдаулы еді.
Кия алмай әйтсе-дағы туған жерін,
Есіне ап өскендерін, жүргендерін.
Сылтаурап әлденені дала кезіп
Кейінгі өткізіп ед күннің көбін.
Ойып сап, жазда жидек терген жері,
Бой түзел, қара шашын өрген жері,
Құрбылас қызы-қырқынмен араласып
Сан рет су алуға келген жері
Бәрі де жастық сырны жасырғандай
Бәрі де көзіне оттай басылғандай,
Гүл күліп, су сылдырап, орман сыңсын
Алдынан дүние есігі ашылғандай.

II

Қобалжу таң атқалы жүрегінде,
Ойменен үйықтай алмай шыққан түнде
Аспанда қалықтаған сұлу күнді —
Құләнда батыра алмай қойды мұлде.
Ой қамап болашағы сағымданын,
Сарғайты сабырыздық мазаны алып,
Толғанып тоқсан түрмен отырды ол
Лаулаған от ішінде күйіп-жанып.
Жасырмай айтқан сырны анасына
Өмірде алтын бесік панасына,
«Қарағым, не дессең де разымыш
Тек қалма дүшпандардың табасына».
Анасы осыны айтып Құләнданың
Жолында садаға қып шыбын жаныш
Құшақтап екі беттен кезек сүйіп,
Түн көрген кемпір сордың зарлағанын.
Жалғызын құшағында қатты қысып,
Қайғының кемпір байғұс уын ішіп,
Қан жылап, қарғыс айтқан сүм заманға,
Зар жүтқан түніменен, запыран құсып.

Еңіреген әлдекімге мұнын шағып
Төсекте дөңбекшіген безек қағып,
«Құр сүлде шықпагаи жаң жүргегімде
Алдымға екі көзім түсті ағып»,—
Дегенде Құләнда да жасын төккен.
Аспанда ай мұңайып,
құзға шөккен,
Талықсып қайғыменен жатқан сол кез
Жан шықпай екі сорлы қекіректен.

III

Өткен түн осылайша ауыр азап,
Қөңліне Құләнданың қобалжу сап,
Қамалап жан-жағынан ой тасқыны
Түр еді, кәне, енді деп шешуін тап
Жанына батқан түнде ана зары,
Балқытпай қыз жүргегін тоқтамады,
Кетсе де,
отырса да арсыз ажал
Қанжарын Құләндаға оқтанады.
Осы ойдың тартысында қыз отырған
«Япырмай-ақ, деді сасып мен не қылам?
Екі оттың ортасында жанғанымша
Біреуін таңдамасқа бар ма шарам»,
Дегенде ол,

анасы да келді жетіп
Сипады маңдайынан еркелетіп
«Түндегі менің айтқаш сөздерімді
Жүрмісің, карашығым, уайым етіп?
Ол ыза жүргегімді жарып шыққан,
Ол қайғы кек отында жанып шыққан,
Қарт анаң онан бетер боздамай ма,
Даусынды естігенде талып шыққан?
Бұл үйде сертің бұзып сен қалғанда
Ойлашы жеткізер кім бізді арманға!
Қарағым, тағы айтамын жолың болсын
Жүре бер қарайламай кемпір-шалға!»

IV

Сергітіп ана сөзі қыздың бойын,
Арылтты зілдей болып басқан ойын

Қайтадан жастық оты лаулап жанды,
Мадактап адамдықтың абыройын.
Іргеден жазғы самал жеслері есті,
Арулар үйлерінде күлімдесті,
Құттықтап жан-жануар ана сөзін
Билігі әділдіктің осы десті.
Тіл қатпай ана менен бала отырды,
Жайларын бір-бірінің оймен білді
Қайғының қара бұлты дария болып
Қайықсыз екеуі де қалқып жүрді.
Теңізге кейде батып, кейде шықты,
Қос пенде арқалаган ауыр жүкті
Қаңтардай алдарынан дауыл соғып
Лақтырып су толқыны жарға тықты.
Әл кетіп екі сорлы болдырғандай,
Толқын жоқ оларды аяп ондырғандай,
Сақылдаپ тіске тісі дірілдейді
Рақымсыз теңіз ішін тоңдырғандай...

VI

Осы сыр қаракүрим үй ішінде,
Болмайтын әдет еді бұрын мұлде.
Жаңбырлы қара бұлттай баса қалды
Жадырамай атқан таңға,
шыққап күнге
Қыдырған өз бетімен дағдылы көп,
Бұл күйді ешқайсысы байқаған жоқ
Жатқаның Құләндә қыз даярланып
Серттескен сапарына жүрмекші боп.

V

Құн батты, тас қараңғы болды ымырт,
Мал сауып, үйлеріне отырды жүрт.
Басында біреи-сарап жер ошактың
Қатындар қарқылдайды қайнатқан құрт.
Төбеттер шабаланып сыртқа қарап,
Үреді маңқ-маңқ етіп ел жағалап
Лақтырған үйден сыртқа сүйек үшін
Кей иттер бірін бірі жатыр талап.
Сірепіп бай мұрасы қой қотанда
Дүрілдеп үріккен болад анда-санда,

Айтақтап оған-дағы ит қосады,
Бұрсендеп сорлы қойшы жүрген манда.

VII

Құләнда жүргіммен сүйгөн жаңым,
Асығып күтіп өтыр ел жатқанып
Ұрланып сонаш кейін көзге түспей
Бармақшы түн жамылыш іздеп жарын.
Түн бетін жапқаш сайын қараңғылық
Тулады жас жүрегі алас ұрып,
«Кел-кел» деп шақырғандай қолып бұлғаң
Кей кезде қарсы алдынаш бақыт күліп
Елестейд кейде ажал аждаһадай
Жолында тұрғандай-ақ торып құрып.

VIII

Бақыт бір сараң пеңде тастаң қатты,
Соқтырған тау мен тасқа адамзатты
Майдансыз, ұлы егессіз, меҳнатсыз
Өмірде көрген жап жоқ рақатты.
Құләнда сол бақытты іздеген жан
«Мұз бүркеп, осы жолда ақса да қан.
Майданда не қара түп басыма орнап,
Болмаса нұрын шашып туар шолпан»,
Деді ол жүргегіс токтау салып,
Әйтсе де тұла бойы күйіп-жанып,
Өмірдің талай бұлдыр суреттері
Алдынаш өтс берді сагымданып...

IX

Жалғаспай үйіне кеп аттан түсті,
Асығыс бірер аяқ шалап ішті
Сонан соң кемпіріне баяндады
Қысқаша бастан-аяқ болған істі
«Ал, кемпір, осы жақтан қызды аңды,
Үйқысыз атқызысаң да ұзақ таңды.
Далада мен күтейін не болса да
Әр жерге тоқсауыл гып Әкпарларды.
Айрылып қала көрме қара басып,
Кетпесін адастырып қырдан асып,

Осы істен қапы соқсақ, Есмет біздің
Өлтірмек қанымызды судай шашып...»
Айтты да осы сөзді жанталасып,
Үрейлі екі беттен қаны қашып,
Қебжесі арамдықтың кәрі сайтан
Жоқ болды қара түнмен араласып.

X

Жәніш те бір таяқты қолына алып,
Тас қылып есігіне құлып салып
Сыртынан Құләнданың көзге түспей
Сақсынып эй, бәлем деп жүрді бағып,
Ауылдың арты ояу, алды жатқан,
Кей үйлер жерошақта от маздатқан,
Далада бірен-саран боз балалар
Дәме ғып қызды ауылды жағалатқан.
Біреулер төсегінде жатып алып,
Тыңдайды ертегіні рақаттанып
Е, е-леп ертегіші айтқан сайын,
Тоймайды қызығына құмарланып.
Ал, енді кей кемпірлер қызын аңдып
«Қауіптің» алдын алып, ерте қам ғып,
Шымшуыр, ілеген мен шелек іліп
Есітін жан кіrmестей қойған шандып...
Теп-тегіс осылайша ауыл жатты,
Ұйқыға шеттерінен белден батты,
Далада қайта-қайта есінетіп
Тәтті үйқы Жәнішті де қалжыратты.
Пеңдеге әрі тыныш, әрі дүшпан,
Беу үйқы! Қереметсің сен не қылған?
Елтітіп талай қапы соқтырсаң да
Айрылып кете алмайды сенен адам.
Отырып жүресінен Жәніш тағы
Сақтықпен түріп құлақ тың тыңдады.
Құйсеген күрт-күрт етіп малдан басқа
Бейсаут ешибір сезік табылмады...

XI

Құләнда шықты сыртқа есік ашып,
(Маңышап өз үйінің аулак қашып)
Ыңыранған сиырлардың арасымен

Жөнелді аяқтарын аңдып басып...
Түн жапты қара көрпе қызды үрлады,
Жан-жактан жел жүгіріп тың тыңдады.
«Қауіпті алдың, сұлу», дегендей-ақ
Жасырын құлағына сыйырлады.
Сүм Жәніш торуылда жүрген манды,
Қашама салса-дағы шыбын жанды,
Караңғы алдап сордың кәрі көзін
Кеткенін Құләнданың сезбей қалды.
Тырс етсе аяғымен басқан жері —
Үрейлі, қорқа-қорқа қыз келеді,—
«Аман-сау Әбікешке жетсем екен»
Арманы Құләнданың көңліндегі
Он қасқыр мұны аңдып тұргаң сыртта
Сөзішen Жалғаспайдың мәлім жұртқа
Байқаусыз тырнағында кетер ме екен
Жан досым сөзіме арқау, жырға тұтқа...
Қыраттан қыз да асып түсті әрі,
(Тым алыс емес күткен ғашық жары)
Жол ашық енді алдында дегендей-ақ
Көңлінен корқыныштың кетті бәрі.
Жүрегі алып-ұшып, жанталасып,
Алқынып келе жатқан шапшаң басып,
Алдынан Құләнданың ербен етіп
Бір адам түрегелді, қатарласып
Ұмытлды аузын ашқан ажалдайын,
Корқыныш қызға жақып басқан сайын,
Қашты үрей Құләндадан, қысылды жан
«Япым-ай, қайтып... қалай... не қылайып...»

* * *

Құләндаш аласүрүп басты ілгері,
Ақырып жұмбак адам: «Токта!» деді
«Сен қазір көгершін боп кекке үшсан да
Мен сені құтқармаймын, болам пері»,
Қамауда, Құләндамыз колда қалды,
Көре алмай актық рет ғашық жарды,
Дегендей тағдырымнан хабар алсын
«Әбікеш, Әбікеш!» деп айғай салды.
Шап берді бір күшті қол тастан катты
Бұлқынып, жағаласты қыз да айбатты
Темір қол, шойын дене ерік бермей

Сүйрелеп қыз байғусты шырылдатты...
Бұлқынды Құләнда да болмайын деп,
Ерлікпен бостандығын қорғайын деп
Бар қүшін дүшпан-дағы салып бақты,
Көнбестей ырқына мен қоймаймын деп
Құләннің орамалмен аузын басып,
Байлады екі қолын жанталасып
Аяусыз дүшпан-дагы соққылады
Айбатпен жүрген қызды жағаласып.

XII

Тұн іші жүрт үйқыда, жартас қалғып,
Мұлгиді басқандай-ак бір ауыр жүк,
Тіл қатпай маңындағы табиғатпен,
Сызданып көтереді қеудесін тік.
Батқандай ауыр ойга көптен бері
Бой түзеп айдалада түрған «сері»
Қабағын қарсы жауып Әбікешке
Иә күт деп, иә күтпе деп үндемеді...
Шаттаңбай не болмаса қапаланбай,
Үққандай жүргімен жартас сырын
Жайғана күрсінді ол... тіл қата алмай..

XIII

Әбікеш осы арага келген мана
Бір серік өзіменен жартас қана,
Түр еді сарғаюмен жарын күтіп,
«Япырым-ау, не болды, деп Құләндага».
Кенеттен ашы дауыс атын айтқан,
Санқ етіп кеп кіргенде құлағынан,
Шымырлап тұла бойы мұздал кетті
Көзіне ашумен құйылып қаш...
Жартас та болды сол кез дір еткендей,
«Жүгір» деп қабағымен ым еткендей
Баяғы қалғуына қайта түсті
Қайғыны бауырына түнеткендей...
Жүгірді Әбікеш де дедек қағып,
Келеді желдей есіп, жұлдызша ағып,
Жау қайда?... Тұн қараңғы табылар ма?
Құләндаш қалың сордан арылар ма?
Әлде ол тұтқын болып қолда кетіп

Бақыттың мәңгі есігі жабылар ма?
Секілді аш арыстан, менің досым,
Кете алмас дүшпаның алмай өшін,
От жүрек, ер көңілді сабаз еді
Кезенген оқقا қарсы ашар төсін
Мейрімсіз қоюланған қараңғылық
Дүшпанның тілегіне жәрдем қылып,
Таптырмай тұн қойнына сіңген мұндар
Кетпесе Әбікешті адастырып.
Шықпаса шыбын жаны қеудесінен,
Жарадан жатпаса бұл әлі құрып,
Құләнін еш адамға олжа қылмас
Жер басып, адам болып, тірі жүріп.
Жан берер сәулесі үшін, жан да алып
Найза ұстап, аш беліне қылыш тағып,
Тұтқыннан жарын азат ету үшін
Тайсалмай мың сан қолға кірер барып.

* * *

Маңайға айғай шыққан келді жетіп,
Тыңдады жүгірісін бәсендетіп.
«Осы тұс секілді еді қыз айғайы,
Япырым-ау, қалған бұлар қайда кетіп?!
Әлде оны дүшпан иттер кетті ме алып,
Өнгеріп, аузын басып, атқа салып
Жатыр ма, күнім әл үстінде
Қолынаи әлдекімнің жараланып!
Кез келіп қарсы алдынан әлде бөрі,
Бір жерде азық етіп жатыр ма оны?
Дарига, қайдан табам қараңғыда,
Жанымды әлде тірі, әлде өлі...»
Әбікеш тоқсан түрлі ой ойланып,
Тыңдады жан-жағына құлақ салып,
Бір кезде бірер қара бұлдырыланып,
Жүгірді Әбікеш те соған қарап.
(Сәулемді қалайын деп арашалап)
«Бұл қапсың» деді

бұған белгісіз жан,
Алдынан қарсы жүріп, жанамалап
«Сен кімсің» деді бұ да оған қарсы,
«Ә, әлгі құтырған құл, қашқын жалшы,
Айта бер иманыңды жаңың барда,

Қаныңды қалдырмаспын жалғыз тамшы!»
«Айт залым, Күләндашым қайда менін?
Жан аламын деп келем, жан беремін —
Дегем жок, сау тұрғанда еш адамға
Байқаңыз әзірейілің менмін сенің!»
«Күл, сенің қаныңды мен ішсем деп ем
Қанжарды жүргегіне піссем деп ем
Жіберіп жаһаннамға шыбыныңды,
Онаша сүйегіне түссем деп ем!!
Берді гой тілегімді тәнірім менің
Осы жер, құтырған қүл, өлер жерің!
Бауыздап өз қолымнан қаныңды ішіп,
Басыңды тепкілермін допша сенің!»
«Белгісіз кім төгері кімнін қанын!
Кел кәне! Алдына тұр болат қанат,
Аң қоймас ақ иығы сахараңың».
Айқасты осылайша екі арыстаң,
Шыдамай сілкінді жер, бұрқырап шан,
Тоқтамас бір тамаша соғыс болды,
Сорғалап біреуінен төгілмей қан
Қапсырып бір-бірінің қабыргасын,
Ағызды көздерінен қанды жасын,
Бұлтарптай бірін-бірі қысып тұрып
Екеуі ызаменен соқты басын.
Сартылдан соғысқанда бастар мықты
Жарқылдан көздерінен оттар шықты
Шайнасып құлақтарын қынадай ғып,
Жапырып бірін-бірі жерге тықты
Домалап екеуі де кезек түсіп
Жығылып етпетінен жерді құшып,
Бағам деп жармасқаның дәү періше
Қуржиіп түрегелді көтерісіп.
Бір кезде ер Әбікеш ызаланып,
Қайырды дүшпан сүмды іштен шалып,
Лезде шалқасышан жарқ еткізіп,
Ұрып-ақ жіберіп ед тасқа апарып,
Шыңғырып дүшпан залым ойбай салды,
Өкірген даусы кенет көкті жарды,
Быт-шыт боп қабыргасы тасқа ұрғаннан
Серейіп жатты жауыз, тілден қалды.
Әбікеш ақ сапысын қолға алып,
Қан толып екі көзі қатуланып
Өлсем де енді арманым жок дегендей,

Дұшпанның жүргінен салды барып.
Корқырап қызыл қаны аспаңға атты,
Жан шықпай құр денесі тулап жатты
Кәрі аспан бұлтын сырып пеңде қылған,
Алыстан жұлдыздарын сыгалатты.
Әбікеш бетін көріп тани кетті
Баяғы дәуқарарадай пәлекетті.
«Ә, сен бе ең, жесірінді қуа келген»
Деді де қайта оралып бастан тепті.
Бір кезде аспанды ашып жұлдыз құлді,
Ай туып көк жүзінде қалқып жүрді,
Кенеттен Құләндағы көзі түсіп
Әбікеш сәүлешим деп тұра ұмтылды
Құләнда жатыр екен домаланып
Ішінен әрең ғана демін алып,
Босатты қол-аяғын ер Әбікеш,
Жаралы жатты жары ыңыранып
Қөтерді Құләнданы кетейін деп,
Жан жоқта аттарға тез жетейін деп,
Алыспен, майданменен, қан кешумен
Тұрмыстың өткелінен өтейін деп
Сол кезде тұс-тұсынан жау қаптады,
Жайнаңдап астарында сандактары,
Қөтерген Құләндасын ер Әбікеш
Бас қорғап жасырынар жер таппады
Елестеп көз алдына өлім, өмір
Дамылсыз минут санап құбылып тұр,
Қан құшып, қапылыста жаш береді,
Үзіліп сабагынан сөнеді ғұл
Өмірмен арпалыскан асау жүрек
Қайратсыз бір бос қуыс болады тек
Тентек жан дүниемен қоштасқан соң,
Дарифа қайда жүртпен ойнап-кулмек.
Бір тастың тасасына Құләндасын,
Жасырып, көп отырды сүйеп басын,
Қош дейді, сүйген жарым, сениң ушін
Өлейін, жүргегінен қаш сауласын.
«Қош» деді Құләнда да қолын созып,
«Уа, дүние кетті міне өмір озып».
Екі жас көздерінен жас парлатты
Көрген жан тұра алмастай шыдап-төзіп
Тасалап жақпар тасты, әлденені,
Әбікеш жанталасып жүгіреді,

— Атыма қолым жетсе аман-есен
Етер ем астан-кестен дүннені».
Сөйткенше біреу шауып шыға келіп,
Пәрмендеп сойылменен кетті періп,
Бұрқ етті жердің шаңы, сойыл сынды
Сүйеу боп Әбікешке жөнін беріп
Сынығын сойылдың бұл қолына алып,
Жауменен араласты соғыс салып,
Тобықтан бірін ұрып түсірді де,
Майданга кірді тағы қатуланып
Жауса да үсті-үстіне талай сойыл,
Етіне ешқайсысын дарытпай жүр,
Ақырып ашуменен аңды қырган
Тендеңсіз аш арыстан болды бұл бір.
Талайы домаланды аттарынан,
Тұра алмай ыңыранды жатқанынан
Кенеттен біреу мұны салып кетті
Жартастың шыға келіп шатқалынан.
Мен-зен боп басы айналып ұшып түсті,
Есіл ер байқаусызда жерді құшты
Уілдеп есіп сол кез тан салқыны
Аспанда суыл қағып үйрек ұшты.
Тепкілеп Әбікешті байлап жатты,
Кіжініп өлім оған сайлап жатты
Қан аққан маңдайынан шіркін сабаз
«Күләнда, Күләнда!»— деп бір тіл қатты.
Ыңыранған жартас жаны жаралы жан,
Төртеуі-ақ аман қалған тоғызынан.
Дөңбекшіп жазықсыздар жатты жонда
Бейкүнә адам өліп, төгілді қан...
Тентек жел талай сырды алып қашты,
«Көрем» деп өліктердің бетін ашты,
Жан-жаққа шапқындарын аттандырып
Дүннеге жаямын деп жанталасты.

Сегізінші өлең

I

Таң атты алтын арай, қызыл жалқын,
Шығыстан бір қатты жел соқты салқын,
Ызындалап, ішін тартып, өксіл жылап
Оятты үйқысынан ауыл халқын.

Сәріден өрісіне қойлар өрді,
Түндегі майдан болған басып жерді.
Қан аққан қып-қызыл боп жартас маңын
Кой жайып келе жатқан қойшы көрді.
Ойбайлап елге қарап қойшы сорлы
Жұғірді, «сұмдық болды, сұмдық болды!»
Таңырқап түсіне алмай қойшы жайын
Десті жұрт жынданды ма бұл не көрді?
Жығылды қотанға кеп қойшы пақыр,
Сұрады ел де асырыс «айтшы, батыр?»
Не көрдің? Не боп қалды деген сөзге
Айтқаны: «жартас маңы қан боп жатыр...»
Жұғірді аттысы атты, кейі жаяу,
Жартасқа бір шақырым тұрған таяу.
Шапанын иყқа іліп, кебіс сұғып
Ұмтылды жатқандар да ұйқылы-ояу.
Коркулы үрейленіп жұрттың бәрі,
Амандық болса-дағы мал-бастары,
Әркім-ақ білгенше асық сұық сөзді
Жартаста болған түнде оқиғаны
Сасулы Құләнданың жан анасы
Қөзінен тамшылайды ыстық жасы
Бір сұық бұған хабар естірткендей
Ел көрді қан боялған жартас жанып
Ат ізің, сынған қайың құрықтарын,
«Төбелес кісі өлімі болған десті...»
Өзінше әркім айтып болжауларын...
«Бір жаяу, қалғандары тегіс атты...»
Ерлікпен ұзакты түп согыс сапты...»
Із кескен осылайша жігіт-желең
Өзінің шешулерін айтып жатты...
Бірі айтты: «мына жерге қан көп акқан,
Менінше секілденді өлік жатқан,
Он екі ат осы арадан шығып тұра
Батысқа көрінеді бір-ақ тартқан.
Осындаи болжауларын айтып бәрі
Бұл иендей керемет деп таңданады
Тұн-тұйық қан да жұмбак, жан да жұмбак,
Іс екен естімеген ел болғалы.
Елдерге жіберейік деді шапқын,
Біреуі көрген болар осы жақтың
Екі адам кусын десті, қайда барад?
Жосылып мына жатқан ізі аттың!..

Шеше алмай қаңтарылып ел тұрғанда,
Іс болды тағы ерекше батып жанға,
Боздаған шыкты кенет ана даусы.
Үңіліп қолында бір орамалға
Ойбайлап екі бетін қолмен алып,
Қемірдей қара шашын жайып салып,
«Құләндам, қарашығым, сәулешім» деп
Жығылды ана сорлы тасқа барып.
Теп-тегіс басқан кенет жүртты қайғы,
Шым-шымдап денесіне уын жайды,
Құңіреніп кетті халық мұңға батып
Көздерден парлаған жас бір тынбайды.
Жатты ана қара тасты құшаққа алып,
Дүниеге зар еніреп мұнын шағып,
Қолында Құләнданың орамалы,
Қан болған... түнгі ұрыстан қойған қалып.
Тербетті дүниені мұнды ана,
Жылатты жоқтауымен күнді ана,
Батырды қайғысына, қара тастай —
Орнатып ел үстіне түнді ана.
Тасытты көл-дариядай көзден жасты,
Ызалы кейде аузынан жалын шашты,
Жұрт көрді қорғасындаи балқытқанын
Зарменен құшағында жаткан тасты
Шешуі түнде болған оқиғаның
Зарынан айқындалды сорлы аナンың.
Кім женген! Жау ма, дос па? Ол белгісіз
Басы аман құтылды ма Құләнданың?
Сүйеді мұнды аナンың халық басын,
Құрғатып көздерінен аққан жасын
Білейік не болды деп атқа мінді
Ел ізделеп өзі сүйген Құләндасын...

II

Іздеген ұзамай-ақ жоқ табылды,
Шешілді барлық жұмбак өткен түнгі,
Жұғіртіп неше саққа құбылдырған
Өсектер ел ішінде қаптап жүрді.
Сылтаурап ел қыдырған әлденені —
Сылп етіп кей қатынның еріндері,
Анығы оқиғаның былай екен...
«Әлгіден кеше сұрап білдім» деді.

Талайдан жаңа өсектер қаптап жатты,
Кейбіреу сақсынам деп аузын бақты...
Мадақтап Құләнданы жастар жагы
Ерліктің оған талай атын тақты...

III

Қүн бата Фазез-дағы атқа мініп,
Сейтенге жолықпаққа кетті жүріп
Тағдырын екі жастың жеткізбекке
Бұлармен кеше жүрген ойнап-құліп
Ойласа оқтын-оқтын осы жайды,
Жүрегін әлденелер мазалайды,
Балалық бір түйікқа әкеп қамап
Малтығып содан әрі бара алмайды.
Ойлады: «қөп жігіт бол біз жиналсақ
Қарулы Есметтерге жетіп барсак,
Жаудырып үстерінен мылтықтан оқ
Әбіш пен Құләнданы тартып алсақ.
Өртесек одан кейін ауылдарын,
Жылатып олардың да бауырларын.
Көрер ек содан кейін біз де мұнда
Есметкес кімнің іші ауырғанын...»
Түрлі ойлар қабаттасып мұнан басқа,
Бермейді тіпті маза шіркін жасқа,
Әйтеуір Құләнда үшін күйік тартып,
Болмайтын қайғырмасқа, жыламасқа...

IV

Сейтенге осылайша бала келіп,
Мұнданып, амандасты сәлем беріп:
Жүрегі оның-дағы туласап кетті
Фазездің жабырқаңы түрін көріп.
Баланы шықты Сейтен онаша алып,
«Сусындал шығайық» деп қосқа барып,
Шерттіріп шерлілердің әңгімесін
Үндемei отырды өзі құлақ салып.
Оқушым біледі ғой болған тұнгі
Қанды күй бәрімізге ортақ сырды
Фазез де бастан-аяқ қалдырмaston
Сейтенге осы жайды баян қылды
Ұрысып қолдарына түскен тунде

Әбікеш, Құләндамен әл үстінде
Жатыр деп... басқа жағын айта алмастан
Кемсендеп бала қойды сөзді мүлде
Сейтеннің жүргегінде кернеп қайғы
Ызалы денесіне уын жайды
Шерлі күй қөкірегін қарс айрып
Шіркін дос екі көзін жаспен шайды
Бір тұнді қостарынан өтіл қылып,
Ғазезді қасына алып кетті жүріп...
Жөндерін айтпаса да бір-біріне
Келеді түсінісіп, іштен біліп...
Сар желіс жүрістері кейде жортак,
Тұн де емес, күндіз де емес бір бейуақ
Үндеспей ойға батып келе жатыр,
Қайғымен екеуіне болған ортақ
Беттері Есенгелді қартқа бару,
Жайды айтып, істер іске ақыл алу
Қөл деген көп түкірсе дегендейін
Қөп болып құтқаруға айла табу...
Бұлар кеп ақ боз үйге түсе қалды,
Кідірмей сәлем беріп кіріп барды.
«Саумысын, балаларым?» деп қария
Ықласпен екеуінің қолын алды.
Сонан соң қысқа гана жөн сұрады,
«Барасың, жұмысың...» деп көп қазбады.
Бұлар да шұбалдырмай, кезсімен,
Аттарын, аталарын баяндады.
Қап-қара екі көзі тостағандай
Қыр мұрын, кере қарыс біткен маңдай,
Қабакты, қалың кірпік көзін жапқан
Келбетті көрген адам сұқтанғандай
Нып-нығыз жауырыны біткен жалпақ,
Қайқып омырауы тұрар шалқақ,
Мінгендей екі иығыша екі кісі!
Жуап кол, күдір желкес, ұзын саусақ
Төгілген жібектейіп ақ сақалы,
Отырды ойға батып, Найман шалы,
Таңданып Сейтен осы тұлғасына
Қадалып, екі көзін айырмады.
Бір кезде Сейтен тұрып «ата» деді,
— Иә, балам, маған айттар нең бар еді?
«Ызамен ішімізге қайғы толып
От болып жаңған жаңбыз қөкірегі

Келіп ек ауыр хабар сізге алыш,
(Әрине отырыс гой қайран қалып)
Әбікес Есметтерге колга түсті
Жарты түн он жігітисен соғыс салып»
Тәлтештеп бастаң-аяқ айтты бәрін,
Қалдырмаң оқиғасын Құләндапың.
Аққан қаш, болған соғыс, өлгөн адам,
Ақырда аяғының не болғанын...
«Өлген кім?» деп сұрады бұлардан шал
— Есметтің інісі дейд деген Әкпар
Жарқ етіп екі көзі отша жайшап
Адамша дірілдейді «аруағы» бар
Сонан соң көп отырды тәмен қарап,
Сақалын саусагымен қойды тарап
Жайымен өкшесіне тықылдатты
Қалтадан қошқар мүйіз шақшасын ап.
Ырғалды насыбайын мұрнына атып,
Қабағын қарс жауып, ойға батып.
Толғанып өз-өзінен көп отырды
Сейтімен сөйлеспеді еш тіл қатып.
— Жарайды келгендерің, балаларым,
Жолында екі жастың мал мен жашым,
Ажалдан құтқаруға тырысармын,
Бұл жолдан аяибаспын келгенше әлім —
Ойлы шал осылайша бір серпілді,
Сығалап шаңырактаң жүлдyz құллі
Тағы бір ұлы жорық басталарын
Шал, Сейтін айтыспай-ақ іштеп білді...

Тогызының өлең

I

Тұнерген түндей қапас тас қараңғы,
Әуре сткен көрдей болып талай жаңды
Ер туған Әбікесші жіберместей
Өзінің құшағына қысып алды.
Қорқыныш қапас деген өте ауыр,
Тірі азап ойлап тапқан адамға бір,
Ақса да екі көзден қанды жасың
Аяусыз мейірімі жоқ, ол тас бауыр.
Шынжырмен қол-аяғын тас қып таңған,

Сыртынан ашылмайтын құлып салған.
Әбікеш жатты осылай жапа-жалғыз,
Ашулы жолбарыстай ызалаңған.
Сап-сасық қой қора ма, әлдеқалай!
«Құрметтеп» тұтқынына «сыйлаған» бай
Таң атса, күн сәулесі бір түспейді
Түп болса, жұлдыз жайшап, тумайды ай.
Күн көрмей, дала көрмей, адам көрмей,
Жаралы біздің герой жатты өлмсей.
Күн сайын қамшы согып арқасына
Корлады Есмет залым тамақ бермей
Көгерген үсті-басы толған жара,
Арқасы қамшы тілген пара-пара
Жоқтаған адамдығын қайран жаска
Кездескен мекнапта бар ма шара!
Ойында жатса-тұрса Құләндасы,
Опың да қор болды деп fazes basy,
Ah үрып көкірегі жарылғандай,
Ағады екі көзден парлап жасы.
Елестеп сол минутта сүйген жары,
Зар еңіреп мұны өзіне шақырады,
Айғайлап «Құләндаши, Құләнда!» деп
Есікке оқ жыландаі атылады.
Қапастан бірақ сыртқа шыға алмайды,
Қүзетші айтқан сөзің құп алмайды
Өлгенін, я тірісін Құләнданың
Анықтап ер Әбікеш біле алмайды
Зарлайды дүниені тербелдіріп,
Сүйгенің, жас өмірін арман қылыш,
Бір жақтан мазақ еткен секілденед,
Сұм ажал құшақ жайып сақ-сақ құліп...

II

Ыскырып аждаһадай Есмет тажал,
Тұксингең кірпіктері секілді ажал.
Отырды төр алдында тас түйін бол
Жүзінде улы ашудың ызғары бар
Қасында қалт-құлт етіп, қожа, молда,
Тілімен су шайқалмас болып жорға,
«Жолымен шарифттың» соғып жатыр
Тысталған ақ киізбен құран қолда
Өлімі дәуқараның жаман батып,

Ашумен қайғы аралас жабырқатып,
 Қабағын ашпай Есмет отырады
 Жанменен сөйлеспейді көп тіл қатып
 Болыс, би, елдің басқа құзғындары,
 Жиналған осы ауылға түгел бәрі,
 Жеген май, ішкен қымыз кешке дейін
 Аппақ үй, мамық төсек жатқандары
 Бәрінің аузындағы бір-ак адам,
 Өлген жан, екі дайда төгілген қан
 Эртүрлі әрқайсысы жаза айтып,
 Қірісер батқанша күн, атқанша таң,
 Бәрі де екі жастың қанын ішпек,
 Шыжылдан Есмет үшін отқа түспек.
 Жақсы атты болам деулі әрқайсысы
 Байына ықласпен қызмет істеп
 Бірі айтад: «қырық пышақпен кескіленсін!
 Жанына батсын қатты, азап көрсін»
 «Байлайық құйрығына қырық қысырақ
 Быт-шыт боп асаулардың сонында өлсін!»
 «Шыққандар бұл екеуі жаннан азып,
 Солайша құранда да қойған жазып,
 Болғандай мұнан арман елге тыю
 Өлтірген дұрыс болар тірі қазып».
 Осылай Әбікеш пен Құләндаға,
 Құзғындар ұсынысты түрлі жаза
 Біле алмай қайсысына ұмтыларын
 Дөңбекшіп Есметтен де кетті маза.

III

Қалышылдан ашумен Есмет тағы —
 Борандай қантардағы бүркүлдады,
 Май басқан екі көзі қып-қызыл боп
 Қасында кім барын да байқамады.
 — Ай, деді «мұндамысың, Қаратышқан!
 (Ол-дағы азғын еді бір зымыстан)
 «Ләббайлап» сурша жігіт жетіп келді
 Сынар мұрт, қисық қабақ,
көзін қысқан.
 — Кідірмей осы бетпен қазір барып,
 Құтырған маған әкел құлды алып,
 Қөзіне шыбын жанын көрсетейін
 Тағы да жонын тіліп, шыбық салып.

IV

Тез басып Қаратышқан шығып кетті,
Әкімсіп Әбікешке келіп жетті,
Шыңжырлы қол-аяғы жатқан жанды
Тепкілеп ол өзінше мазақ етті.
Үзіліс жас жолбарыс тісін қайрап,
Долданды еркін жүрген күнін ойлап,
Болмайды жұлқынса да әлденеше
Шыңжырын үземін деп қойған байлап.
Есметке біздің досты келді алып,
Мұқатып қорламаққа шыбық салып
Айбатпен ер Әбікеш қарсы тұрды
Қайратты екі көзі отша жанып.
Зор майданда айқасып,
Кан жауса да барамыз.
Қақыратып қаруды
Дүшпеннан кек алармыз
Арқыратып аттарды
Әрлі-берлі шабармыз.
«Дұрыс» деп барлығы да шуылдасты,
Майданға көзін жұмып, тікті басты
«Жан беріп, жан алсақ та құр қайтпаймыз
Күткармай ажалынан екі жасты»
Серт берді бәрі-дағы қайтпасына,
Бұл сырды еш адамға айтпасына
Ажалдың тырнағында еніреген
Еріді екі жастың көз жасына.

V

Тағы да жұрт отырды шалға қарап
Тықыршып не айтар деп минут санап
Ертеңгі болар іске болжай айтқан
Тарамак қарияның ақылын ап
— Жарайды!
Отыз жігіт атқа қонсын!
Сақ тұрсын
өзгелері үйде болсын
Баратын жігіттерді бес адамнан
Әр топқа одагайлаپ Сейтен бөлсін!
Жиналар топ-тобымен ертең халық!
Белгісіз қосылындар соған барып

Кезеңі келген кездे тұс-тұс жақтан
Жігіттер шапқыласып атой салып
Сендермен бірге шабар аттан салып,
Тұрған ел іштен тынып, ызалаңып,
Сол кезде Құләнда мен Әбікешті
Қырғидай жөнеліңдер қағып алыш!

VI

Есметтің ел шұбырды ауылына,
Көруге екі жасты тартқан күнә
Каптаған қара құрттай атты, жаяу,
Жазының жұрт сыймады бауырына
Бейнебір су тасқыны ел қаптаған,
Ағылып үсті-үстіңе жан-жақта адам.
Тұнжырап жауар бұлттай түнереді,
Секілді іште терең сыр сактаған
Анасы Құләнданың келген мұнда,
Бұлаудай екі көзі отыр қырда
Таянып екі бүйірін еңгірейді
Батырып қайғысымен елді мұнға.
Кемпір-шал ақыл айтып, сүйеп басын,
Аяды сорлы ананы сүртіп жасын
Кейбіреу үхлейді көкірек жара
Кейлері таң қалады шайқап басын.

VII

Сұстанып қабак түйіп Есмет сүм да,
«Лай,— деді,— жігіттерді шақыр мұнда.
— Колдағы күң мен құлды
арқан байлап
Тездетіп мен барғаша жеткіз қырға!
Бетіне күйе жағып,
құрым іліп,
Камшымен сокқыланцдар жонын тіліп!
Екеуін екі жақпен апарыңдар,
Жүрмәндер бір-біріне жолықтырып!»

VIII

Касында болыс пен би, қожа, молда,
Ишаны тағы да жүр күран қолда,

Жазыға Есметтер де келіп түсті,
Май басқан денелерін сүйреп зорға.
Оларға тұрған халық көзін тікті,
Тым-тырыс не айтар деп сөзін құтті,
Маңқып тұра берді дөң үстінде
Өзара дабырласып өңкей «мықты».

IX

Бір кезде алып келді екі жасты,
Ел толқып көреміз деп жанталасты
Топырлап ентелеген ұлы топты
Есметтің жігіттері әрең басты.
«Япырм-ай, Құләндашым, сәулем менің!
Сен-дағы осы азапта тірі ме едін?
Бір көрсем жаң шығарда ак жүзінді,
Арманым болмас еді сірә менің!»
Осылай ер Эбікеш айғай салды,
Қөргенде Құләндашай ғашық жарды
Сырқырап сай-сүйегі естігеннің
Еріксіз көздеріне жасын алды.

X

Бір молда ак сөйледі, қалың қасты,
Бірдене айтпак болып аузын ашты
Халыққа қарап тұрып, даусын созып,
Өзінше әлдекандай әнге басты
— Құранда бұл туралы сүре бар
Біреудің «халаліне» берілген мал.
Кол сұққан адамдықтан айырылып —
Шайтандар, бұл екеуі шын азғындар!
Жер бетін тірі жүрсе бұлар былғап,
Талайды шайтан етпек азғырып ап
Сондықтан ексуін де өлтіріндер,
Тірідей көрге салып, беріп азап!»

XI

Зарлады екі тұтқын екі жакта
Молда оқып өз үкімін болған шақта
Әбікеш өтініш қып сұрады онан
Өлерде Құләндамен жолықпакка

«Сәулеммен қоштастырып актық рет
Сонан соң өлтір, менің түбіме жет!
Қалайық тым болмаса бақулдасып
Ей, Есмет! екеумізге рұқсат ет!»

Ақырды «тартындар!» деп Есмет залым.

Шөлдеген ішейін деп жастық қанын

«Екеуін қоштастыру керек» деген

Ішінен айғай шықты бұқараның.

Қосылып бұл айғайға елдің бәрі,

Жан-жақтан шу көтеріп жамырады

«Өлерде қоштастырмау екі жасты

Не сүмдыш

Қайдан шыққан, кімнің заны?»

Осындай ел аузынан сөздер шықты,

(Халықтан Есмет болсын қайдан мықты)

«Қоштас» деп тұтқындарға рұқсат етті,

Дариядай тасқындаған көптен ықты.

Екі жас екі жакта зарлап тұрған,

Бірбіріш көріспекке жүрді жылдам

Жайысып құшақтарын ұмтылғанда

Құрсінді аспанда күн, жердегі жан...

Екеуі құшақтасып тұрды біраз,

(Минуттік өтер бастан ғұмыры аз).

Бір тұрар аспандағы қос шолпанды

Айырган залым Есмет... тағдыр араз...

Қоштасты, айырылатын уақыт жетті,

«Қысқарт!» деп жендертер де бүйрый етті

Екеуі не десер деп құлақ тұрді

Інтығып қаптаған жұрт төніректі.

Айырылды... екеуі де, бірақ қимай

Қадалып бір-біріне тұрысты жай,

Аздан соң ер Әбікеш қолын созды:

«Қош, жаным, қош, Құләнда! Қош, сәулетай!»

«Қош!— деді Құләнда да жасын төгіп,—

Жандармыз бір арманда кеткен өліп,

Жолында адамдықтың, махаббаттың,

Баралыз жау қолынан қаза болып

Сорлы ашам, қайран елім, қош бол бәрін!

Енді жоқ шығар күн мен атар таңым

Арманда ол дүниеге кеткен жан деп

Келіңдер қабырына Құләнданың!

Ай, күнім, аспандағы, ана жаным!

Жадырап ашылмады менің бағым!

Құлдыраш ғауырында ойшап-құлғен
Сағымдай өте шықты бала шағым.
Қылт етіп қызғалдақтай жайнағанда,
Солды гүл, қара түндей батты таңым...
Сайраған бүлбүлдайын тіл күрмеліп,
Сөнетін уақыт таяу жанған жалын
Арманым көз жұмарда құшағында
Тұрмадым, не кешірім ала алмадым,
Аймалап жаста емген ақ мамаңды
Сүтімен ақырғы рет қана алмадым!»
Боздады естіген ел тұтқын зарын
Жаңғыртып кен даланың тау, құздарын,
Қамығып қайғырғандай болды бірге
Жас төгіп табиғаты сахаранын...

XII

Сонан соң жайнап тұрған екі гүлді,
Қазылған көрге қарай алып жүрді.
Көмерде көр ішіне екеуіне —
Дүре сок, деп Есметтер бүйрық қылды.
Есметтің бес жігіті қаруланып,
Екеуін көрге қарай жүрді алыш.
Сол кезде тұс-тұс жақтан атты адамдар
Лап қойды тұтқындарға атой салып
Дүрмекпен оларға еріп шапты халық,
Есмет те айғайлады аттан салып,
Соққылап бес жігітті «ә» дегенше
Тұтқынды әлдекімдер әкетті алыш
Шаң шықты, аттарына қамшы басты,
Тұтқынды екі жігіт алыш кашты,
Тұрысып қалғандары тосқауылда
Соғыс сап құғыншымен араласты...
Қуғандар Есмет жақтан памыстынып,
Айқасса «қашқын» деген топқа барып,
Кіңі жок үстерінде талай аттар
Лезде шыға келер ойнақ салып...

XIII

Тықыршып дөң басында Есенгелді
Жаң-жаққа жалтак қағып қарай берді.
Отыр ед тілек тілеп, күтіп жалғыз

Аттапши кеткен тацпан жігіттерді.
Келетін өтіп кетті уақыттары,
Шыдамай Есекенің соған жаны,
Тұрғанда дөң басынан қарауылдал
Алыстан аттылардың шықты шаңы.
Біртіндеп жақындасты шаңың алды,
Бір төртеу қас қаққанша келіп қалды,
Манына аксақалдың келген кезде,
«Сүйінші, сүйінші!» деп айғай салды,
Құләнда, Әбікеш пен Сейтен, Фазез
Секіріп аттарынан түсісті тез,
Құшақтап Есекеңді жылай берді
Тығылып қуаныштан айта алмай сөз.
Кария екеуін де сүйіп беттең,
Балам деп құшақтады ақ ниетпен,
Алдынан үшеуінің өтіп жатты
Тізбекті оқигалар бастаң өткес...

1940

МАЗМУНЫ

ӨЛЕНДЕР

«Колхоз жолыша»	11
Бір сұлуға	11
Мәз емес	12
Тазаланған төре	13
Дала	13
Дауыс	14
Ақ алмастай жарқылда	15
Толқын	16
Біздің майдан	18
Жаңа жыр	23
Дария	24
Толғай	24
Киров	27
Бақыт	28
Самолет	31
Айбала	31
Кесте	34
Саған, аша!	36
Түндегі	36
Май сипаттары	37
Жаэғы сурет	38
Сыншыларға	39
Қалмақан	40
Інілерім	41
Метро	42
Бір ақынға	43
Кара теңізде	44
Жетім серті	45
Қазақ қызы	46
Лагерь жыры	47
Мавзолейде	47
Бұлбұл	48
Кім болам	49
Ант	50

Түп мен күп	52
Ей, кешегі жетім бала	54
Ақын досыма	55
Алло-алло	56
Өлім жоқ	58
Бұтақтардан алма қақтым	59
Мөлдір бұлак	60
Мінне ауыл	61
«Өткінші біреу, ой тоқсан»	61
«Ер жүрек бар, ессер бар, елде де сез бар»	62
«Деуші ем сені саналы жаң»	62
Өмір қызық, түрмис шат	62
Ұмытпаймын	63
Аринау	64
Пилот қызға	64
Туғанмын бақыт нұрыпда	65
Жаз еді	66
Көкшетау	67
Бала	68
Балалық	68
Айқас	69
Біз еркесі өмірдің	75
Лепин дана	76
Серго	77
Горький	78
Хош келдің	80
«Жанаса кеткен ат озар»	80
«Шіркін, қымбат жар құшагы — жаңға жәй»	81
Есіл	81
«Тілсіз гана сезім билер тар бір шак»	82
Сүйемін қызыл ғұлді	82
Екі жігіт	83
Тіршілік, сені сүйемін	88
Комсомол сөзі	89
Құлыппашақ	90
Құлпыра берші, кең дала	91
«Құй қозғап өткен өмір бала шакты»	91
«Арманы көп»	92
Қош, бауырым	92
«Жауыз ойлап, жалған құлме»	93
«Габиден сұрап едім насыбайды»	93
Қарышадас	93
Екі өзен	95

Айрылышкан доска	95
Біреуге	95
«О Мұсекесің, Мұсекең»	96
Менменге	96
«Жабықсан жамап қасында»	97
Сап, sap!	97
«Күрес, тартыс алғып күштеп қыздады»	97
«Шалқар, шалқар!»	98
Доспен сырласу	98
«Жур менімен енді ілгері сен бірге»	98
«Одан да биік аспандап»	99
«Жел болсам тегіс құшып өбер едім»	99
«Көзіме не елестейді алыста»	100
«Лапылдаған жалыны бар қеудемің»	101
«Тітірейді, қалышлдайды жер мен көк»	101

ПОЭМАЛАР

Пилот сырьы	103
Балықшы	110
Бақыт құшағында	114
Ырысбайдың әңгімесі	121
Досыма хат	133
Күләнда	147

Жумагали Саин

СОЧИНЕНИЯ

(в трех томах)

ТОМ I

(на казахском языке)

Редактор Д. Канатбаев

Художник А. Смагулов

Худ. редактор Т. Муахтов

Тех. редактор С. Лепесова

Корректор О. Танкышева

Сдано в набор 7/XII-76 г. Подписано к
печати 24/I-77 г. Бумага тип. № 1.
 $84 \times 108\frac{1}{3} = 6,75$ п. л.—11,34 уч.-изд. л.
11,06 усл. п. л. Тираж 10 000 экз.

Цена 1 р. 48 к.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата,
480091, пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 1964. Фабрика книги производ-
ственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного ко-
митета Совета Министров Казахской ССР
по делам издательств, полиграфии и
книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата,
пр. Гагарина, 93.